

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

---

---

БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

**Е. Т.ӘБЕУОВ**  
**Е. Т. ҚАЛЫҚОВ**

**ПОЛИЦИЯНЫҢ  
ПАТРУЛЬДІК-БЕКЕТТІК  
ҚЫЗМЕТІ**

ҚАРАҒАНДЫ 2012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

---

БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

**Е. Т.ӘБЕУОВ**  
**Е. Т. ҚАЛЫҚОВ**

# **ПОЛИЦИЯНЫҢ ПАТРУЛЬДІК-БЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ**

Оқу құралы

ҚАРАҒАНДЫ 2012

**УДК 342(075.8)**  
**ББК 67.401я73**  
**Ә 15**

Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша басылымға шығарылады.

**Пікір берушілер:**

ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының сырттай оқыту факультетінің бастығы з. ғ. к., полиция подполковнигі ***М. Ә. Исмагамбетов;***

Қарағанды қаласы ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі ***А. Қ. Мергенбаев.***

***Е. Т. Әбеуов Е.Т.Қалықов***

Ә 15 Полицияның патрульдік-бекеттік қызметі. Оқу құралы — Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2012. — 97 б.

**ISBN 978-601-7231-59-0**

Оқу құралында ПО тәжірибесінің, заң әдебиеттерінің және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының негізінде полицияның патрульдік-бекеттік қызмет қызметінің мәселері түсіндірілген.

Аталған еңбек Қазақстан Республикасының ПМ оқу орындарының тыңдаушылары, ҚР ПО тәжірибелік қызметкерлері үшін арналған.

**УДК 342(075.8)**  
**ББК 67.401я73**

**ISBN 9965-836-61-2**

© ***ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясы, 2012***

© ***Е. Т. Әбеуов, Е. Т. Қалықов, 2012***

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының құрылымында өз қызметтерін халықтың алдында жүзеге асыратын бірқатар бөліністер мен қызметтер бар, олар тек Ішкі істер министрлігі тарапынан ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік билік органдары тарапынан да аса жоғары қызметті талап етеді. Біз құрамына патрульдік-бекеттік қызметтің, табиғатты қорғау, ветеринарлық полицияның, учаскелік полиция инспекторлары қызметінің, көші-қон және жол полициясының және тағы басқалардың бөлімшелері енгізілген әкімшілік полицияны зерделейміз<sup>1</sup>.

Патрульдік-бекеттік қызмет кеңес үкіметінің алғашқы күнінен бастап патрульді милиционерлер тәртіпті күзеткен кезден қызмет етіп келеді. Аталған қызмет милицияның басқа да қызметтері мен бөлімшелерінің пайда болуына ықпалын тигізді. Айтар болсақ, 1918 жылы қылмыстық іздестіру құрылды, ал әлеуметтік меншікті ұрлаумен күрес бойынша аппараттар — тек 1937 жылдан бері қызмет атқарып келеді<sup>2</sup>.

Бүгінде патрульдік-бекеттік қызметтің бөлімшелері көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін маңызды және шынайы күш болып табылады. Патрульдік-бекеттік қызметтің қызметкерлері Қазақстан Республикасындағы полицияның жалпы санының 30 % құрайды. Полицияның патрульдік-бекеттік қызметі қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ең ауқымды жұмыс көлемін атқарады, оның бөлімшелері мен қызметтері көп жоспарлық функцияларға ие.

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы «Ішкі істер органдары туралы» Заңы. // Егемен Қазақстан 1995 жыл 27 желтоқсан.

<sup>2</sup> Мулукаев Р. С., Скилягин А. Т. История советской милиции (хронологический справочник). — Л., 1976.

Өзінің масштабы жағынан біздің қоғамымызға шынайы қауіп төндіретін көше қылмысының өсуіне қарсы әрекет етудің тиімділігі полицияның патрульдік--бекеттік қызметі жұмысының ұйымдастырылуына және нәтижесіне тікелей байланысты.

Соңғы жылдары полицияның патрульдік-бекеттік қызметінде, жалпы ішкі істер органдарының жұмысында позитивті өзгерістер болды. Оны ұйымдастырудың көбірек жетілген нысандары және әдістері енгізілді, жедел басқару орталықтары ұйымдастырылды, техникалық жабдықталуы жақсартылды, басқа да қызметтермен және бөлімшелермен өзара әрекеттері нығайтылуда.

Қолданып жатқан шаралардың республикада қоғамдық тәртіптің жағдайында тиімді салдары байқалды — соңғы жылдардың ішінде мемлекетіміздің кейбір аймақтарында қоғамдық орындардағы қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтардың саны төмендеді.

Бар кемшіліктер сонымен қатар, ішкі істер органдарының кей бір басшылары озық тәжірибені нашар қолданатынын, олардың бөлімшелерінің алдында тұрған міндеттер аясына баяу кіретіні, өзінің кәсіби шеберлігін көтеруге жеткіліксіз жұмыс істемейтіні түсіндіріледі. Әрине полицияның патрульдік-бекеттік қызметін ұйымдастыру сұрақтары бойынша оқу және әдістемелік материалдардың жеткілікті санының болмағандығы және жағымсыздығы баяндалған.

Мемлекеттік басқарудың көптеген мәселелері қазіргі уақытта жергілікті деңгейде (облыста, ауданда) шешілуде. Осылайша, жергілікті деңгейде облыста құқық тәртібін қамтамасыз ету бойынша ішкі істер органдарының қызметін бақылау жүзеге асырылуда<sup>3</sup>.

Бұл жұмыста, тәжірибенің көзқарасы бойынша, полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің аса маңызды мәселелері қарастырылған. Аталған қызметтің ішкі істер органдарының

---

<sup>3</sup>. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңы // Қазақстан Республикасының Парламентінің Ведомосы. — 2001. — № 3. — 27-бап.

әкімшілік полициясы және жергілікті мемлекеттік басқару органдары жүйесінде алатын орны, құқықтық реттелуі, оның қазіргі кезеңде ұйымдастырылуының негізгі аспектілері қарастырылған.

Ішкі істер органдарының құқық тәртібін қамтамасыз етуінің мәні оның құрылымдық бөліністері мен қызметтерінің міндеттер мен функцияларды тиісті деңгейде жүзеге асыруында, патрульдік-бекеттік қызметті сауатты өткеруінде болып табылады. Бұл үшін полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің жұмысын ұйымдастырудағы барлық мәселелерді жою қажет, бұл патрульдік-бекеттік қызметі жұмысының барлық мәселелерін кешенді түрде зерделеу барысында, оның қызметін құқықтық реттеуді талдау барысында және тағы басқаларда ғана мүмкін. Азаматтардың көшелердегі және қоғамдық орындардағы қауіпсіздігі патрульдік-бекеттік нарядтардың жұмысының қаншалықты сапалы және сауатты ұйымдастырылуына байланысты. Осыған байланысты полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің жұмысын оңтайлы құру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды өңдеу қажеттілігі туындайды, ол заңнамалық реттелуді және ведомстволық реттелуді, даму динамикасын және оның қазіргі заманғы жағдайын жан-жақты талдауға негізделген.

# 1. ПО ПАТРУЛЬДІК-БЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

## *1.1. ПАТРУЛЬДІК-БЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПО ӘКІМШЛІК ПОЛИЦИЯСЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ ЖӘНЕ РӨЛІ*

Мемлекет құқық тәртібін нығайтуға, заңдылықтың сақталуына және сыбайлас жемқорлықпен күресуге үлкен мән береді. Аталған міндеттерді шешу үшін және мемлекеттік қызметтің белгілі бір түрін іске асыруда мемлекет түрлі мемлекеттік органдарды қалыптастырады. Мемлекет олардың құрылу тәртібін анықтайды, олардың қызмет ету тәртібін белгілейді, мемлекет атынан сөйлеуге және мүдделерін білдіруге мүмкіндік беретін белгілі бір өкілеттіктермен бөлейді.

Мемлекет органдары саяси ұйымдар болып табылады, яғни олар мемлекеттік билікке ие. Сондықтан да мемлекеттік органның маңызды белгілерінің бірі оның қарауында мемлекеттік-өкімдік сипаттағы өкілеттіктің болуы.

Осындай өкілеттіктердің тиісті көлеміне құқық қорғау органдары да ие. Өкілеттіктері:

- мемлекет атынан азаматтар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін міндетті заң актілерін басып шығарады;
- мемлекет атынан тәрбиелік сипаттағы шараларды қолдану жолымен олардың іске асырылуын қамтамасыз ету;
- заң актілері талаптарының орындалуын қадағалауды жүзеге асыру;
- қажет болған жағдайларда мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану жолымен осы актілерде көрсетілген қоғамдық қатынастарды бұзушылықтардан қорғау<sup>4</sup>.

---

<sup>4</sup> *Ямпольская Ц. А.* Органы советского государственного управления в современный период. — М.: Акад. наук СССР, 1954.

Құқық қорғау органдары мемлекеттік басқару органдары және мемлекеттік органдардың бір түрі болып табылады. Республикамыздың құқық қорғау органдары атқару және өкімшілік функцияларды орындайды, олардың қызметі, ең алдымен, әкімшілік құқық нормаларымен реттеледі.

Республикамыздың құқық қорғау органдары қызметінің орталық және бірінші кезекті бағыттарының бірі құқық тәртібін қамтамасыз ету және қылмыстылықпен күрес болып табылады. Сондықтан республикамыздың заң шығарушы және атқарушы органдарының нормативтік-құқықтық актілерінің көп бөлігі аталған органдардың қызметін жақсартуға бағытталған.

Еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаев санағандай, құқық қорғау органдары мемлекеттің жазалау саясатының құралы ғана болып қоймай: «Қылмыстық репрессияларды қолдана отырып, формадағы адамдарға бұл әдістердің мақсат емес, азаматтардың құқықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қорғау тәсілі екендігін естен шығармаған жөн»<sup>5</sup>.

Қазақстанның құқық қорғау органдарының жүйесінде ерекше міндеттерге ие ішкі істер органдары ерекше орын алады. ПО негізгі міндеттері:

– қоғамдық тәртіпті күзету және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оның ішінде төтенше және әскери жағдайларда;

– қылмыстардың және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу, сонымен қатар қылмыскерлерді іздестіру<sup>6</sup>.

ПО құқықтық негізін құрайтындар: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» заңы және оның қызметін реттейтін басқа да нормативтік актілер.

---

<sup>5</sup> *Назарбаев Н. Ә.* Заңға бағынушылық және құқықтық тәртіп-біздің тұрақтылығымыздың негізі // Егемен Қазақстан. 2002. 29 наурыз.

<sup>6</sup> Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы «Ішкі істер органдары туралы» Заңы. // Егемен Қазақстан. 1995. 27 желтоқсан.



Осылайша, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңының 1-бабына сәйкес «ПО — бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтауды, алдын ала тергеуді, және жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын арнайы мемлекеттік органдардың жүйесі»<sup>7</sup>.

Ішкі істер органдарының жүйесін Ішкі істер министрлігі, оның құрамына кіретін департаменттер және басқа құрылымдық бөліністер (криминалдық, әскери және әкімшілік полиция), оған бағынышты облыстардың қалалардың ПД, ішкі әскерлер және Қазақстан Республикасының ПМ оқу орындары құрайды. Осылайша, ПО жүйесі көп жоспарлы және құқық қорғау қызметінің түрлі бағыттарына сәйкес келеді.

Мұндай көп түрлілік алдын-ала тергеу, әкімшілік қызмет және жедел-ізвестіру қызметі секілді қызметтер түрін жүзеге асырумен көрінеді. ПО-да шешілетін міндеттердің көлемі және көп түрлілігі жағынан ерекше орынды әкімшілік қызмет алады.

ПО әкімшілік қызметі — бұл мемлекеттің ішкі істер аясында міндеттер мен функцияларды күнделікті, тікелей, практикалық тұрғыда жүзеге асырудан тұратын белгілі бір мақсатқа бағытталған атқарушылық және өкімдік қызмет<sup>8</sup>.

Полицияның көптеген аппараттары мен қызметтерінің қызметі өзінің мәні бойынша әкімшілік болып келеді, әсіресе, қоғамдық тәртіпті қорғау, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, лицензиялық-рұқсат беру жүйесін, әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру және т. б. кіреді.

Полицияның әкімшілік қызметі 5 түрге бөлінеді: қоғамдық тәртіпті қорғау қызметі (бұрын — сыртқы қызмет), паспорттық жүйені қамтамасыз ету, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың елімізде өмір сүру тәртібін қамтамасыз ету, рұқсат беру жүйесін жүзеге асыру, көлікпен және жаяу жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

---

<sup>7</sup> Бұл да сонда.

<sup>8</sup> Административная деятельность ОВД: Учеб. пос. / Под ред. *А. П. Коренева*. — М.: «Щит-М», 1998.

әкімшілік қызметтің барлық осы түрлері әкімшілік полицияның қызметтерімен және бөліністерімен жүзеге асырылады. Өз кезегінде, қоғамдық тәртіпті күзету қызметі (сыртқы қызмет) өз ішінде: полицияның қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша патрульдік қызметі; ұсталған және қамауға алынған адамдарды күзету, ұстау және айдауылдау; ПО арнайы мекемелерінің қызметі: әкімшілік қамауға алынғандар үшін арнайы қабылдау орындары, қабылдау бөлу орындары болып бөлінеді.

Бұған қоса, ПО әкімшілік қызметі қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, азаматтардың заңды құқықтарын қорғауда, бұзушыларға әкімшілік-процессуалдық қамтамасыз ету және әкімшілік өндіріп алу шараларын қолдануда маңызды бағыттарды құрайды. Осыған байланысты мынадай сұрақ туындайды: ПО әкімшілік қызметі ұғымының астарында не жатыр?

ПО әкімшілік қызметі өзінің табиғаты жағынан – тікелей ұйымдастырушылық қызмет. Әкімшілік қызметтің ұйымдастырушылық маңызы осы іске асыру процесінде ішкі істер аясындағы міндеттерді шешу бойынша адамдардың белгілі бір мақсатқа бағытталған бірлескен қызметінің ұйымдастырылатындығымен көрінеді. Осы процесс барысында ішкі істерді басқару жүйесінің қызмет етуімен байланысты мәселелер шешіледі, ішкі істер аясындағы қоғамдық қатынастарға қатысушылардың қызметі үйлестіріледі, бірлескен жұмыс ұйымдастырылады, оны орындау барысын бақылау және қадағалау жүзеге асырылады.

ПО әкімшілік қызметінің құқықтық сипаттамасы ПО-на түсетін (және де оның лауазымды тұлғаларының) азаматтарымен, кәсіпорындарымен және олардың лауазымды тұлғаларымен, әкімшілік-құқықтық реттелуден және әкімшілік құқықтық қатынастан туындайды.

ПО әкімшілік қызметі келесідей нысандарда жүзеге асыралады: құқық шығармашылық, құқық қолданушылық (құқық қорғау және регулятивті); ұйымдастырушылық іс-шараларды жүргізу; материалдық-техникалық әрекеттерді (операцияларды) жасау.

Егер әкімшілік полиция, криминалдық және әскери полиция қызметтерінің түрлерін салыстыратын болсақ, онда әкімшілік полицияның әкімшілік қызметпен айналысатындығы, ал криминалдық және әскери полицияның алдын-ала тергеу және жедел-іздігі қызметін жүзеге асыратындығы көрінеді. Өзінің қызметтерін жүзеге асыру барысында криминалдық және әскери полиция «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңға сәйкес қылмыстарды ашу және тергеу секілді негізгі міндеттерді атқарады.

Ішкі істер органдарының аталған бөлімшелерінің міндеттеріне қарағанда әкімшілік полициясының негізгі міндеттері қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қорғау болып табылады, бұл «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандығы заңда бекітілген. Бұл бөлімшелер мен қызметтердің ішкі істер органдарының құрылымдық бөлімшелері бола тұра, ең алдымен, мемлекет қойған міндеттерді орындау керектігімен байланысты. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары өзінің әрбір құрылымдық бөлінісінің алдына түрлі міндеттерді қояды, алайда олардың барлығы жалпы мақсатқа жетуге бағытталған — еліміздегі құқық тәртібін бір қалыпта ұстау.

Әкімшілік, криминалдық және әскери полицияларының алдына қойылған міндеттерді шешу үшін олардың құрамында түрлі бөлімшелер мен қызметтер құрылады. Криминалдық және әскери полицияның әрбір бөлінісі тікесінен тек тиісті жоғары тұрған органдарға ғана бағынышты, ал әкімшілік полиция көлденеңінен де мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарға бағынады, яғни ол екі жаққа да бағынады.

Қазақстан Республикасы ПО әкімшілік полициясы қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының «ҚР ПО туралы» заңы, «ҚР ПМ ӘПК туралы» ереже және біздің республикамыздың басқа да нормативтік актілері құрайды.

Қазақстан Республикасы ПО әкімшілік полициясының бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасы ПМ ӘПК және өзіне бағынатын әкімшілік полицияның қызметтері (басқармалары): Астана қалалық ПД, Алматы қалалық ПД, облыстардың ПД, КПД, ҚІБ құрайды.

«Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» терминінің өзінде негізгі сөздер «қоғамдық қауіпсіздік болып табылады», атауының өзі функционалдық белгісі бойынша оны ерекшелейді.

Біздің ойымызша, қоғамдық қауіпсіздіктің негізінде, ең алдымен, демократиялық құқықтық мемлекеттің ең басты құндылығы ретіндегі тұлғаның, адамның қауіпсіздігі жатыр. Тұлғаның құқықтары, бостандықтары, заңды мүдделері, қауіпсіздігі — өзара байланысты ұғымдар.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамдық қауіпсіздік — Қазақстан азаматтары өмірінің, денсаулығының және амандығының, сонымен қатар қазақстандық қоғамның құндылықтарының оларға зиян келтіретін қауіп-қатер мен қоқан-лоққылардан саяси-құқықтық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік тұрғыда қорғалғандығы<sup>9</sup>.

Заң әдебиеттерінде қоғамдық қауіпсіздік әртүрлі анықталады. Осы анықтамаларды талдай келе осы терминнің мазмұнын ашатын екі негізгі белгінің бар екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

а) қоғамдық қауіпсіздік — құқық нормаларымен қорғалатын қоғамдық қатынастардың жиынтығы бар;

б) осы қатынастарды жүзеге асыру жоғары қауіптілік көздерімен негізделген.

Қоғамдық қауіпсіздіктің негізгі белгілеріне мыналар жатады:

а) қоғамдық қауіпсіздік қоғамдық қатынастардың жүйесі болып табылады, ондағы міндетті жанама түрдегі звено жоғары қауіптілік көздері болып табылады;

б) жоғары қауіптілік адаммен толықтай бақыланбайтын табиғат күштерімен де (су тасқыны, жер сілкіністері, өрттер және басқалар), сондай-ақ нақты тұлғалардың әрекеттері түрінде де болуы мүмкін. Бұл тұлғалар, тәртіп бойынша, өздерінің әрекеттерімен жасалатын немесе жасалуы мүмкін

---

<sup>9</sup> Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы. // Егемен Қазақстан.1998. 28 маусым.

зардаптардың (көлік апаттары, өндірістегі жазымдар және т.б.) болуын қаламайды;

в) қоғамдық қауіпсіздік құқықтың түрлі салаларының нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастардың белгілі бір жүйесі. Бұл дербес институт құратын құқық санаты.

Осылайша, қоғамдық қауіпсіздік ұғымының астарында адамдардың өмірі мен денсаулығына, олардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, сонымен қатар материалдық құндылықтарына қауіп төндіретін жоғары қауіптілік көздерінің мүмкін болатын негативті қасиеттерін жоюды мақсат ететін құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастардың жүйесі ұғымы жатыр.

Қоғамдық тәртіп және қоғамдық қауіпсіздіктің жалпы белгілері бар:

бұл өзінің түп негізінде мемлекетпен және түрлі әлеуметтік нормалармен қорғалатын қоғамдық қатынастардың белгілі бір жиынтығы бар күрделі әлеуметтік құбылыстар;

күнделікті өмірде жеке «таза түрінде» көрінетін қоғамдық тәртіптің немесе қоғамдық қауіпсіздіктің қатынастарын бөліп-жару қиын.

Қоғамдық қауіпсіздіктің аясы қоғамдық тәртіпке тән байланыстардан да тұруы мүмкін. Алайда соңғылары бұл аяда оның маңызын анықтамайтын болмашы болып табылады. Мұндай жағдайларда қоғамдық қауіпсіздікті бұзу бір уақытта қоғамдық тәртіпке де ықпалын тигізуі мүмкін.

Біз Г. Г. Сиденконың пікірімен келісеміз, ол қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздіктің ерекшеліктерін төмендегідей атап көрсетеді:

а) қоғамдық қатынастардың сипатымен. Егер қоғамдық қауіпсіздіктің негізінде қоғам мүшелерінің жоғары қауіптілік көздерімен өзара әрекеттесуі кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі жатса, онда қоғамдық тәртіптің негізгі әлеуметтік қажеттіліктері ретінде қоғамдық тыныштықты, адамгершілікті, қоғамдық мекемелердің дұрыс әрекет етуін қамтамасыз етудегі қажеттіліктер орын алады. Алайда аталған жағдайларда да бұл қатынастар тығыз байланысқан;

б) реттелу әдістерімен. Егер қоғамдық қауіпсіздікті реттеуде құқықтық нормалармен қатар техникалық-заңдық және техникалық ережелер кеңінен қолданылса, ал қоғамдық тәртіпті реттеуде құқықтық нормалармен қатар адамгершілік нормалар, әдет-ғұрыптар, өнеге, дәстүрлер, этникалық тұрғындар топтарының заңдары қолданылады. Алайда мұндай шектеулер, біздің ойымызша, елеулі емес.

Біз қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті тығыз байланысқан өзара негізделген, бірақ өз кезегінде, дербес әлеуметтік-құқықтық категориялар (мемлекеттік басқару салалары) ретінде қарастыратын ғалымдардың пікірлерімен тілектеспіз<sup>10</sup>.

Тәжірибе көрсеткендей, азаматтардың жекелеген құқықтарын бұзудың жалпы қатарында қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік аясындағы бұзушылықтардың үлес салмағы едәуір маңызды. Олардың салдары тұлға үшін де және жалпы қоғам үшін де өте маңызды. Міне сондықтан қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік аясындағы азаматтардың құқықтарын жүзеге асырудың кепілі болып табылатын ПО қызметін жетілдіру жолдарын анықтау көңіл аударарлық теориялық және практикалық маңызға ие. Соңғы жылдарда қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп аясындағы жеке бостандықтың игіліктерін қанағаттандырумен байланысты қоғамдық қатынастардың аумағы кеңейді, бұл, әрине, ПО азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі рөлі мен жауапкершілігін одан әрі арттыруға әкеп соқтырды.

Бұрынғы кеңестік заңнама ПО әлеуметтік мақсатының пәндік және нақты сипаттамасын мазмұндаған. 1973 жылғы 8

---

<sup>10</sup> Советское административное право. Управление в области административно-политической деятельности. — М.: Юрид. лит., 1979; Административная деятельность ОВД: Альбом схем. — М.: МВШМ МВД СССР, 1979; *Серегин А. В.* Советский общественный порядок и административно-правовые средства его укрепления. — М.: Академия МВД СССР, 1975; *Новоселов В. И.* Правовое положение граждан в отраслях государственного управления. — Саратов: Саратов. ун-т., 1976; *Степанова Т. А.* О соотношении общественной безопасности и общественного порядка // Совершенствование административно-правовой деятельности ОВД. — М., 1984.

маусымдағы КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығына сәйкес кеңес милициясы «еліміздегі қоғамдық тәртіпті, әлеуметтік меншікті, азаматтардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық озбырлықтан және басқа да қоғамға қарсы әрекеттерден күзетуді қамтамасыз етуге міндеттелген». Қазақстан Республикасының заңнамасы құқықтық мемлекеттің адам тұлғасын «жоғары құндылық» ретінде мойындауы және сөзсіз қабылдауы қажеттілігіне негізделе отырып, ПО қызметінің алғышарттары жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізді<sup>11</sup>. Яғни «еліміз конституциялық деңгейде республикамыздағы жоғары құндылықтар адам, оның өмірі, құқытары мен бостандықтары болып табылатындығын жариялады. Сондықтан заңға мойынсұнатын азаматтарды, олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқық қорғау органдарының басым міндеттері болып табылады»<sup>12</sup>. Саяси режимге қызмет көрсетудің орнына полицияның негізгі күшінің маңызы енді адамның конституциялық құқықтарын тиімді қорғау болуы тиіс. Осылайша, «Қазақстан Республикасының ПО туралы» ҚР Заңының 10-б сәйкес ол «адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға» шақырылған.

Әкімшілік полиция ішкі істер органдарының басқа бөлімшелер жүйесінде маңызды орынға ие, себебі оның құрамына учаскелік полиция инспекторларының және кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының, патрульдік қызмет бөлімшелерінің, лицензиялық-рұқсат ету жүйесінің, табиғат қорғау, санитарлық және ветеринарлық полицияның, жол және көші-қон полицияларының және ПО арнайы мекемелерінің қызметтері кіреді. Зерттеу тақырыбына жүгінетін болсақ, осы аталған бөлімшелердің ішінде полицияның патрульдік қызметі біз үшін аса қызығушылық тудырады,

---

<sup>11</sup> Документ Копенгагенского совещания по человеческому измерению ОБСЕ // Советское государство и право. — 1990. — № 11.

<sup>12</sup> *Н. Ә. Назарбаев.* Көрсетілген жұмыс.

себебі оның қызметі халықтың көз алдында өтеді және оған қоғамдық тәртіпті күзету бойынша үлкен жауапкершілік артылған.

Полицияның патрульдік қызметінің бөлімшелерінің жұмысын жетілдіру мәселелерін ғылыми тұрғыда өңдеу қажеттілігі, ең алдымен, республикамыздағы әлеуметтік-саяси және экономикалық процестердің қазіргі тұрақсыздығы жағдайларында азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, қоғамдық тәртіпті қорғау және қылмыстылықпен күресу бойынша қарқынды және тиімді шаралар талап етілетін жағдаймен негізделген. Бұл, ең алдымен, біздің еліміздің нарықтық қатынасқа көшуімен негізделген, онда бастапқы кезеңдерде қырсыздыққа және бақылаусыздыққа әкеліп соқтырады, себебі көбісі демократияны жүгенсіздік, бетімен кетушілік деп қабылдады. Қоғамдық орындарда криминогендік жағдайлар нашарлады. Мамандар жақын жылдарда көшедегі қылмыстардың және құқық бұзушылықтардың деңгейінің өсуін болжайды.

Құқық бұзушылықтармен күрес жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ету үшін, біздің көзқарасымыз бойынша, мемлекеттік органдардың қызметін оңтайландыру қажет, сондықтан ең алдымен, олардың құқықтық мәртебесін анықтау қажет. кезкелген мемлекеттік органның құқықтық мәртебесі оның мемлекеттік механизм жүйесіндегі орнын, осы механизмнің басқа да құрылымдарымен өзара байланысын анықтайды. Осыдан келе, өзінің қызметінде патрульдік қызметтің бөлімшелері байланыстың екі тобымен әрекеттеседі. Бір жағынан, патрульдік қызмет жергілікті билік жүйесімен тығыз байланысты, екінші жағынан, ол Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әкімшілік полициясының құрылымдық бөлінісі болып табылады. Байланыстың аталған топтары полицияның патрульдік қызметінің мақсатын анықтау үшін, оның мемлекеттік органдар жүйесіндегі орнын анықтау үшін, аталған қызметтің құқықтық мәртебесін зерттеу үшін үлкен маңызға ие.

Ғалым-заңгерлер арасында бір қарағанда синоним болып көрінетін сөздер мен сөз тіркестеріне, мысалға, құқықтық реттеу, құқықтық мәртебе, құқықтық реттелу және құқықтық жағдай секілді сөздерге қатысты пікір-таластар жиі туындап



отырады. Заң энциклопедиясы аталған терминдерді өз бетінше түсіндіреді<sup>13</sup>.

Органның құқықтық жағдайы ұғымының астарында оның кеңістіктегі орны, сонымен қатар біреудің қоғамдық өмірдегі, ұжымдағы орны мен рөлі немесе үкіметпен белгіленген мемлекеттік, қоғамдық өмірдің күн тәртібі ұғымы түсініледі<sup>14</sup>. Құқықтық жағдай мен органның құқықтық мәртебесі ұғымы тығыз байланысты. Құқықтық мәртебе — мемлекет ішіндегі және халықаралық жекелеген ұйымдардың тәртібі мен қызметін анықтайтын ереже, жарғы.

А. Ю. Якимов осы анықтамаларға қатысты басқа пікірде<sup>15</sup>. Мысалға, ол субъектінің құқықтық мәртебесін тиісті құқықтар мен міндеттердің болуымен сипаттайды, жеке тұлғаның құқықтық жағдайы потенциалды құқықтар мен міндеттермен, сондай-ақ іске асырылатын құқықтар және міндеттермен анықталады.

Құқықтың жалпы теориясы аясындағы мамандар тұлғаға қатысты құқықтық мәртебенің негізгі жалпы (конституциялық) құқықтар мен міндеттер болып табылатындығын атап өтеді<sup>16</sup>. Бұл мәселені сондай-ақ, Н. В. Витрук, В. И. Новоселов, В. А. Патюлин секілді ғалымдар да көңіл аударды. Ол құқықтық мәртебе ұғымын кеңейтіп, оның түрлі түрлерін бөліп көрсетеді<sup>17</sup>.

---

<sup>13</sup> Юридическая энциклопедия / Под ред. М. Ю. Тихомирова. — М.: Юринформцентр, 1995.

<sup>14</sup> **Ожегов С. И.** Толковый словарь русского языка. — М.: АЗЪ, 1993.

<sup>15</sup> Якимов А. Ю. Субъекты административной юрисдикции (правовой статус и его реализация). — М.: ВНИИ МВД РФ, 1996. Т. 1.

<sup>16</sup> **Халфина Р. О.** Общее учение о правоотношении. — М.: Юрид. лит., 1974; **Алексеев С. С.** Общая теория права. — М.: Юрид. лит., 1982. Т. 2.

<sup>17</sup> **Новоселов В. И.** Правовое положение граждан в советском государственном управлении. — Саратов, 1977; **Витрук Н. В.** Основы теории правового положения личности в социалистическом обществе. — М.: Наука, 1979; **Патюлин В. А.** Государство и личность в СССР. — М.: Наука, 1974.

Патрульдік қызметтің ішкі істер органдарының әкімшілік полициясы жүйесіндегі орнын анықтай отырып, біз оны басқару жүйесін, мақсаттарын басшылыққа алуымыз керек. Мұндай талап тек патрульдік қызметтің әкімшілік полициясы жүйесінде алатын орнын анықтау үшін ғана емес, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әкімшілік полициясының басқа да бөлімшелерінің арасындағы жағдайын зерттеу үшін де қолданылмақ.

Осылайша, патрульдік-бекеттік қызметтің құқықтық мәртебесі ұғымының астарында оның Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әкімшілік полициясы жүйесінде алатын орны, осы органның басқа құрылымдық бөлімшелерімен, басқа құқық қорғау органдарымен байланысы, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары жүйесімен байланысы ұғымы анықталады.

Полицияның патрульдік қызметі жұмысының құқықтық негізі және принциптері Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады. Патрульдік қызметтің жұмысы келесідей нормативтік актілермен реттеледі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы заңы, Қазақстан Республикасы ІІМ ӘПК туралы ереже және т. б.

Патрульдік қызметтің құқықтық жағдайын талдау оның ІІО әкімшілік полициясының жалпы жүйесінде алатын орнын көрсететін төрт негізгі белгілерін анықтауға мүмкіндік береді. Біріншіден, ІІО атынан жүзеге асырылатын билік өкілеттігі; екіншіден, жүктелген міндеттерді орындау бойынша арнайы құралдар мен әдістерді қолдану; үшіншіден, патрульдік қызметке қатысты әкімшілік полицияның қызметін реттейтін нормативтік актілер; төртіншіден, патрульдік қызмет атқарушы биліктің жергілікті органдарына бағынышты (әкімшілік полиция сияқты).

Теорияда және тәжірибеде «патрульдік қызмет» термині екі мағынада қолданылады: ҚТҚ бойынша полицияның арнайы нарядтары қызметінің бір түрі ретінде және құқық тәртібін қамтамасыз ететін бөлшектердің, аппараттардың және бөліністердің жиынтығы ретінде.

Республикамызда қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін бөліністер мен қызметтер жиынтықта полицияның кешенді күштерін құрайды (одан әрі ПҚК).

Қазақстан Республикасы ІІМ 2002 жылғы 5 шілдедегі № 475 бұйрығына сәйкес ПҚК-ге ІО келесідей бөліністері кіреді:

1) Қазақстан Республикасы ІІМ ӘПК Мемлекеттік мандандырылған күзет қызметі басқармасының (ММКҚБ) патрульдік нарядтары;

2) Жол полициясының патрульдік нарядтары;

3) ІО арнайы мекемелерінің патрульдік экипаждары;

4) Қазақстан Республикасы ІІМ ішкі әскерлердің арнайы моторландырылған бөлімдерінің жеке құрамы (ІӘАМБ);

5) ҚАПО патрульдік полициясы.

Жоғарыда аталған бөлімшелердің патрульдік қызметке қатысуының нысаны мен дәрежесі, оларға жүктелген міндеттердің сипаты мен көлемі маңызды өзгешеліктерге ие, бұл олардың күштерін негізгі, қосымша және қосалқы деп бөлуге негіз бола алады.

Патрульдік полицияның, аумақтық және транспорттық ішкі істер органдарының саптық бөлімдері және бөлімшелері, сонымен қатар Қазақстан Республикасы ІІМ ішкі әскерлердің арнайы моторландырылған бөлімдері негізгі күштерге жатады. ІӘАМБ 1966 жылы патрульдік қызметтің аз санды күшіне қарай құрылған болатын<sup>18</sup>.

Қосымша күштерді құрайтындар: ІО арнайы мекемелерінің, жол полициясының, Мемлекеттік күзет қызметі басқармасының патрульдік нарядтары, олар өздерінің негізгі функцияларымен қатар патрульдік қызметтің міндеттерін де орындайды.

Қосалқы күштер — белгілі бір орындарда қоғамдық тәртіпті күзетуді күшейту үшін басқа ІО-дан белгілі бір кезеңге келетін және тиісті бастықтардың жедел бағыныштылығында болатын полицияның бөлімдері мен бөлімшелері. Бұл

---

<sup>18</sup> *Бородин С. С.* Патрульно-постовая служба милиции: Учеб. пос. — Л.: ВПУ МВД СССР, 1983.

күштерге жеке оқу орындарының, әскери бөлімшелердің жеке құрамы, ПМ, ПД бөлімшелері мен резерві жатады.

Бүгінгі таңда ПО жүйесіндегі әкімшілік полицияның үлесі шамамен 60-65 %, ал әкімшілік полициясының жүйесінде патрульдік қызметтің үлесі 30-35% құрайды. Аталған сандар полицияның патрульдік қызметі санының көп екендігін көрсетеді. Біз оның қызметіне республикамыздың қоғамдық орындарында және көшелерінде құқық бұзушылықтармен күрес жүргізу аясындағы ПО міндеттерінің орындалуы байланысты екендігін болжаймыз. Полицияның патрульдік-бекеттік қызметі қолданыстағы ведомстволық нормативтік актілерге сәйкес келесідей міндеттерді орындайды:

- азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау;
- қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- қоғамдық орындардағы қылмыстардың және құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу, т.б.

Полицияның патрульдік қызметінің міндеттерін талдай келе, біз олардың ПО әкімшілік полициясының міндеттерімен тығыз тоғысатынын көреміз. Осыған байланысты патрульдік қызмет криминалдық немесе әскери полицияның жүйесінде емес, әкімшілік полицияның жүйесінде, себебі патрульдік қызметтің міндеттері әкімшілік полицияның міндеттеріне және Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы «ҚР ПО туралы» заңына байланысты, яғни ол әкімшілік полицияның жүйесіне кіреді.

«Патрульдік қызмет» терминінде ең басты сөз патрульдік болып саналады, атауының өзі оның функционалдық белгілерін анықтайды. Оның басты мақсаты полицияның басты міндеттерінің бірін іске асыру болып табылады:

- қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- патрульдеу әдісімен қоғамдық орындардағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу және ашу.

Әкімшілік полицияның патрульдік қызметінің жұмысы келесідей ерекшеліктермен анықталады:

- жергілікті бюджеттен қаржыландыру;
- жұмысты арнайы әдістермен жүзеге асыру (патрульдер, бекеттер, патрульдік учаскелер);
- тек департаменттерге, басқармаларға және әкімшілік полиция бөлімдеріне ғана бағынбайды, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына да бағынады, яғни екі жақты бағыныштылық;
- өзінің құзыреттілігі шегінде қажетті дербестік;
- патрульдік қызметтің күштерінің бірі — патрульдік полиция — қалалық аудандық ішкі істер органдарының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Билік өкілдері сияқты полицияның патрульдік қызметінің қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін іске асыру барысында билік ету өкілеттігіне ие болады, ол билік барлық азаматтарға және лауазымды тұлғаларға қатысты. Ол өздерінің құзыреттілігі шегінде нұсқаулар мен өкімдер берумен көрінеді. Қажет болған жағдайда патрульдік қызметтің қызметкерлері әкімшілік ықпал ету шараларын да қолдануға құқылы (әсіресе, құқық бұзушылықтардың жолын кесу, қоғамдық тәртіпті бұзған тұлғаларды ұстау және тиісті орынға апаруды жүзеге асыру және т.б.), бұл аталған қызметке күзету жүйесінде ерекше орын алуға мүмкіндік беретін басты ерекшелік болып табылады.

Полицияның патрульдік қызметіндегі қызметкерлердің билік жүргізу өкілеттіктері салалық немесе ведомстволық сипатқа емес, керісінше жалпы сипатқа ие, яғни жұмыс орнына, атқаратын лауазымына және т.б. байланыссыз барлық тұлғаларға қатысты қолданылады. Азаматтың немесе лауазымды тұлғаның міндеттері полицияның патрульдік қызметі қызметкерінің заңды талаптарына бағыну, біздің еліміздің заңнамасына сәйкес келеді.

Әрине бұл патрульдік қызметтің қызметкерлері тек құқықтарға, ал азаматтар мен лауазымды тұлғалар міндеттерге ие деген ұғымды білдірмейді. Құқық қатынасына қатысатындардың құқықтары мен міндеттерінің сипаттамалары бірдей емес. Патрульдік полиция қызметкерлерінің құқық бұзушылықтың алдын алу, жолын кесу және құқық бұзушыларды жауапкершілікке тарту бойынша функцияларды жүзеге асыруына байла-

нысты билік пен бағынудың қатынастары туындайды. Осыған байланысты полиция қызметкері билік өкілі және мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша билік жүргізу өкілеттігіне бөленген тұлға ретінде көрінеді.

Осы мәселені қарастыра келе, М. И. Еропкин ПО басқарудың басқа органдарына қарағанда мәжбүрлеу шараларын қолдану құқығының кең көлеміне ие екендігін және оларды қолдану полицияның өкілеттігіндегі жалғыз құрал емес екендігін атап көрсетеді. Оның пікірінше, ПО-ын мәжбүрлеу органы ретінде қабылдау дұрыс емес, себебі басты міндеттерінің бірі құқық бұзушылықтың алдын алу болып табылады<sup>19</sup>. Біз М. И. Еропкиннің көзқарасын қолдаймыз: полицияның міндеттері басқада. Мәжбүрлеу — бұл полиция алдында тиісті мақсаттар қоюға мүмкіндік беретін, сондай-ақ белгілі бір шеңберлермен олардың іріктелуін шектейтін тәсіл. Р. И. Денисов ПО «атқарушы биліктің мәжбүрлеу күштері» рөлінде деп әділ атап көрсетеді<sup>20</sup>.

Әкімшілік полицияны көбіне әкімшілік органдар деп атайды (оның ішінде патрульдік қызметті) немесе оны басқару органдарының қатарына қосады. Шынымен, оған басқару, атқарушы-өкімгерлік қызмет тән және ол кадрларды жоспарлауды, іріктеуді және орналастыруды және т. с. с., яғни мемлекеттік басқарудың маңызын құрайтындарды жүзеге асырумен айналысады. Алайда бұл қызмет патрульдік қызметтің өзінің жүйесінде анықтаушы болып табылмайды және ол оның маңызын, оның біздің қоғамымыздағы негізгі мақсатын ашпайды. ПО аталған бөлімшесі қызмет ету тәсілі, оның әлеуметтік міндетінің көріну нысаны құқық қорғау қызметі болып табылады. Тек сол ғана полицияның патрульдік қызметі жүйесінің мән-мағынасына терең үңілуге, оның механизмін және қызметінің өзіне тән жақтарын түсінуге мүмкіндік береді.

---

<sup>19</sup> *Еропкин М. И.* Управление в области охраны общественного порядка. — М.: Юрид. лит., 1965.

<sup>20</sup> *Денисов Р. И.* Муниципальная милиция: проблемы организации и правового обеспечения, зарубежный опыт. — М.: Академия МВД СССР, 1991.

Полицияның патрульдік қызметінің маңызы мен міндеттерін ұғынып түсіну үшін оны көп түрлі байланыстар мен қатынастардың жүйесінде көру қажет, оның болмысының өзара тәуелділігін және өзара шарттастығын түсіну қажет, бұл көптеген құқық қорғау қатынастардың пайда болу, өзгеру және тоқтатылудың үздіксіз процестерінде дұрыс бағдарлай білу үшін қажет.

Полицияның патрульдік қызметінің құқық қорғау қызметі мемлекеттің құқықтық нормалардың талаптарын орындауды қамтамасыз ету, заңдылық және барлығының заң алдындағы теңдігі принциптер мүлтіксіз іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында қылмыстарға, әкімшілік құқық бұзушылықтарға, олардың себептері мен салдарына, сонымен қатар басқа да құқыққа қарсы құбылыстарға белсенді билік жүргізу қатынасының нысаны болып табылады.

Құқық қорғау қызметін мемлекеттің заң нормаларымен қамтамасыз етуінің негізгі бөлігі ретінде қарастыра отырып, С. С. Алексеев құқық қорғау қызметі — бұл тұлғалар өз еркімен өздеріне жүктелген міндеттерді орындамаған кезде құқықтық қатынастарды жүзеге асыру бойынша мемлекеттік органдардың қызметі деп атап өткен болатын. Сонымен қатар ол құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттердің жағдайын зерттеумен, заңнамалық нормаларды бұзу туралы істерді шешумен, бұзушыларға қарсы арнайы ықпал ету шараларын қабылдаумен де айналысады. Құқық қорғау функциясы тәжірибеде құқық қорғау жүйесінде жүзеге асырылады. Ғалымның пікірі бойынша, құқықтың талаптарының орындалуын қадағалау құқық қорғау қызметінің мазмұнын құрамайды, өйткені ол өздеріне жүктелген міндеттерді өз еркімен орындамайтын тұлғаларға мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше шараларын қолдануға бағытталған. Ал заң нормаларының орындалуын қадағалау (әсіресе ол азаматтармен және қоғамдық ұйымдармен жүзеге асырылса) мемлекеттік мәжбүрлеудің арнайы шараларын қолдануды талап етпейді<sup>21</sup>.

---

<sup>21</sup> *Алексеев С. С.* Общая теория социалистического права: Курс лекций. — Свердловск, 1963. Вып. 1.

Осылайша, патрульдік-бекеттік қызмет — әкімшілік қызметтің бір түрі. Демек, полицияның патрульдік қызметінің жұмысы өзінің табиғаты жағынан қоғамдық тәртіпті қорғау қызметі жатады, себебі ол ПО әкімшілік қызметінің бір түрі болып табылады. Полицияның патрульдік қызметі өзінің қызметі барысында заңдар мен заңға тәуелді актілерді орындаудан тұратын мемлекеттің атқарушы-өкімдік функциясын жүзеге асыруға бағытталған. Ол заңнамалық актілер талаптарын жүзеге асырады, олардың орындалуын, барлық заңды және жеке тұлғалардың оларды сақтауын және қолдануын ұйымдастырады. Бұған қоса, аталған қызмет мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының шешімдерін іске асырудың күнделікті тәжірибесінде кездесетін түрлі міндеттерді шешумен айналысады. Осы мағынасында полицияның патрульдік қызметі атқарушы орган болып саналады және мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына есеп береді.

Полицияның патрульдік қызметінің мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына бағыныштылығы және бақылауында болуы өкімет органдарының орталықта және орындардағы толық билігін ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар олардың құқық бұзушылықтармен күресті ұйымдастырудағы рөлін арттырады, олардың жұмысын бақылаудың тиімділігін қамтамасыз етеді, полицияның жауапкершілігін күшейтеді, түрлі құқық қорғау органдарының және қоғамдық топтардың қызметтерін үйлестіруге ықпалын тигізеді. Заңдылық пен құқық тәртібінің жағдайы үшін толық жауапкершілікті өз территорияларында мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары артады. Олар өздеріне ведомстволық бағынысты ПО қызметіне белсенді түрде әсер етуге бағытталған.

Полицияның патрульдік қызметінің өз қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына бағыныштылығы және бақылауында болуы, жедел басқара отырып орталықтандырылған басқару элементтерінің үйлесімділігі олардың ерекше белгілері болып табылады.

ПО басқа құрылымдық бөлімшелеріне қарағанда полицияның патрульдік қызметі жергілікті бюджеттен қаржыландырылады. өзінің қызметі барысында мемлекеттік басқарудың жер-



гілікті органдары патрульдік қызметтің бөлімшелеріне және олардың қызметкерлеріне әрекеттестік және көмек көрсетуге міндетті (қызметкерлер үшін қызметтік бөлмелер мен тұрғылықты жерлер бөлу, телефондар орнату және т.б. жолымен). «Қаржылай және материалдық көрсетумен ғана шектелмеу керек, — деп атап көрсетеді Президент Н. Ә. Назарбаев, — әкімдер бұл жұмыстан қашпай, осы процестің ұйымдастырушылары болуы қажет. қылмыстылықпен күресу жөніндегі республикалық және аймақтық бағдарламалардың орындалуы бақыланбауда. Заңға сәйкес аймақтардағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге жауапкершілікті нақты әкімдер артады. Көшедегі қылмыстылықпен, балалардың қараусыз қалуымен күрес жүргізу мәселелері, дұрысында, Әкімдердің мәселесі. Егер бұзақылар, ішкіштер және төбелесқорлар қалалар көшелерінде және ауылдарда өздерін еркін сезінетін болса, мұнда көбінесе әкімшіліктің кінәсі жатыр»<sup>22</sup>. Бұған қоса, жергілікті билікте әсер етудің барлық «тетіктері» бар, ал облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Әкімдері жергілікті бюджет және бюджеттен тыс құралдар арқылы әкімшілік полиция бөлімшелерінің қосымша штаттық санын ұстай алады.

Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ІІО бөлімшелері мен қызметтері арасында ерекше рөлді полицияның патрульдік қызметінің бөлімшелері мен қызметтері алады. Мұны Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің мәліметтері растайды: еліміздегі орын алып жатқан құқық бұзушылардың басым бөлігі қоғамдық орындарда жасалады және полицияның патрульдік қызметінің нарядтарымен алды алынады.

Осылайша, 2010 жылдың өзінде еліміз бойынша 215807 құқық бұзушылық жасалды, оның ішінде қоғамдық орындарда — 1066962. Оның ішінде қалалық, аудандық органдардың патрульдік полициясының нарядтарымен (патрульдік қызметтің күштерінің бірі) 1053110 құқық бұзушылықтың жолы кесілді, полицияның патрульдік қызметінің қоғамдық тәртіпті күзетуге

---

<sup>22</sup> *Назарбаев Н. А.* Көрсетілген. жұмыс.

жұмылдырылған күштерімен де көптеген құқық бұзушылықтардың алды алынды<sup>23</sup>.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде жол полициясының патрульдік нарядтары және ММКҚБ патрульді экипаждары белгілі бір үлес қосады, олар өздерінің негізгі міндеттерін орындаумен қатар патрульдеу маршруттарындағы құқық тәртібін қамтамасыз етеді. Жасалған құқық бұзушылықтарды талдаудың нәтижесі қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік аясындағы бұзушылықтардың үлес салмағы аса салмақты екендігін көрсетті. Олардың тигізетін зардаптары қоғам үшін де, сондай-ақ жалпы тұлға үшін де өте маңызды. Сондықтан да патрульдік қызметтің полицейлері ең алдымен еліміздің қоғамдық орындарындағы және көшелеріндегі қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың жолын кесумен айналысады.

Қоғамдық орындарға түрлі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатындағы адамдардың қарым-қатынас жасау орындары жатады — көшелер және жалпы пайдаланылатын объектілер (ғимараттар, мекемелер, жолаушылардың көлік құралдары және т.б.), сонымен қатар бұқаралық мәдени-ойынсауық, спорт, қоғамдық-саяси және басқа да іс-шаралар өткізілетін орындар.

Қоғамдық орындардағы құқық бұзушылықтармен қатар полицияның патрульдік қызметі сонымен қатар құқық тәртібін қамтамасыз ету шегіне кірмейтін ерекше арнайы әлеуметтік қызмет көрсетумен де айналысады — профилактикалық сұхбат жүргізу, құқықтық білімді тарату және т.б.

Баяндалғандардың негізінде, толықтай негізбен полицияның патрульдік қызметінің жұмысына ПО қоғамдық орындардағы құқық бұзушылықтармен күресу аясындағы міндеттерді іске асыру және орындау байланысты екендігін нық айтуға болады. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заңы құрылымында патрульдік қызмет бар әкімшілік полицияның ұйымдастырылуы мен қызметінің жалпы бас-

---

<sup>23</sup> 2010 жылға ҚР Бас Прокуратурасының АЕ және ҚСҚ сатистикалық мәліметтер жиынтығы. — Астана, 2010.

тамасын қалыптастырады, бұл оның әкімшілік полиция жүйесіндегі орнын нақты анықтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, полицияның патрульдік-бекеттік қызметі Қазақстан Республикасы ІО әкімшілік полициясының ажырамас құрылымдық бөлімшесі болып табылады, ол мәжбүрлеу шараларын қолдану құқығына ие бола отырып, қылмыстық қол сұғушылықтардан азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандығын, қоғам мен мемлекеттің меншігі мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Ол мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына есеп береді және бақылауында болады, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әкімшілік полициясы жүйесіне тікелей бағынышты бола отырып, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге міндеттелген.

### **Өзін өзі тексеруге арналған тапсырмалар мен сұрақтар**

1. Ішкі істер органдарының негізгі міндеттерін атаңыз.
2. ІО әкімшілік қызметінің ұғымын беріңіз.
3. Полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің құқықтық мәртебесін қалай түсінесіз?
4. ІО қандай бөлімшелері полицияның кешенді күштеріне жатады?
5. Полицияның патрульдік-бекеттік қызметтің қызметінің ерекшеліктері.

### ***1. 2. Полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің міндеттері мен функциялары***

Біз полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің жұмысын ұйымдастыру туралы көрсетілген қызметтің тек алатын орны мен рөлін ғана көрсетіп және оның міндеттері мен функцияларын қарастырып қана қойып сөз қозғай алмаймыз.

Міндеттер мен функциялар оның өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан шектейтін өлшем бірліктері болып табылады. Міндеттер мен функциялар — мемлекеттік органның

құқықтық мәртебесінің маңызды құрамдас бөлігі. Мемлекеттік органдардың құқықтық жағдайын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерде міндеттер мен функциялар туралы нормалар негізгі орындардың біріне ие болғандығы кездейсоқ емес. Осыған байланысты заң әдебиеттерінде мемлекеттік органдардың міндеттері мен функцияларына аса назар аударылды. Аталған проблемаға қатысты бірнеше пікір бар. Мысалы, И. Л.Бачило, С. В. Катрич, «құзыретті басшының немесе органның құқықтары мен міндеттерінің мазмұнын, шектерін көрсететін заңды санат ретінде белгілейді»<sup>24</sup>.

«Құзырет» ұғымы адамның немесе органның қандай да бір саладан хабардарлығын, білім дәрежесін, оның жалпы және арнайы білімін сипаттайтын «құзыреттілік» деген бір түбірлес ұғымымен тығыз байланысты. Құзырет — басқару органының заңмен белгіленген міндеттері мен функцияларының шегінде әрекет ету құқығы мен міндеттері. Сөйтіп, билік өкілеттіктерінің кешеніне ие бола отырып патрульдік қызметтің қызметкері заңды тұрғыда лауазымды тұлға болып табылады. Осыған байланысты лауазымды тұлғаның құзыреті оған тиісті құқықтық актілермен бекітілген міндеттер мен функцияларды жүзеге асыру бойынша оның өкілеттіліктерінің (құқықтары мен міндеттерінің) жүйесі ретінде белгіленеді.

«Мемлекет органының құзыреті, ең алдымен, қандай да бір органның қызметі бағытталған қоғамдық өмірдің белгілі бір саласына, оның қоғамдық көріністердің аталған ортасына қатысты жүзеге асыруына құқылы және міндетті қандай да бір мемлекеттік функциясына әсер ету жолымен сипатталады»<sup>25</sup>. Функция — жинақталған ұғым. Оның құрамына бірқатар нақты сұрақ кіреді. Кейбір ғалымдар, мысалы, А. В. Мицкевич, құзыретке «органның міндеттерін» жатқызады.»<sup>26</sup>. Аталған ұсынысты, егер осы «міндеттерді» жүзеге асыру үшін құрылған басқару органы белгілеген айтарлықтай тұрақты функция-

---

<sup>24</sup> *Бачило И. Л., Катрич С. В.* Обязанности, права и ответственность руководителя. — М.: Московский рабочий, 1978. С. 17.

<sup>25</sup> Бұл да сонда.

<sup>26</sup> *Мицкевич А. В.* Субъекты советского права. — М.: Юрид. лит., 1962.

лар ретінде түсінсек, қабылдауға болар еді. Алайда, органның алдында әртүрлі кезеңдерде түрлі нақты міндеттер қойылуы мүмкін (мысалы, патрульді қызмет қызметкерлерінің табиғаты қорғау іс-шараларына қатысуы немесе құрамында есірткі бар өсімдіктердің және басқа да өсімдіктердің гүлденуі кезіндегі рейдтер). Көрсетілген міндеттер уақытша сипатқа ие, сондықтан олар енді бірнеше функция.

Құзырет кейде қандай да бір функциясына (мысалы, патрульдік қызмет қызметкерлерінің полицияның әкімшілік қадағалауындағы немесе оған формальды түрде жататын тұлғаларға арнайы әкімшілік қадағалауды жүзеге асыруға қатысуы) қатысты объектілерді көрсету жолымен анықталады.

Әрине, функциялар мен нақты міндеттердің арасындағы нақты айырмашылықты жүргізу оңай емес, алайда көбінесе бұндай айырмашылық едәуір анық.

ПО функциялары мен міндеттері туралы мәселені шешу көбінесе оған нақты билік өкілеттіктерін беру туралы мәселені шешумен байланысты. Мемлекеттік басқару органдарының (ПО) құзыретін анықтау кезінде олардың міндеттері мен функцияларын көрсетумен шектелуге болмайды, сонымен қатар осы міндеттер мен функцияларды табысты жүзеге асыру үшін қажетті нақты өкілеттіктерді бекіту қажет.

Полицияның патрульдік қызметі құқықтық табиғаты бойынша Қазақстандағы барлық полицияның құрамдас және ажырамас, өзара байланысты және бөлінбейтін бөлігі болып табылады, ПО әкімшілік полициясының жүйесінде алатын орны және рөлі бар. Сондықтан елеулі жақтарды, міндеттерді, функцияларды және тағы басқаларды ашу негізінде полицияның патрульдік қызметі қызметінің ұғымын, негізгі белгілерін және басқа да жақтарын анықтауға болады.

1995 жылғы 21 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңы полицияны криминалдық, әскери және әкімшілік деп бөле отырып, олардың міндеттерін шектегенін алдындағы бөлікте атап өткен болатынбыз. Сөйтіп, әкімшілік полицияға қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сияқты міндеттер бекітілді.

Полицияны шарасыз криминалдык, әскери және әкімшілік деп бөлу осы бөлімшелердің әрқайсысының құзыретінің шегін нақты анықтай отырып, құқық қолданудағы олардың құзыреттерін аса мұқият саралауды қамтамасыз етуге міндеттейді.

Мемлекеттік мүдделерді жүзеге асыратын криминалдык және әскери полицияға қарағанда құрылымында патрульдік қызмет бар әкімшілік полицияның қызметі, ең алдымен, мемлекеттік жергілікті басқару органдарының мүдделерін қамтамасыз етеді. Осыған байланысты заң шығарушы көрсетілген ПО қызметі үшін қос бағынуды енгізді.

Полицияның патрульдік қызметінің міндеттерін төрт топқа бөлуге болады:

- қоғамдық жерлерде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;
- қоғамдық жерлерде жасалатын қылмыстардың, құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу;
- азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің меншігін қорғау;
- халыққа қызмет көрсету.

ПО алдында тұрған ең басты міндеттердің бірі елдегі қоғамдық тәртіпті қорғау болып табылатыны сөзсіз. Біз М. И. Еропкиннің қоғамдық тәртіпті сақтау «... азаматтардың жеке басының және мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, меншікке қол сұқпаушылықты; табиғи зілзала және басқа да төтенше жағдайлар кезінде тәртіпті қамтамасыз етуді; құқық бұзушылықтардың алдын алу мен болдырмауды болжайды» деген пікірімен келісеміз<sup>27</sup>. Көрсетілген міндеттер әкімшілік тәсілдер арқылы шешіледі, бұл аталған қызметті өзінің міндеттерін арнайы әдістермен шешетін сот пен прокуратураның қызметінен ерекшелейді.

Патрульдік қызметтің функциялары туралы мәселе даулы мәселелер қатарына жатады. Функциялар деген органдармен жүргізілген жұмыс дегенді білдіретіні белгілі. М. И. Еропкиннің ұсынған дәстүрлі көзқарасына сәйкес полиция функцияларының жүйесіне әкімшілік, жедел-ізвестіру және қылмыстық-процессуалдық қызметтер кіреді.

---

<sup>27</sup> *Еропкин М. И.* Көрсетілген еңбек.

Заңнамамен полицияға жүктелген функциялар кез-келген басқару органның ұйымдастырушылық функцияларымен ортақ мәнге ие. Алайда полицияның «арнайы» функциялары да бар. Полицияның функциялары туралы мәселеге қатысты әртүрлі көзқарастар бар. Мысалы, Г. Г. Сиденко қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету полицияның функцияларына емес, полиция міндеттерінің саласына жатады деп есептейді<sup>28</sup>. Г. Г. Сиденкомен келіспеу қиын. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету дербес құқықтық институт болып табылатыны және ПО негізгі міндеттерінің қатарында екендігі анық.

О. Ф. Мураметстің көзқарасы бойынша полицияға негізгі төрт функция тән:

- құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қоғамдық қатынастарды қорғау;
- құқық бұзушылықтардың алдын алуға қатысу;
- халыққа қызмет көрсету;
- құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге байланысты мемлекеттік органдарға, қоғамдық ұйымдарға, лауазымды тұлғаларға және азаматтарға көмек көрсету<sup>29</sup>.

Алайда, біздің ойымызша, полицияның нақты функцияларына Қазақстан Республикасы ПО туралы заңында бекітілген тек бірінші тармағы ғана жата алады.

С. И. Котюргиннің ұсынған ПО функцияларының жүйесі онша сәтті емес. Ол полицияның жалпы функциялары есепке алу, реттеу, болжау және бақылаудан (бұл полицияның патрульдік қызметінің емес, басқару функциялары) тұрады деп есептейді; ол полицияны «барлық мемлекеттік органдардан ерекшеленуі жағынан» сипаттайтын арнайы функцияларға жалпы қадағалау, арнайы қадағалау, жедел-ізвестіру қызметі және анықтау жатқызады; сонымен қатар «жалпы және арнайы

---

<sup>28</sup> *Сиденко Г. Г.* Административно-правовые вопросы общественной безопасности в советском государстве: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1980.

<sup>29</sup> *Мураметс О. Ф.* Основные функции советской милиции // Проблемы совершенствования административной деятельности ОВД. — М., 1972. Вып. № 1.

функциялардың синтезі» болып табылатын полицияның ерекше функцияларына С. И. Котюргин тәрбие, экономикалық, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, қызмет көрсетуді, мәжбүрлеу шараларын қолдануды жатқызады<sup>30</sup>. Біз бұл көзқараспен келіспейміз, себебі аталған автор полицияның функцияларына полицияның функциялары емес, керісінше полиция қызметінің тәсілдері болып табылатын мәжбүрлеу шараларын (әкімшілік жазаларды қоспағанда) қолдануды жатқызады.

Ю. П. Соловей ПО функцияларының дәстүрлі түрде саралануын сынап, функцияларға қорғау, юрисдикция, ізге түсу, анықтау, қадағалау, жәрдемдесу және жазаны орындау жатады деген пікірді ұстанады<sup>31</sup>. Әрине, идея жаңа, алайда, біздің ойымызша, жоғарыда көрсетілген функциялар ПО функцияларының рөліне жарамайды, және оларды тек полицияның жеке міндеттері ретінде ғана қарастыру қажет. Функциялардың өздері құқықтың толық салаларын қамтиды: әкімшілік, қылмыстық-іс жүргізу және жедел-ізвестіру.

Нақты зерттеу үшін әкімшілік полицияның, оның ішінде патрульдік полицияның, барлық функцияларының ішінен әкімшілік функция айтарлықтай қызығушылық тудырады, себебі, біздің пікірімізше, ПО жедел-ізвестіру және қылмыстық іс жүргізу қызметі әкімшілік құқық ғылымының шегінен тыс.

Патрульдік қызметтің әкімшілік функцияларын қарастыра отырып, біз патрульдік қызметтің әкімшілік қызметі қоғамдық тәртіпті қорғауды ұйымдастыру және тәжірибелік тұрғыда жүзеге асырудан тұратын оның мемлекеттік билік, басқару, атқарушы-өкімдік қызметін тұспалдайтынын көреміз. Алайда аталған көзқарас басым болып табылмайды. Кейбір авторлардың пікірінше, осы қызмет азаматтарға олардың құқықтарын, бостандығын және заңды мүдделерін іске асыруға жәрдемдесу

---

<sup>30</sup> *Котюргин С. И.* Функции советской милиции. — Омск, 1975.

<sup>31</sup> *Соловей Ю. П.* Правовое регулирование деятельности милиции в России. — Омск, 1993.



және көмек көрсетуден<sup>32</sup>, басқалардың пікірінше, қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесуден<sup>33</sup>, немесе, үшінші біреулердің пікірінше, әкімшілік-құқықтық тәсілдер және әкімшілік-құқықтық нысандар арқылы азаматтардың меншігін және мүдделерін қорғаудан тұрады<sup>34</sup>.

Кейбір авторлар (М. Д. Кононов, Ю. П. Соловей, Е. Ю. Шихов) полицияның (патрульдік қызметтің) функцияларының қатарына әлеуметтік көмек көрсету мен әлеуметтік қызмет көрсетуді қосуды болжайды. Біз аталған пікірмен келісеміз. Батыс мамандары «әлеуметтік қызмет көрсетуді» іске асыра отырып, полицияның халыққа неғұрлым жақындасуына, азаматтармен өзара түсінушілікке, полицияға қатысты ақпараттық вакуум сияқты ұғымды жоюға, оның қызметіне әлеуметтік бақылауды қалыптастыруға қол жеткізуге болады деп есептейді. Осылайша жергілікті проблемаларды шешетін әкімшілік полиция криминалдық және әскери полицияға қарағанда халыққа жақынырақ болады. Бұл құқықтық мемлекетті құру жолында күрделі қадам жасауға мүмкіндік береді, алайда бұл әкімшілік полицияның (патрульдік қызметтің) қызметінде (функцияларында) күрделі өзгерістер болмайынша мүмкін емес.

Бұрынғы КСРО-дағы республикалар тәуелсіздік ала бастағаннан күннен бастап ішкі істер органдарының қызметінде басымдылықтар өзгере бастады. Қоғам милиционер-қараушының орнына полиция қызметкері-қорғаушы-көмекшіні талап етті. Азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету полицияның негізгі міндеттерінің бірі ретінде алғашқы рет жарияланды. Бұл 1990-1991 жылдары ТМД-ға кірген бірқатар егеменді мемлекеттердің (Ресей, Беларусь, Украина және т. б.) қабылдаған

---

<sup>32</sup> *Попов Л. Л.* Некоторые вопросы содержания и форм административной деятельности советской милиции // Труды ВШ МООП РСФСР. — 1962. — № 7.

<sup>33</sup> Советское административное право. Специализированный курс лекций. — Киев, 1975.

<sup>34</sup> *Еропкин М. И.* Көрсетілген еңбек.

Милиция (полиция) туралы заңдарында көрініс тапты. Қазақстан да осы жолмен қадам басуда.

Қазіргі уақыттағы қоғамның негізгі міндеттерінің бірі – полицияны жазалау, фискальдық функциялары бар органнан тұрғындардың мүдделері мен сұраныстарын ескеретін әртүрлі әлеуметтік қызмет көрсету бойынша органға өзгерту. «Адамдар өздерін қауіпсіз жерде екендігін сезінуі тиіс, қарапайым адамға назар аударатын уақыт туындады. Сонымен қатар, әрбір қазақстандық және еліміздің қонағы полицейді өзінің қорғаушысы ретінде, кез-келген қиын жағдайларда көмек көрсете алатын адам ретінде көруі тиіс. Қажет болған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету. Біздің полицейімізде қарақшының емес, қорғаушы мен көмекшінің имиджі болуы тиіс», — деп атап өтті Н. Ә. Назарбаев<sup>35</sup>. Бұнда әкімшілік полицияның рөлі, әрине, маңызды. Оның қызметкерлері салық төлеушілер болып табылатын, ең ақырында, әкімшілік полицияны қамтамасыз ететін халықтың әлеуметтік сұраныстарына мұқият әрекет етулері қажет.

Қазіргі уақытта қоғамдық тәртіпті қорғау және қылмыстылыққа қарсы күресумен қатар халыққа әлеуметтік көмек көрсету әкімшілік полицияның негізгі функцияларының бірі болып табылады. Халыққа әлеуметтік көмек көрсету деген нақты нені білдіреді?

Заң әдебиеттерінде нақты анықтама жоқ, яғни сұрақ даулы мәселелердің қатарында әлі де болса орын алуда. Біз «әлеуметтік көмек көрсету» ұғымына не кіретінін түсіндіруге тырысамыз. Біздің ойымызша, патрульдік қызмет қызметкерлері өзінің қызметінде криминалдық емес сипаттағы, алайда, дегенмен, билік өкілінің — полиция қызметкерінің қатысуын талап ететін жағдайлармен жиі кездеседі. Сөз консультациялар, анықтамалар, ұсынымдар беру, қарт адамдарды қозғалысы жанданған көшелерден өткізу, мәйіттерді мәйітханаларға тасу сияқты көмектердің түрі туралы қозғалуда. Ведомстволық нормативтік актілерге сәйкес жол полициясының патрульдік қызметінің инспекторлары жолда тоқтауға мәжбүр болудың

---

<sup>35</sup> *Н. Ә. Назарбаев.* Көрсетілген жұмыс.

себептерін жоюға, жолаушылар мен жүктерді белгіленген орындарға уақытында жеткізуге көмек көрсетуге міндетті. Осыған байланысты жүктерді, автокөліктің қосалқы бөлшектерін ұрлау сияқты және тағы басқа қылмыстардың себептері жойылады. Жүргізушісі жоқ автокөлікті көрген кезде немесе автокөліктер істен шыққан жағдайларда жол полициясы патрульдік қызметінің инспекторы бұл туралы бөлімше бойынша кезекшіге немесе тиісті ұйымға хабарлауға міндетті. Қажет болған жағдайда ол жүргізушілер мен басқа да азаматтарды көмекке тартуға құқылы. Адамдарды тасымалдаушы көлік тоқтауға мәжбүр болған жағдайда жол полициясының инспекторы жолаушыларды жол-жөнекей автокөлікпен белгіленген орынға жеткізу үшін шаралар қолданады.

Әлеуметтік көмектің элементтері, сонымен қатар, ПО арнайы мекемелерінің патрульдік нарядтардың іс-әрекеттерінде қоғамдық орындарда орта немесе ауыр дәрежелерде мас күйіндегі тұлғаларды, егер олардың өз бетімен қозғалу мүмкіндіктері болмаса, немесе қарамағындағы адамдарға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін болса медициналық айықтырғыштарға жеткізу кезінде қатысуда көрініс табады. Медициналық айықтырғышқа орналастырудың көрсетілген негіздемелерінің тізімі оларға медициналық және басқа да көмектің қажет екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, тұрақты тұрғылықты жері жоқ тұлғаларға құжаттарды ресімдеуге көмек көрсете отырып, ПО қызметкерлері белгілі бір әлеуметтік көмек көрсетеді.

Ауызша түрде анықтамалар беру, табылған заттарды сақтауға қабылдау, қоғамдық орындардағы дәрменсіз жағдайдағы адамдарға көмек көрсету және тағы басқалар халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуге жатады. Әрине, полиция аталған көмек көрсету туралы келіп түскен барлық сұраныстарды қанағаттандыра алмайды, алайда бұндай үлкен көлемді жұмысты жүзеге асыру полицияның беделін күшейтуге мүмкіндік береді.

Алдыңғы ғасырдың өзінде-ақ О. Майер әкімшілік қызметті сот немесе заңнамалық қызмет болып табылмайтын мем-

лекеттік қызмет ретінде анықтады<sup>36</sup>. Қазіргі уақытта, біздің пікірімізше, әкімшілік қызмет жедел-ізвестіру немесе қылмыстық-іс жүргізу қызметі болып табылмайтын ПО қызметі ретінде қалады.

Жедел-ізвестіру қызметі, әдетте, жұмыстың жасырын күштерін, тәсілдері мен әдістерін қолданумен қылмыстарды болдырмау және ашуға бағытталған заңға және заңға бағынысты актілерге негізделген арнайы органдардың қызметі жатады. Жедел-ізвестіру қызметі құқық қорғау органдары қызметінің құрамдас бөлігі ретінде заңнамалық режим аясында жүзеге асырылады және оны қамтамасыз етудің кешенді жүйесі бөліктерінің бірі болып табылады. Оның құқықтық негізін тек бұйрықтар, тәлімдер және нұсқаулықтар ғана құрмайды. Ол мемлекеттің құқық қорғау қызметінің бөлігі ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы және «Жедел ізвестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ю. П. Соловей жедел-ізвестіру қызметін «ізге түсу» ретінде анықтайды және өзінің позициясын осы қызметтің барысында «...егер бұлай деп айтуға мүмкін болса, криминалдық емес міндеттер де (мысалы, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен тұлғаларды, алимент төлемейтін тұлғаларды ізвестіру) шешіледі» деп дәлелдейді<sup>37</sup>.

Жедел-ізвестіру қызметінің міндеттері: «қылмыстарды анықтау, алдын алу, болдырмау және ашу» болып табылады<sup>38</sup>. Қылмыстарды болдырмау жөніндегі патрульдік қызметтің қызметі белгілі бір дәрежеде Қазақстан Республикасының ЖІҚ туралы заңының нормаларына негізделеді. Көрсетілген заң, ең алдымен, ішкі істер органдарын басқа құқық қорғау органдарымен: Қаржы полициясы агенттігінің жедел бөлімшелермен,

---

<sup>36</sup> *Майер О., Гессен В. М.* Лекции по полицейскому праву. — СПб., 1897.

<sup>37</sup> *Соловей Ю. П.* Көрсетілген. жұм. 52-б.

<sup>38</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қаңтардағы «Жедел ізвестіру қызметі туралы» Заңы. // Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Ведомосы. — 1994. — № 13.

Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және тағы басқалармен қатар жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдарына жатқызылды. Сонымен, ЖІҚ туралы заңға сәйкес аталған қызметпен ішкі істер органдарында да айналысады. ПО ішінде осы қызметті дәстүрлі түрде қылмыстық іздістіру бөлімшелері (қазіргі уақытта криминалдық полиция құрамындағы) жүзеге асырды.

Полицияның патрульдік қызметінің қызметкерлерінде және әкімшілік полицияның басқа қызметтерінің өкілдерінде жедел-іздістіру жұмысына рұқсаттары жоқ. Алайда, полицияның патрульдік наряд полицейлері өздерінің қызметінде жедел-іздістіру қызметінің келесідей әдістерін пайдаланады: жасырын бақылау, адамдарды ұқсастыру, белгілі бір жерлерді, көліктерді, ғимараттарды қарау, азаматтардан жауап алу, құжаттар мен заттарды зерттеу, анықтамалар жинау, жеке ізге түсу.

Жеке ізге түсу — қылмыстарды жасағаны үшін іздеудегі тұлғаларды анықтау, тану және ұстау мақсатында бақылауды жүзеге асыратын полицияның патрульдік нарядтарының қызметінің әдісі, жасырын түрде бақылаудың, бүркеудің әдістерін қолданумен қатар ашық түрде жүзеге асырылатын қызмет. Жеке ізге түсу патрульдік қызметтің міндеттерін орындаудың белсенді нысандарының бірі болып табылады. Бұл қылмыскерді ізі суымаған қылмыстары бойынша анықтау, «іздеу», ізге түсуге тікелей қатысуды білдіреді.

Полицияның нарядтарымен жеке ізге түсуді жүргізу тактикасы қылмыстық іздістірудің жедел құрамы жүзеге асыратын тактикасынан айырмашылығы бар. Жек ізге түсу тактикасына ережелер, тәсілдер және әдістердің қосындысы ретінде:

- бүркеу тәсілдері;
- жедел қызығушылық тудыратын тұлғалардың мінез-құлқын және оларды танып білуді талдау әдістері;
- жеке ізге түсумен анықталған қылмыскерлерді ұстаудың ерекшеліктері мен әдістерін білу;
- адамдармен қарым-қатынастың ережелері;
- «іздерді оқи» білу кіреді.

Яғни, жедел есепке алулар, жасырын аппарат, ішкі камера-лық әзірлемелер және басқа да құпия әдістер туралы сөз қозғамай-ақ, полицияның патрульдік қызметінің қызметкерлері қандай да бір мөлшерде жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырады.

Патрульдік қызметтің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу оның үш негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді, олардың әрқайсысына белгілі бір құқықтық регламенттеу тән.

Біріншіден, қылмыстыққа қарсы күрестің құқықтық негізі құқықтық реттеудің бірнеше күрделі блоктарынан тұрады. Ең алдымен, бұл қылмыс ретінде танылатын іс-әрекеттердің (немесе әрекетсіздігінің) тізімін белгілейтін, қылмыстық жауапкершіліктің жалпы шарттары мен шараларын анықтайтын қылмыстық құқық. Екіншіден, бұл қылмыстылыққа қарсы күресуді жүзеге асыруға міндетті мемлекеттік органдардың жүйесін бекітетін, олардың құзыретін шектейтін сот құрылымы және прокурорлық қадағалау туралы заңнама. Үшіншіден, бұл қылмыстық істерді қозғау, қылмыстарды жасағаны үшін кінәлілерді жауапкершілікке тарту бойынша қызметті жүзеге асырудың тәртібін, ережелерін, принциптерін айқындайтын қылмыстық-процессуалдық құқық.

Іс жүргізу құқықпен реттелген көрсетілген қызмет іс жүргізу қызметтің сипатына ие болады, бұндағы көрнекі орын прокуратураға, сотқа, криминалдық полицияға, әкімшілік полицияға және республиканың басқа да органдарына жатады.

Сонымен, полицияның патрульдік қызметі қылмыстарды болдырмау және ашумен айналысатын ПО бір бөлімшесі ретінде қылмыстық-іс жүргізу қарым-қатынастардың қатысушысы болып табылады. Сөйтіп, 2009 жылы полицияның патрульдік қызметінің бөліністері қоғамдық орындарда жасалған қылмыстардың ізін суытпай 47838 қылмысты ашты, бұл 2010 жылдың ұқсас кезендерімен салыстырғанда 15,1 % көп. Әрине, бұл қызметті мемлекеттік органдардың өздері емес, осы органның өкілдері — патрульдік полицейлер жүзеге асырады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, әкімшілік полиция, оның ішінде патрульдік қызмет, келесі функцияларға ие болға-

нын көреміз: әкімшілік, қылмыстық-іс жүргізу, жедел-ізвестіру қызметі және әлеуметтік қызмет көрсету.

Полицияның патрульдік қызметі әкімшілік юрисдикцияның субъектілеріне жатады. А. П. Шергин «ПО қорғалатын қоғамдық қарым-қатынастардың кеңдігі басқа салалық органдармен салыстырғанда олардың юрисдикциялық өкілеттіліктерінің көбірек көлеміне негізделеді» — деп атап өтті. Қолданыстағы әкімшілік заңнамаға сәйкес патрульдік қызметтің нарядтарына: құқық бұзушының жеке тұлғасын анықтау, хаттама жасау, істі уақытында және дұрыс қарастыру құқығы беріледі. Патрульдік қызметтің қызметкерлері көліктің қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін ережелерді және көлікті пайдалану ережелерін бұзу, қоғамдық тәртіпті бұзу туралы істерді қарастыра алады.

ҚАІБ бастықтары мен олардың орынбасарларын құқық бұзушылықтар, оның ішінде олардың арасындағы ең көп тараған түрлері — ұсақ бұзақылық, спирттік ішімдіктерді ішу және мас күйінде қоғамдық орындарда жүру және басқалар туралы, істер бойынша шешімдерді қарастыру және қабылдаудан босатуды көздеген 1979 жылы А. П. Шергиннің ұсынысы аса назар аударуға тұрарлық. Полиция бөлімінің бастықтары және оның орынбасарларында, олардың жұмысының көптігін ескере отырып, олардың құзыретіне жататын барлық істерді қарастыруға мүмкіндіктері жоқ. Бөлім бастығының рөлі басшы ретінде, көбінесе, формальды түрде хаттамаға қол қоюға негізделеді. Осы істерді қарастыру үшін, біздің ойымызша, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді шешу бойынша арнайы инспекторды бөлу орынды, бұл қоғамдық тәртіпті бұзушылықтар туралы істерді шешудегі мамандануды күшейтуге, сонымен қатар ПО басшыларын аталған функциялардан босатуға мүмкіндік береді.

Полицияның патрульдік қызметі жүзеге асыратын функциялар оның міндеттерінен туындайды. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ете отырып, полицияның патрульдік қызметінің қызметкерлері келесідей функцияларды жүзеге асырады:

- қоғамдық орындарда қоғамдық тәртіпті қорғау;
- меншікті қорғау;

- құқық бұзушылықтардың алдын алу;
- құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесу;
- қылмыстарды ашуға қатысу;
- кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарымен күрес;
- жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- халықпен қарым-қатынаста болу, қоғамдық тәртіпті қорғауда жұртшылықпен өзара әрекет ету.

Қоғамдық орындарда тәртіпті сақтау ретінде аталған функцияны іске асыру кезінде патрульдік қызметтің полицейлері азаматтардың республикада заңнаманы сақтауы мақсатында оларды қадағалауды жүзеге асырады. Сонымен қатар олар қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелерін іске асыруды, барлық азаматтардың осы ережелерді бұлжытпай орындауын қамтамасыз етеді. Полицейлер өздерінің өкілеттіліктерінің аясында депутаттарға, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына және қоғамдық бірлестіктердің өкілдеріне, егер оларға қарсы іс-әрекеттер жасалса немесе қауіп төнсе олардың заңды қызметін жүзеге асыруға көмек көрсетеді.

Полицияның патрульдік нарядтары қоғамдық жерлерде дәрменсіз жағдайдағы азаматтарға, құқық бұзушылықтардан зардап шегушілерге көмек көрсетуге және адамдармен жазатайым оқиғалардың алдын алу бойынша шаралар қолдануға міндетті. Қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төнген жағдайларда және техникалық, авариялық көмекті талап еткен жағдайларда полицейлер болған жағдай туралы ПБ бойынша жедел кезекшіге хабарлап, жағдайға байланысты әрекет етеді. Бұндай жағдайлар қалалық коммуникациялардың: газ құбыры, электр желісі, су құбыры және тағы басқалар бұзылғандығын тапқан кезде пайда болуы мүмкін. Сонымен қатар, патрульдеу маршруттарында қоғамдық жерлердің санитарлық жағдайын қадағалайды, ал құрылыс және жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан орындарда тиісті қоршаулардың бар болуын тексереді.

Полицейлер барлық бұзушылықтардың жолын кесуге және олардың сипатына қарай бұзушыларға тиісті шаралар қолдануға міндетті.



Қылмыстардың және әкімшілік құқық бұзушылардың алдын алу және болдырмау кезінде патрульдік қызметтің полицейлері қылмыстарды жасаған тұлғаларды немесе оны жасаған күдіктілерді ұстайды, оқиға болған жерлерді қорғайды, куәгерлерді және көрген адамдарды анықтайды, патрульдеу маршрутын тұрақты түрде тексереді, іздеудегі тұлғаларды және ұрланған мүліктерді іздестіреді.

Полицияның патрульдік қызметінің қызметкерлері меншіктің түрлі нысандарының мүліктерін қорғауды жүзеге асыра отырып, патрульдеу кезінде оның ұрлануын және маршруттың аумағында орналасқан объектілерді қадағалау арқылы бұзылуын болдырмайды. Күдік пайда болған жағдайда полиция наряды азаматтарды тексеруді жүзеге асырады. Кейбір жағдайларда автокөлік жүргізушісінің объектіден шығарылатын жүкке ресімделген құжаттары тексеріледі.

Сонымен қатар патрульдеу маршрутында қызмет өткеру кезінде полиция наряды кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күресті жүзеге асырады, яғни балалардың тарапынан бұзушылықтарға жол бермеу бойынша барлық шараларды қолданады. Аталған шараларға отпен ойнауға, кеш батқан және түнгі уақытта балалардың қоғамдық жерлерде үлкендерсіз жүруіне, кәмелетке толмағандарға спирттік ішімдіктер мен темекі өнімдерін сатуға жол бермеу жатады. Патрульдегі қызметкерлер осы шараларды жүзеге асыру барысында балаларды спирттік ішімдік ішуге және тағы басқа әрекеттерге тартатын құқық бұзушылықтар жасауға көндіретін азаматтарды анықтауға міндетті.

Сонымен қатар патрульдік қызмет полицейлері жол қозғалысы ережелерінің сақталуын қадағалауды жүзеге асырады, және осы ережелерді бұзған жүргізушілердің құжаттарын тексеруге құқылы. Патрульдік қызмет полицейлері жол-көлік оқиғасын жасаған жүргізушілерді ұстайды; зардап шегушілерге қажетті көмек көрсетеді және куәгерлерді анықтайды; оқиға болған жердегі жағдайдың сақталуы бойынша шаралар қолданады, әрі қарай қозғалысты ұйымдастырады. Жол қозғалысының ережелерін бұзған және полицейлердің талабы бойынша тоқтамаған жүргізушілер туралы баянат жасайды.

Қазіргі уақытта жүргізушілердің көбісі, егер полицей жол полициясының қызметкері болмасы оның талабы бойынша тоқтауға міндетті емес деген қате ұғымды ұстануда. Осыған байланысты, біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 355-б. сәйкес олар полицейдің заңды талаптарына, оның ішінде автокөлік құралын тоқтату туралы талаптарына, бағынуы міндетті екендігі жөнінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру қажет.

Қоғамдық тәртіпті қорғауға және қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасы ІІМ ММКҚБ патрульдік нарядтары айтарлықтай үлес қосады, олар патрульдеу маршрутында объектілерді қорғау бойынша өздерінің негізгі міндеттерін орындаумен қатар қылмыстардың және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуды, жолын кесуді іске асырады.

Жол полициясының патрульдік қызметінің қызметкерлері құқық бұзушылықтардың және қылмыстардың алдын алуға айтарлықтай үлес қосуда: олар күннен күнге қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздіктің бұзушылықтарын көбірек анықтайды.

Полицияның патрульдік қызметінің жеке функцияларын «мас күйіндегі» тұлғаларды қоғамдық жерлерден алып кету кезінде ПО арнайы мекемелерінің экипаждары жүзеге асырады, бұл көрсетілген тұлғалардың және олардың өздеріне қатысты қылмыстар жасауға жол бермейді, себебі аталған контингент жиі құқыққа қарсы қол сұғушылық объектісі болады. Сонымен қатар нақты тұрғылықты жері және құжаттары жоқ тұлғаларды ұстайды, содан кейін олардың арасынан ПО іздеудегі қылмыскерлердің көбісі анықталады, бұл олардың жаңа қылмыстар жасауының алдын алу үшін айтарлықтай маңызы бар. Сондай-ақ ПО арнайы мекемелерінің патрульдік экипаждарына патрульдеу маршруттарында қоғамдық тәртіпті, азаматтардың құқықтарын, мүліктерін және заңды мүдделерін қорғау бойынша функциялар жүктеледі.

Қоғамдық жерлерді патрульдеуге, яғни құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге полицияның күштері айтарлықтай көмек көрсетеді. Сонымен, Қарағанды облысы ІД мен Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды академиясының арасында сауат-

ты өзара әрекет ету орын алуда. Ынтымақтастық жоспарына сәйкес академия қаладағы жедел жағдай туралы ақпаратпен қамтамасыз етіледі, тыңдаушылардың қатысуымен профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Ескерту міндеттерін шешу, сондай-ақ оқу-жаттығулары, оқудан тыс тәжірибе және тағы басқалар сияқты оқу сабақтарының түрлерін өткізу арқылы жүзеге асырылады. Бұдан басқа академияның тыңдаушылары бұқаралық іс-шаралар өткізу кезінде Қарағанды қаласында әрі республикамыздың астанасы Астана қаласында қоғамдық тәртіпті қорғауға тартылады. Академияның жеке құрамының бұқаралық іс-шаралардағы әрекеттері үнемі оң бағаға ие болады. Бұнда 1980 ж. Мәскеу қаласындағы XX Олимпиада ойындарындағы, 1986 ж. Өз еркімен ойындардағы, 1988-1989 жж. Кавказ республикаларының және 1989 ж. Жаңа өзендегі және тағы басқа жерлердегі ұлтаралық жанжалдарының аудандарындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша озық тәжірибенің рөлі маңызды.

Сөйтіп, патрульдік полиция міндеттері мен функцияларының әртүрлілігі қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын полицияның түрлі күштеріне сәйкес келеді.

Қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету және қылмыстылыққа қарсы күресуде полицияның патрульдік қызметтің алатын орны маңызды екенін біз атап өткен болатынбыз. Оның қызметкерлері оларға жүктелген қызметтік міндеттерді профилактикалық және әкімшілік қызметтің түрлі нысандарында атқарады.

Қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қорғау нысандары әкімшілік қадағалау және полицияның патрульдік қызметі нарядтарының құқық бұзушыларға әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану болып табылады. Әкімшілік қадағалаудың мазмұнына қоғамдық тәртіпті бұзу фактілеріне әрекет ету, адамдардың қоғамдық жерлердегі мінез-құлқын бағалау және бақылау, құқық тәртібін реттейтін құқық нормаларын лауазымды тұлғалар мен азаматтардың орындауын тексеру кіреді. Полицияның патрульдік қызметінің әкімшілік қадағалауымен әкімшілік мәжбүрлеу шаралары тығыз байланыста. Көрсетілген екі құқықтық нысан қоғамдық тәртіпті бұзудың жолын

кесу кезінде мәжбүрлеу шараларын қолдануды талап еткен жағдайда бірге іске асырылады.

Полицияның патрульдік қызметінің нарядтары өздерінің функцияларын орындау кезінде барлық азаматтардың қоғамдық тәртіпті реттейтін заңдар мен заңға бағынышты актілерді орындауын қадағалауы тиіс. Азаматтар мен лауазымды тұлғаларға олардың мінез-құлықтарының құқыққа қарсы екенін түсіндіру, белгіленген мінез-құлық ережелерін сақтау туралы міндетті талапты көрсету, әкімшілік жолын кесу шараларын қолдану қоғамдық тәртіпті бұзу фактілеріне әкімшілік қадағалау процесінде патрульдік қызметтің әрекет етуінің аса таралған нысандары болып табылады. Қадағалау барысында полицейлер, ең алдымен, қоғамдық жерлерде қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесуге шаралар қолданады. Сөйтіп, қоғамдық жерде нысанды киімдегі полиция қызметкерінің бар болуының өзі қылмыстардың алдын алу мен жолын кесуге мүмкіндік береді, құқық бұзушыларға өзін-өзі ұстауға әсер етеді, азаматтарға олардың құқықтарының, заңды мүдделерінің және жеке басы абыройының қорғалуына сенім пайда болады. Алайда бұл профилактикалық функциялардың толық іске асуына жеткіліксіз. Сондықтан құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында полицейлер қоғамдық тәртіп бұзушылықтар жасалуы мүмкін жерлерді қадағалауды жүзеге асырады.

Әкімшілік қадағалау аясында патрульдік қызмет полицейлері тәрбиелік әдістерді, яғни азаматтардың сана-сезіміне олардың келешекте қоғамдық тәртіпті бұзбауы мақсатында әсер ету үшін сендіру әдісін кеңінен пайдаланады. Осы әдіс қоғамдық тәртіпті қорғау міндеттерін айтарлықтай табысты шешуге мүмкіндік береді. Азаматтар көбінесе құқықтық тыйым салуды білмеуінен, арам ойсыз, алаңғасарлықтарынан болмашы құқық бұзушылықтар жасайды. Бұндай жағдайларда полицейлердің азаматтарға олардың мінез-құлқының дұрыс еместігін және оның салдарынан шығатын нәтижелерді нақты, сабырлықпен түсіндіруі мәжбүрлеу шараларын қолдануға қарағанда бірқатар жағдайларда күшті әсер етеді, алайда олар

формальды түрде қолданылады және құқық нормаларына қарсы емес.

Көзқараспен қоғамдық тәртіп бұзушылықтардың профилактикасы тығыз байланысты. Ол полицияның патрульдік қызметі үшін аса маңызды. Көрсетілген қызметтің тәжірибелік қызметі қылмыстар мен құқық бұзушылықтар профилактикасының түрлі тәсілдері мен амалдарын әзірледі.

Патрульдік қызмет полицейлері жалпы әрі жеке профилактиканы жүзеге асырады. Жалпы профилактиканы жүзеге асыру кезінде полицейдің қоғамдық жерде болуының өзі үлкен рөлге ие. Жалпы профилактика заңды тұлғалардың қызметіндегі қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасауға мүмкіндік беретін кемшіліктерді анықтау және жою мақсатында жүргізіледі. Кемшіліктерді патрульдік қызмет қызметкерлері өздерінің функциялық міндеттерін жүзеге асыру барысында, ең алдымен, жеке бақылау, халықпен және қоғаммен байланыста бөлу арқылы анықтай алады.

Жеке профилактика нақты тұлғалардың тарапынан қылмыстар мен бұзушылықтарға жол бермеуге бағытталған. Профилактиканың осы түрі, ең алдымен, мінез-құлқы олардың қылмыс жасауы мүмкін деп болжауға негіз болатын тұлғаларды белгілеу жолымен қамтамасыз етіледі. Содан кейін олармен тиісті тәрбие жұмысы жүргізіледі, сонымен қатар осы тұлғалардың құқық бұзушылықтар жасауына мүмкіндік беретін жағдайлар мен шарттарды анықтау және жою бойынша іс-шаралар жүзеге асырылады.

Біздің ойымызша, әрбір патрульдік полицей қызмет өткеру жерлерінде құқық бұзушылықтардың жасалуына мүмкіндік беретін шарттар мен жағдайларды анықтап қана қоймай, оларды жою бойынша ұсыныстарын өзінің бастығына айтуы абзал.

Қоғамдық тәртіп бұзушылықтарының алдын алу және жолын кесу, сонымен қатар кінәлілерді қолданыстағы заңнамаға сәйкес жазалау мақсатында полицияның патрульдік нарядтары мәжбүрлеу шараларын қолданады. Осыған байланысты полицияның патрульдік нарядтарының қызметінде әкімшілік мәжбүрлеу аса маңызды.

Полицияның патрульдік қызметінің күштері күрес жүргізетін қоғамдық тәртіп бұзушылықтары әртүрлі, сондықтан мәжбүрлеудің әртүрлі әкімшілік-құқықтық тәсілдерін қолдану мүмкіндігі туындайды. Олар мақсатына қарай төрт түрге бөлінеді: әкімшілік алдын алу шаралары; әкімшілік жолын кесу шаралары; әкімшілік жазалау және әкімшілік-процессуалдық қамтамасыз ету шаралары.

Олардың ішінде әкімшілік алдын алу шаралары табиғаты бойынша профилактикалық сипатқа ие. Олар белгіленген нормаларды бұзғаны үшін қолданылмайды, керісінше қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында қолданылады. Оларға құжаттарды тексеру, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында көліктің және жүргіншілердің қозғалысын шектеу немесе тоқтату сияқты шаралар жатады.

Полиция қызметкерлеріне азаматтардың жеке басын растайтын құжаттарын құқық бұзушылықтар туралы хаттама құру қажет болған жағдайда, тұлғаны қылмыс жасауда күдіктенгенде, паспортты ережелердің сақталуын тексеру кезінде тексеруге құқық берілген. Көрсетілген шараларды жиі патрульдік полицейлер жүзеге асырады. Сонымен қатар, патрульдік полицейлер бас бостандығынан айыру жерлерінен босатылған тұлғаларды әкімшілік қадағалау сияқты әкімшілік алдын алу сипатындағы кешенді шараларды орындауға қатысуы мүмкін. Бұл көрсетілген тұлғалардың тарапынан жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларға қажетті тәрбиелік ықпал ету мақсатында бірқатар мәжбүрлерін қолданумен байланысты. Патрульдік қызметінің полицейлері бұрын сотталған адамдарды әкімшілік қадағалауды дұрыс жүзеге асыру үшін оларға қолданылатын шектеулерді нақты білулері тиіс. Мысалы, оларға тәуліктің белгілі бір уақытында пәтерден кетуге; жеке істері бойынша тұрғылықты ауданынан тыс шығуға; белгілі бір қоғамдық жерлерде болуға тыйым салынады. Бұзушылықтардың алдын алу мақсатында патрульдік қызметтің қызметкерлері тәуліктің кез-келген уақытында қадағалауға алынғандардың тұрғылықты жерін тексеруге, олардың жүріс-тұрысын анықтауға және белгіленген шектеулерді есепке ала

отырып, олардың қоғамдық орындардағы тәртібін бақылауға құқылы.

Осылайша, қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу — бұл құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың себептері мен жағдайларын анықтауға және жоюға бағытталған немесе олардың әрекеттерін әлсірететін, соның нәтижесінде аталған қоғамға қарсы құбылыстармен күрес жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін мемлекеттік және қоғамдық шаралардың жүйесі; әлеуметке қарсы құбылыстарды болдырмау мақсатында құқық бұзушылықтар жасауға бейім тұлғаларға ескерту, алдын алу ықпал ету шараларын жүргізу.

Сонымен қатар патрульді полицейлер әкімшілік жолын кесу шараларын қолдану барысында да кең өкілеттіктерге ие. Аталған шаралар (ұстау, жеткізіп беру, тыйым салу, тартып алу т.б.) құқық бұзушының қоғамға қарсы тәртіпті тоқтату туралы талапқа бағынбаған кезде немесе оны жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету қажеттілігі жағдайында қолданылады.

Әкімшілік жазалар: ескерту, айыппұл және тағы басқалары әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың жауапкершілік шаралары болып табылады.

Әкімшілік іс жүргізу қамтамасыз ету шаралары басқа ықпал ету шаралары, яғни тұлғаны анықтау, хаттамалар толтыру, істің уақытында және дұрыс қаралуын және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қаулылардың орындалуын қамтамасыз ету, біткен уақытта әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолын кесу мақсатында қолданылады.

Қызмет етуінің сыртқы ортасында полицияның патрульдік қызметінің жұмысы қарама-қарсы көрініске ие сақтандыру бағытына ие. Полицияның профилактикалық жұмысының мазмұнын үш негізгі элемент құрайды:

- 1) қылмыстарды және құқық бұзушылықтарды жасаудың себептері мен шарттарын анықтау;
- 2) осындай себептер мен жағдайларды жою бойынша іс-шараларды өңдеу және жүзеге асыру;
- 3) қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасауға бейім тұлғалармен жеке ескерту, алдын алу жұмыстарды ұйымдастыру.

Патрульдік қызмет екі өзара байланысты қосалқы жүйелерден құралатын өзара дербес жүйе ретінде де қызмет етеді: полицияның патрульдік қызметінің аппараттары мен бөлімшелері. Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық нормативтік актілерінде қолданылатын полицияның патрульдік қызметінің «Аппараттар» мен «бөлімшелер» терминдері жалпы сипатқа ие, соған байланысты олардың түсініктерін және органикалық байланысын қарастыру қажет.

Патрульдік қызметтің аппараттары — бұл тікелей тиісті ПО құрамына кіретін және полицияның патрульдік учаскелерінде қоғамдық тәртіпті қорғауды ұйымдастыру бойынша басқару функцияларын атқаратын дербес құрылымдық бөлімшелері. Оларға жататындар: ҚР ІІМ ӘПК Патрульдік полиция басқармасы, ПД, КПД патрульдік полиция бөлімдері, қалалық, аудандық ІІБ және көліктегі ЖІБ патрульдік полиция бөлімдері, топтары.

Патрульдік қызметтің бөлімшелері — бұл республикамызда тікелей патрульдік қызметті жүзеге асыратын ішкі істер органдарының саптық және арнайы бөлімшелері. Оған жататындар: патрульдік полицияның саптық бөлімшелері және бөлімдері, ПО арнайы мекемелерінің патрульдік экипаждары, жол полициясының патрульдік нарядтары, ММКҚБ және ІӨАМБ.

Патрульдік қызметтің аппараттары мен бөлімшелерінің арасындағы органикалық өзара байланыс аталған аппараттардың функцияларының салалық бөлінуіне сәйкес ПО-да өздерінің жедел бағыныштылығындағы бөлімшелерге жетекшілікті жүзеге асыратындығымен, олардың қызметтік жұмысын бақылайтындығымен, орындарда жұмысты ұйымдастыруда оларға тәжірибелік көмек көрсететіндігімен көрінеді. Аталған бөлімшелердің тәжірибелік қызметінің тиімділігі көбінесе тиісті аппараттардың жұмысының ұйымдастырылу деңгейіне байланысты.

Патрульдік қызметтің аппараттары полицияның патрульдік қызметіне басшылық ету бойынша маңызды функциялар мен міндеттерді атқарады.



Патрульдік қызметтің қоғамдық тәртіпті күзету және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметіне Қазақстан Республикасы ІІМ Әкімшілік полиция комитеті тікелей басшылық ықпал етеді.

Аталған Комитеттің негізгі міндеттері:

– жалпы стратегияны өңдеу, әкімшілік полицияның қызметтері мен бөлімшелері жұмысының басым бағыттарын анықтау (оның ішінде патрульдік қызметтің);

– қызметтер мен бөлімшелер жұмысының ұйымдық-құқықтық негізін жетілдіру, олардың жұмысының тәжірибелік нысандары мен әдістеріне ғылымның, техниканың және озық тәжірибенің жетістіктерін енгізу, қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыру, олардың заңдылықты сақтауын бақылауды ұйымдастыру;

– мемлекеттік биліктің жоғары органдарының шешімдерін орындауды ұйымдастыру, іс-шараларды өңдеу және жүзеге асыру, қоғамдық тәртіпті қорғау;

– Министрліктің қызметтерімен және бөлімшелерімен, басқа құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік және басқа құрылымдармен, еңбек ұжымдарымен және азаматтарымен құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық тәртіпті қорғау мәселелері бойынша өзара әрекеттестікті ұйымдастыру;

– қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша полицияның кешенді күштерін және құралдарын жедел басқару бойынша ұйымдастыру-әдістемелік жетекшілік ету;

– мәдени-көпшілік, спорттық және басқа да іс-шараларды өткізу барысында, сонымен қатар мемлекет басшыларының, басқа шетелдік, саяси және мемлекет қайраткерлерінің Қазақстан Республикасына сапары кезінде қоғамдық бірлестіктермен ұйымдастырылатын іс-шараларды өткізу барысында қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

– жағдайларды болжау және тиісті мемлекеттік органдарды көпшілік құқыққа қарсы көріністердің себебі бола алатын әлеуметтік және басқа да факторлардың пайда болу мүмкіндігі туралы ақпараттандыру, оларды жою және алдын алу бойынша ұсыныстар дайындау;

– жұмыстың жаңа нысандары мен әдістерін, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті топпен бұзудың алдын алу және жолы кесу тактикаларын өңдеу және енгізу;

– адамның және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын көшелердегі және қоғамдық орындардағы құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау бойынша патрульдік полицияның қызметін ұйымдастыру;

– қамауға алынған және тұтқындалған, әкімшілік қамауға алынған, тұрғылықты жері және құжаттары жоқ, он сегіз жасқа толмаған және құқық бұзушылықтар жасаған, қоғамдық орындарда мас күйінде болған тұлғаларды белгіленген тәртіпте ұстау, күзету және айдауылдауды қамтамасыз ету;

– басқа мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, табиғатты қорғау және ветеринарлық заңнаманың, санитарлық нормалардың және тәртіптердің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету.

Жоғарыда аталған барлық міндеттер ІІО патрульдік қызметінің жұмысына қатысты және оның қызметін тиімді түрде жүзеге асыруға бағытталған.

Бұған қоса, ҚР ІІМ ӘПК полицияның патрульдік қызметінің күшін өзінің құрылымдық бөлімшесінің көмегімен — Патрульдік полиция басқармасының — жалпы мақсатқа жету бойынша жұмысқа бағыттай отырып, оның қызметін үйлестіреді. Аталған бөлімше басшылық кадрларды іріктеу және орналастыру, жұмыс туралы есептерді тыңдау жолымен патрульдік қызметтің күштерінің біріне — патрульдік полицияға — басшылықты жүзеге асырады, жұмыстардағы кемшіліктерді анықтайды және оларды жою бойынша шаралар қабылдайды.

Осының барлығы патрульдік нарядты басқару ерекшелігін көруге және, ең бастысы, патрульдік қызметтің құзыреттілігін (құқықтары мен міндеттерінің көлемін) қалыптастыру барысында ведомстволық ережелермен анықталатын жалпы заңдылықты анықтауға көмектеседі.

Жоғарыда атап өткендей, ҚР ІІМ ӘПК Патрульдік полиция басқармасы аталған Департаменттің құрылымдық бөлінісі болып табылады және республикамызда қоғамдық тәртіпті қорғауды және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйым-

дастыру бойынша полицияның күштеріне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Заңнамалық актілерге ҚР ІІМ туралы ережеге, ҚР ІІМ ӘПК туралы ережеге — сәйкес полицияның патрульдік қызметіне басшылық ету бойынша Патрульдік полиция басқармасының міндеттері мен функциялары Қазақстан Республикасы ІІО Патрульдік-бекеттік қызметінің ережелерімен, сонымен қатар ІІД, қалалық, аудандық ішкі істер органдары және көліктегі ішкі істер органдары басшыларының бұйрықтарымен анықталады және нақтыланады. ҚР ІІМ ӘПК Патрульдік полиция басқармасының аталған саладағы негізгі міндеттеріне жататындар:

- шешімдерді өңдеу және қабылдау;
- ІІКК және олардың құралдарын пайдалану тәсілдері;
- қойылған міндеттерді орындау үшін күштер мен құралдарды дайындау;
- қызметтің ұйымдастырылуын және өткерілуін бақылау;
- патрульдік полиция бөлімшелерінің нәтижелерін тіркеу және бағалау.

Патрульдік полиция басқармасы полицияның патрульдік қызметін басқару бойынша көптеген функцияларды атқарады, олар ІІО жүйесінде алатын орындарына қарай ерекшеленеді. ІІД және КІІД деңгейінде: қоғамдық тәртіпті қорғауда ІІО барлық құралдары мен күштерін кешенді пайдалануды, олардың өзара әрекеттестігін, облыс, темір жол аумағында жедел жағдайдың өзгеруін есепке ала отырып, күштердің және құралдардың уақытында маневрлерді жүзеге асыруын ұйымдастырады.

Қалалық, аудандық органдар және желілік ІІО деңгейінде:

- патрульдік қызметтің нысандарын, ұйымдастырылуын жетілдіруді қамтамасыз етеді және алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерді, қазіргі заманғы технологиялық құралдарды енгізу негізінде оларды басқарады;
- жедел жағдайға талдау жүргізу негізінде полицияның кешенді күштерінің құралдары мен күштерін орналастыру

және маневрлеу бойынша ҚАПО бастықтарына ұсыныстар енгізеді.

Осылайша, басқармамен жүзеге асырылатын функциялардың басты мазмұны қалалық, аудандық және желілік ішкі істер органдарында полицияның патрульдік қызметі бөлімшелерінің жұмысын бақылау болып табылады.

Патрульдік қызметтің басқармалары мен бөлімшелері арасындағы өзара байланыс аталған басқармалар мен бөлімдер функцияларының салалық бөлінуіне сәйкес ПО-да өздерінің жедел бағыныштылығындағы бөлімшелерге жетекшілікті жүзеге асыратындығымен, олардың қызметтік жұмысын бақылайтындығымен, орындарда жұмысты ұйымдастыруда оларға тәжірибелік көмек көрсететіндігімен көрінеді.

Зерделеніп отырған бөлімшелер қызметінің тиімділігі көбінесе тиісті басқармалар мен бөлімдердің жұмысты ұйымдастыру деңгейіне байланысты болып келеді.

Яғни міндеттер қол жеткізуге қажетті мақсаттарды сипаттайды, ал функциялар аталған мақсаттарға жету үшін қызметтің мазмұнын анықтайды. Осы арақатынасты көңілде ұстаған жөн, себебі қызметтің мақсаты мен мазмұны бір терминмен де айтылуы мүмкін. Мысалға, құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу, қоғамдық орындардағы қылмыстылықпен күрес — бұл полицияның патрульдік қызметінің міндеттері де (мақсаты) және функциялары да (мазмұны) болып табылады. Полицияның патрульдік қызметінің функциялары оның міндеттеріне байланысты.

Бүгінгі күнде полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің негізгі міндеттері мен функциялары мыналар болып табылады:

- Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау;
- Қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Қылмыстардың және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу;
- Қылмыстарды ашуға қатысу;
- Жол қозғалысының ережелерін сақтауға және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қадағалауды жүзеге асыру;

– Құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан меншікті қорғау.

Осылайша, полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің аппараттары мен бөлімшелерінің міндеттері мен функцияларында еліміздің көшелеріндегі және басқа да қоғамдық орындарындағы қоғамдық тәртіпті берік қорғау тәжірибелік тұрғыда қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінген.

### **Өзін өзі тексеру тапсырмалары мен сұрақтары**

1. Полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің міндеттерін атаңыз.

2. Полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің функциясын атаңыз.

3. Полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің аппаратының ұғымын беріңіз.

4. Полицияның патрульдік-бекеттік қызметтің қызметкерлерінің жалпы және жеке профилактикасының мәнісі неден тұрады?

5. Полицияның профилактикалық жұмысының мәнісін қандай элементтер құрайды?

## **2. ПОЛИЦИЯНЫҢ ПАТРУЛЬДІ-БЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ**

### ***2. 1. Полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің жұмысын құқықтық реттеудің мәселелері***

Бұл жұмыстың келесі кезеңі патрульдік қызметтің жұмысын құқықтық реттеу мәселелерін зерделеу болып табылады, өйткені мемлекеттің қандай да болмасын органының жұмыс істеуіне құқықтық реттеудің сапасы үлкен әсерін тигізеді.

Полицияның патрульдік қызметін құқықтық реттеудің үйлесімді үлгісіне, мәселен, оның жұмысының тиімділігі байланысты. Бұл үлгі полицияның патрульдік қызметінің ұтымды құрылымын, басқару кестесін көрсетуі, патрульдік қызмет бөлімшелерінің құзыретін, ПО басқа да құрылымдық бөлімшелерімен және жергілікті билік жүйесімен байланысын нақты анықтауы тиіс.

Әкімшілік полицияның, оның ішінде патрульдік қызметтің жұмысын, оны ұйымдастыруды реттейтін нормативтік актілерді талдау кең көлемді құқықтық базаның бар екендігін көрсетеді, оның ішінен екі блокты айырып көрсетуге болады. Бірінші блокқа барлық әкімшілік полицияға қатысты жалпы актілер жатады, екіншісіне полицияның патрульдік қызметі бөлімшелерінің жұмысына тікелей қатысты арнайы актілер жатады.

Заңгерлік сөздікте құқықтық реттеу деп қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеу нысандары деп түсіндіріледі, олар арқылы қатысушылардың мінез-құлқы құқық нормаларындағы талаптар мен рұқсат етулерге сәйкес келтіріледі. Сондай-ақ, ол құқық субъектілерінің талаптар мен рұқсат етулер түріндегі мемлекеттік еріктен тұратын өздерінің міндеттері мен құқықтарын түсіну деп те түсіндіріледі. Тиісті қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің құқықтық механизмі құқықтық

норма, құқықтық қатынастар, құқықтық жауапкершілік, құқықтық сана сияқты элементтерден тұрады.

Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді ұйымдастыру тәсілі деп олардың қатысушыларына құқықтық қатынастармен байланысты субъективтік құқықтар мен міндеттерді беруді санауға болады.

Біз В. А. Кучинскидің құқықтық мәртебенің мазмұны тұрақтылықпен сипатталады және де ол жеке субъектілердің еркімен емес, нормативтік тәртіпте өзгереді деген көзқарасымен келісеміз<sup>39</sup>. Ал құқықтық қатынастарға келетін болсақ, олар құқық субъектісінің мәртебесімен емес, жеке тұлғаның құқықтық жағдайымен тығыз байланысты.

Біз құқықтық реттеудің келесі анықтамасын берген С. С. Алексеевтің пікірін қолдаймыз: «Құқықтық реттеу — бұл құқық арқылы жүзеге асырылатын қоғамдық қатынастарға заңгерлік әсер етудің құқықтық құралдарының барлық жиынтығы деп түсіну керек»<sup>40</sup>.

Қоғамдық реттеудің бір түрі — құқықтық реттеуді зерделеу барысында ұйымдасқандық, тәртіптілік қандай да болсын қоғамның айырмашылық белгілері болып табылатынын айта кеткіміз келеді. Осыған байланысты қоғамда қоғамдық реттеулердің белгілі бір нысандары бар. Бұл жағдайда қоғамдық қатынастарды реттеуші құқық болып табылады. Құқықтық реттеу өзіне тән сипаттарға ие.

Біріншіден, ол мемлекет тарапынан шыққан жалпыға міндетті нормалар көмегімен жүзеге асырылады, осыдан құқықтық реттеуді кейде мемлекеттік реттеу деп атайды. Мемлекет заңгерлік нормаларды рұқсат етіп қана қоймай оларға жалпыға міндетті күш береді. Бәріміздің күшімізбен құрылып жатқан құқықтық мемлекетте заңгерлік нормалар, мемлекеттің бұйрықтарына деген олардың субъективтік көзқарасына қарамастан, қолданылуы тиіс барлық тұлғаларға міндетті.

---

<sup>39</sup> *Кучинский В. А.* Личность. Свобода. Право. — М.: Юрид. лит., 1978.

<sup>40</sup> *Алексеев С. С.* Механизм правового регулирования в социалистическом государстве. — М.: Юрид. лит., 1966.

Екіншіден құқықтық реттеу барысында мемлекеттің мәжбүрлеу күшін қолдануға мүмкіншілік беріледі. Егер тұлға мемлекеттік нормаларды орындамаса, мемлекеттік мәжбүрлеу аппараты қолданылады.

Үшіншіден, құқықтық реттеу заңгерлік құралдардың барлық жиынтығын қамтитын нақты бір механизмнің жұмысымен байланысты. Жеке мемлекеттік бұйрықтар, құқықтық қатынастар, заңгерлік нормалар мен қандай да болмасын тұлғалардың құқыққа деген психологиялық қатынасының актілері — бұның бәрі құқықтық реттеудің бірыңғай қызмет ету механизмімен сипатталады.

Құқықтық реттеудің мазмұны:

а) билік етуші қоғамдық қатынастарды бекітуде және ретке келтіруде;

б) жаңа қоғамдық қатынастардың дамуына көмек көрсетуде көрінеді.

Сондай-ақ, қойылған талаптарға сәйкес келмейтін қоғамдық қатынастарды ығыстырып шығаруға бағытталған сақтану функциясы бар.

Құқықтық реттеу үрдісінде құқықтың ықпал ету жолдарының сипаттамасы заң ғылымдары үшін ерекше қызықты болып табылады. Осыған байланысты біз Н. Г. Александров айтқан көзқарасты ұстанамыз, ол келесідей үш жолды көрсетеді:

— құқықтық нормалардың бұйрықтарын жалпы назарға жеткізу;

— шығарылған нормаларды идеологиялық негіздеу;

— қоғамдық ықпал ету шараларын немесе жазалау шараларын қолдану қауіпін төндіру<sup>41</sup>.

Заңгерлік нормаларда көрсетілген белсенді мінез-құлыққа деген тыйымдар, рұқсат етулер және бұйрықтар адамдардың мінез-құлқына құқықтың ықпал етуінің негізгі нысандары болып табылады.

Құқықтық реттеу мәселесіне басқа да заңгер-ғалымдар аса назар аударған. Мәселен, Л. С. Явич құқықтық реттеуді зерде-

---

<sup>41</sup> *Александров Н. Г.* Право и законность в период развернутого строительства коммунизма. — М., 1961.



леудің жеке пәні ретінде бөліп қарауды қолдаған<sup>42</sup>. Ол тиісті терминологияны қолданбаған, бірақ қоғамдық қатынастарға құқықтың ықпал етуінің заңгерлік құралдарын тиянақты талдай отырып, шындығында құқықтық реттеу туралы айтқан.

Құқықтық реттеу мәселелері мемлекеттік басқару органдарының қызметінде де өте маңызды. Олар айтарлықтай маңыздылыққа мемлекеттің арнайы органдарының қызметінде ие болады, оларға ішкі істер органдары, оның ішінде полицияның патрульдік қызметі жатады.

Полицияның патрульдік қызметі өзінің жұмысында мемлекет қорғайтын азаматтардың мүдделері, ұйымдар, мекемелер мен өндірістер аясына әрдайым араласады. Сондықтан, айтып келгенде, еліміздегі заңдылықтың жағдайы мен полицияның патрульдік қызметі жұмысының беделі көп қырлы және толып жатқан құқықтық қатынастардың қаншалықты нақты және түсінікті реттелуіне байланысты. Полицияның патрульдік қызметі мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану құқығына ие мемлекеттің арнайы органы болып табылады.

Осыған байланысты құқықтық қатынастар не екенін нақты анықтау қажеттілігі туады. Мәселен, И. И. Веремеенко құқықтық қатынастарды кең мағынасында қарастыра отырып, оны «құқықтық қатынастар дәл сол уақытта заң нормаларының күші қолданатын тұлғалар шеңберін бекітіп қана қоймай, сондай-ақ оларды бір-біріне белгілі құқықтар мен міндеттердің болуымен сипатталатын нақты бір жағдайға қояды, яғни осылайша азаматтардың, органдардың, ұйымдардың құқықтық мәртебесін анықтайды» деп түсіндіреді<sup>43</sup>.

Құқықтық қатынастар қандай да бір органның құқықтық мәртебесімен тығыз байланысты екенін көріп отырмыз.

Мемлекет азаматтардың жеке қауіпсіздігі мен олардың құқықтарын, мекемелер, өндірістер, ұйымдардың жеке мен-

---

<sup>42</sup> *Явич Л. С.* Проблемы правового регулирования советских общественных отношений. — М., 1961.

<sup>43</sup> *Веремеенко И. И.* Механизм административно-правового регулирования в сфере охраны общественного порядка. — М.: ВНИИ МВД СССР, 1982. Ч. 2.

шіктері мен дұрыс жұмыс істеуін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық орындарда жүріп-тұрудың нақты бір нормалары мен ережелерін бекітеді. Бұл нормалар мен ережелер заңдарда, Президенттің жарлықтарында, Үкімет қаулыларында мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының өкімдерінде болады. Осымен қатар қоғамдық тәртіп тек құқықтық нормалармен ғана реттелмейді. Қоғамдық орындарда туындайтын көптеген қатынастар құқықта бекітілмеген мораль нормаларымен, бірге тұру ережелерімен реттеледі. Мемлекет және қоғам полицияның патрульдік қызметіне қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша маңызды рөл беріп отыр.

Полицияның патрульдік қызметінің жұмысын реттеуде Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының заңы, Әкімшілік полиция комитеті туралы ереже және Қазақстан Республикасы ІІМ-нің басқа да ведомстволық нормативтік актілерінің маңызы зор. Оларда далада, саябақтар мен басқа да қоғамдық жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша; осы жерлерде құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу бойынша; қоғамдық және жеке меншік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік билік және басқару органдары шығаратын заңдар мен заңға тәуелді актілерді іске асыру бойынша патрульдік қызмет міндеттері тұжырымдалған. Сондай-ақ жоғарыда көрсетілген актілерде патрульдік қызметтің қызметкерлеріне республикадағы қоғамдық тәртіпті табысты қамтамасыз ету үшін берілген негізгі құқықтары бекітілген.

Қоғамдық тәртіпті қорғауға қоғамдық орындарда белгіленген тәртіпті қамтамасыз етумен, мүлікті қорғаумен, азаматтардың жеке қауіпсіздігімен байланысты әртүрлі мәселелер кіреді. «Қоғамдық тәртіпті қорғауға қылмыстылықпен күрес және қоғамдық қауіпсіздікті қорғау бойынша іс-шаралар кіреді» деп М. И. Еропкин жазған<sup>44</sup>.

---

<sup>44</sup> *Еропкин М. И.* Көрсетілген еңбек.

Полицияның патрульдік қызметінің қызметкерлеріне жүргізген сауалнама нәтижелері бойынша көптеген респонденттер (51 %) олардың жұмысын реттейтін нормативтік актілердің сапасы және санымен қанағаттанбаған, жауап бергендердің 18,5 % ғана қанағаттанған, 30,5 % жауап беруге қиналады. Соңғылардың жоғары проценті өз жұмыстарын реттейтін нормативтік актілерді жеткілікті білмеулеріне байланысты шығар. Осылай респонденттердің 65,5 % өз жұмыстарын реттейтін нормативтік актілердің көп болуына байланысты оларды толық көлемде білмейміз деп санайды, жауап бергендердің тек 27 % бұл салада жеткілікті біліміміз бар деп жауап берді, 7,5 % жауап беруге қиналады<sup>45</sup>.

Полицияның патрульдік қызметінің нормативтік құқықтық негізін талдау келесідей кемшіліктерді көрсетуге мүмкіншілік береді:

1. Шындығында полицияның патрульдік қызметінің барлық іс-әрекеті ведомстволық бұйрықтар, нұсқаулар, ережелер негізінде құрылған, заң актілерінің жоқтығы ведомстволық норма шығармашылықпен толықтырылады.

2. Нормативтік-құқықтық базада кемшіліктер мен қарама-қайшылықтар бар. Патрульдік қызмет пен азаматтар арасындағы қарым-қатынастың маңызды және өткір мәселелерінің көпшілігі қандай да бір заңгерлік негіздеудің аясынан тыс қалған (өзара іс-әрекет, профилактика). Б.П.Курашвили айтқандай «мемлекеттік басқарудың ортасында нық тұру үшін заңның тура күші және нақты болуы керек»<sup>46</sup>.

3. Полицияның патрульдік қызметінің нормативтік құқықтық негізінің құрылымы нашар. Ол болашаққа арналған бірыңғай тұжырымдама болмай құрылған. Нормативтік-құқықтық актілер жұмыс барысында оларға деген нақты қажеттілік туған кезде ғана қабылданған.

---

<sup>45</sup> *Абеуов Е. Т.* Дис. ... канд. юрид. наук. — Правовые и организационные вопросы деятельности патрульной службы ОВД Республики Казахстан.

<sup>46</sup> *Курашвили Б. П.* Очерк теории государственного управления. — М.: Наука, 1987.

4. Ведомстволық нормативтік актілердің күші әрдайым басқа актілермен жойылып отырады (мәселен, Патрульдік қызметтің жарғысы, Полицияның патрульдік учаскелері туралы ереже және т.б.) немесе олар күшіне енгеннен кейін бірден оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі. Бұл түсінбеушілікті тудырып, полицияның патрульдік қызметінің қызметкерлеріне оларды түсіну үшін біраз күш жұмсау керек болады. Ал бұл сайып келгенде полиция қызметкерлері жұмысының сапасына әсер етеді.

5. Полицияның патрульдік қызметінің жұмысына қатысты ведомстволық нормативтік актілердің саны өте көп. Бұл актілер бір-бірін қайталап қана қоймай, қандай да бір ережені әртүрлі түсіндіреді. Мәселен, полицияның патрульдік учаскесі туралы түсінік Қазақстан Республикасы ІІМ-нің бірден екі бұйрығында (2000 жылғы №381, 2002 жылғы №475) беріледі. Яғни, полиция қызметкерінің полиция қызметіне қатысты нормативтік актілерді білу деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым оған жұмыс істеу қиынға соғады (олардағы талаптардан бас тарту қажеттілігін түсіну себебінен). Сондай-ақ, оларды бір мағынада қолданбау мүмкіншілігі бар. Полицияның патрульдік қызметінің жұмысын реттейтін ведомстволық нормативтік актілер бірнеше рет сынға ұшырады, бүгінгі күнде осы актілер негізінде барлық қойылған талаптарға сәйкес жалпы әкімшілік полиция туралы нормативтік актіні әзірлеу қажеттілігі туып отыр.

Қазіргі жағдайда полицияның патрульдік қызметінде құқықтық және ұйымдастырушылық тұрғыдан жаңа мәселелер туындап отыр. Сондықтан жаңа қазақстандық заңнама негізінде ПО нормативтік базасын қалыптастыру жалпы ПО мен полицияның патрульдік қызметінің жұмысын әрі қарай жетілдіру үшін дұрыс себеп болушы еді.

Полицияның патрульдік қызметінің жұмысындағы нормативтік қамтамасыз ету аясындағы жағдай бүгінгі күні тек бір мағынада ғана түсініп, қолдану мүмкіншілігін бермейтін бір-бірімен келісілмеген ережелерден тұратын құқықтық актілердің болуымен сипатталады. Сонымен қатар, патрульдік қыз-

меттің жұмысымен байланысты бірқатар мәселелер құқықтық реттеуден тыс қалды, мәселен:

- 1) халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуді жүзеге асыру;
- 2) көрсетілген қызметтің функциялары туралы ештеңе айтылмаған, сондықтан оған тән емес функцияларды жүктеп қою мүмкіншілігі бар;
- 3) профилактикалық қызметті жүзеге асыру.

Ішкі істер органдары туралы заңда әкімшілік полицияның құқықтық жағдайы бекітілген, алайда, бұдан кейін әкімшілік полиция ведомстволық нормативтік актімен қоғамдық қауіпсіздік полициясы болып қайта аталған, бұл қолданыстағы заңнамаға қайшы келеді. Және де ПО әкімшілік полициясы жүйесіне заң тұрғысында көші-қон және жол полициялары жатады, бұл да ведомстволық нормативтік-құқықтық актілерде көрсетілмеген. Көрсетілген қарама-қайшылықтар әлі күнге дейін жойылмаған.

Ішкі істер органдары туралы заңның 4-2 бабында облыс, Астана қаласы мен Алматы қаласының әкімдері жергілікті бюджет пен бюджеттен тыс қаражаттар есебінен әкімшілік полиция бөлімшелерінің қосымша штаттық санын ұстай алады деп көрсетілген. Өкінішке орай, әкімдер әкімшілік полицияның (патрульдік қызмет) міндеттеріне сәйкес келмейтін және заңсыз нұсқаулар берген кезде, тәжірибе көрсеткендей, көбінесе дәл осы бапты қолданады. Мысалы: 1997 жылы Қарағанды қаласының «Горняк» базарынан сатушыларды басқа базарға ауыстыру нұсқауы.

Көп жағдайда полицияның патрульдік қызметінің қызметкерлері өздеріне тән емес функцияларды орындау үшін тартылады. Мәселен, оларды қаңғырып жүрген жануарларды ұстауға, ПО бастығы орынбасарының жүргізушісі ретінде, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының ғимараттарын күзетуді жүзеге асыруға, сот қаулыларын орындау үшін және тағы басқа да жұмыстарға тартады. Осылай, 1997 жылы Қазақстан Республикасы ІІМ-нің кірісуінен кейін өздерінің маршруттары мен учаскелеріне патрульдік қызметтің 200 астам полиция қызметкерлері қайтарылды. Мұндай фактілер барлық жерлерде кездеседі, оның ішінде көліктегі ішкі істер органдарында да.

Осы себептерден, біздің ойымызша, қоғамдық тәртіпті сақтауға полицияның патрульдік қызметі жеке құрамының шамалы бөлшегі ғана қатыспаса да, көрсетілген қызметтің жұмысын толық қанды жақсарту туралы сөз бола алмайды.

ПО қызметі нормативтік базасының жетілмеуі, біздің ойымызша, оның бүгінгі күн талаптарына жауап бермеуінде. Қолданыстағы қазақстандық заңнамамен есірткіні тұтыну, қаңғыбастық, арамтамақтық үшін жауапкершілік алынып тасталған, алайда осы іс-әрекеттерді жасайтын тұлғалардан қылмыс жасауды күтуге болады. Осы санаттағы тұлғалар ПО патрульдік қызметі қызметкерлерін көп әуреге салып, негізгі міндеттерінен олардың назарын аударады.

Қылмыстардың жалпы алдын алу бойынша патрульдік қызметтің қызметкерлері қолданатын күш салуы да ойдағыдай нәтиже беріп отырған жоқ, өйткені қолданыстағы заңнама қылмыс жасауға қолайлы жағдайлар мен себептерді жоюды қамтамасыз етпейтін лауазымдық тұлғаларға құқықтық әсер етудің шынайы шараларын қарастырмаған. Біздің пікірімізше, профилактикалық іс-әрекетті полицияның патрульдік қызметі жүзеге асырудың құқықтық базасын (негізін) құруға шаралар қабылдау қажет.

Және де ПО-дағы жұмыс жағдайына кейбір жерлері сәйкес келмейтін нормативтік актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажет. Мәселен, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне, оның 543 бабының 2 бөлігі 5 тармағында кейбір құқық бұзушылықтар үшін патрульдік учаскелердің бастықтары жаза қолданады деп бекітілген. Алайда, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің ведомстволық нормативтік актісі «Полицияның патрульдік учаскесі туралы ережеде» бұл лауазым жойылған. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 543-бабы 2-бөлігінің 5-тармағына «патрульдік учаскелердің бастықтары» деген сөздерді «патрульдік қызметтің аға инспекторлары» деп өзгертіп, тиісті өзгертулер енгізуді ұсынамыз.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы ІІО әкімшілік полициясы жүйесіне нақты қандай қызметтер мен бөлімшелер кіретінін анықтау қажет.

Полиция жұмысының шетелдік тәжірибесі жергілікті әкімшілік тарапынан полиция қызметін бақылауды (бірінші қаржылық) күшейту полицияның патрульдік қызметі қызметкерлері мен жұртшылық арасындағы өзара түсінісуді, берік байланысқа қол жеткізуді қамтамасыз ететінін көрсетіп отыр.

Полицияның халыққа шынайы жақындасуына бағытталған шаралар кешенін, әзірлеу қажет, мәселен «халыққа әлеуметтік қызмет көрсету концепциясы» сияқты. Жұртшылық күшіне сүйенбей құқықтық тәртіпті сақтаудың көптеген проблемаларын шешу мүмкін еместігін әлемдік практика мен біздің елдің тәжірибесі көрсетіп отыр. Алайда, азаматтарға нақты материалдық және моральдық ынталандыруға кепілдік беретін тиісті құқықтық алғышарттарсыз бұл мәселені шешу мүлдем мүмкін емес. Қазақстан Республикасы ІІМ халыққа өткізген сауалнама нәтижелеріне сәйкес полицияның қызметін жақсартуға бағытталған шаралар арасында жұртшылықты қоғамдық тәртіпті сақтауға тарту ең маңыздысы болып танылды.

Қазіргі кезде құқық тәртібін сақтауға жұртшылықты қатыстырудың жаңа нысандарын іздеу және енгізу жүріп жатыр. Республикамыздың кейбір облыстарында қоғамдық бірлестіктер құрылды, мәселен, Өскемен қаласындағы полицияға көмек көрсететін құрама жедел отряды, Алматы облысындағы сарбаздар отряды, Қарағанды қаласындағы консьерждер институты<sup>47</sup>, жеке меншік банктер, дүкендер, кафелерді күзетуді, оққағарлар қызметін көрсетуді жүзеге асыра отырып, өз қызметінде құқық тәртібін сақтауға көмектесетін жеке меншік күзет агенттіктері сияқты құқық қорғау қызметінің басқа да субъектілерімен ІІО өзара іс-әрекет етуін нығайту қажет.

Алматы қаласында өткен «Қауіпсіздік және кәсіпкерлік» атты халықаралық конференцияда кәсіпкерліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ауыр жүктің жартысын мемлекеттік емес күзет құрылымдарының өкілдері өздеріне алғаны атап

---

<sup>47</sup> Полицияның көмекшілері // Егемен Қазақстан. 2001. 13 қазан.

өтілді. Осылай құқық қорғау органдарының қызметі айтарлықтай жеңілдеді<sup>48</sup>. Мемлекеттік емес күзет қызметі Қазақстанда ХХ ғасырдың 80 жылдарының соңында пайда бола бастады. Оның қалыптасу процесі көбінесе стихиялық сипатта болды. Теориялық, құқықтық және кәсіби негіздері болған жоқ. Құқық қорғау органдары жеке меншік агенттіктерге тек бәсекелестер ретінде қарады, сондықтан бұл қызмет түрін жоюға тырысты. Бүгінгі күні жеке меншік күзет агенттіктерінің 500 астам фирмалары және 10000 астам адамдары бар<sup>49</sup>. «Кәсіпкерлік пен жеке тұлғаның қауіпсіздігі» ассоциациясы басшыларының бірі Н.Петрушевтің пікірінше мемлекеттік емес қауіпсіздік қызметтерінің 60 % МҚК-нің бұрынғы қызметкерлерінен, 30 % ПМ-нің бұрынғы қызметкерлерінен, 8% ҚК-нің бұрынғы офицерлерінен тұрады, тек 2 % ғана бұрын күш құрылымдарында қызмет етпеген адамдар. Мұндай адамдар армиясын мойындамау мүмкін емес, өйткені халықаралық тәжірибе көрсеткендей, тіпті ең бай және күшті мемлекеттің өзі де әр адамның және оның мүлігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды.

АҚШ Ұлттық әділет институтының мәліметтері бойынша қазіргі уақытта ол елде 1,6 миллион жеке меншік күзетшілері бар екен, бұл полиция ведомстволарының қызметкерлерінен екі есе артық. 1980 жылмен салыстырсақ өсім 64 % құрайды. Егер 1993 жылы американдық компаниялар күзет, дабыл және бейне жүйелер, тергеу жүргізу және басқа да қауіпсіздік шаралары үшін 64,4 миллиард доллар төлесе, 2000 жылы осы мақсаттарға шығын 103 миллиард долларды құрады, жыл сайынғы өсім 8% құрайды.

Американдықтардың санауы бойынша Бостон қаласында қалалық муниципалдық полиция мен қалалық мүлікті қорғау жөніндегі полицияны ұстау жеке меншік компаниялардың күзетшілерін жалдаудан екі есе қымбат шығатыны анықталды.

---

<sup>48</sup> Сыск и охрана — частные, но дело — государственное // Казахстанская правда. 1996. 17 октября.

<sup>49</sup> Секьюрити: конкуренция или сотрудничество? Частная охранная деятельность в Казахстане // Ваше право. 1998. 21 августа.



Атап айтқанда, Бостон полицейлері сағатына 11-12 доллар алады, бұл жеке меншік агенттіктердегі олардың әріптестерінен 5 долларға артық<sup>50</sup>. Сондай-ақ, полиция қызметкерлеріне әртүрлі қосымша төлемдер тиесілі. Сондықтан, жеке меншік күзет құрылымдарына төлеу тиімдірек. Қазақстан Республикасында да жеке меншік күзет қызметін дамыту тиімдірек болмай ма? Біздің ойымызша, біздің елде жеке меншік күзет қызметі неғұрлым жақсы дамыған болса, соғұрлым ПО-да, атап айтқанда полицияның патрульдік нарядтарында жұмыс азаяды.

Егестік және бәсекелестік элементтерін неғұрлым тезірек жою қажет. «Бәсекелестердің» қызметі құқық қорғау органдардың қызметін алмастыруға емес, қылмыстылықпен бірге күресуге және азаматтарға қауіпсіз өмір қамтамасыз етуге бағытталғанын екі жақ түсінген кезде, екі жақтың бірлескен күшімен ғана бұл кедергіні жоюға болады. Бұл мақсатты іске асыру жолдары бірнеше, олар:

- қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша бірлескен патрульдеу;
- жеке меншікті бірлесіп күзету;
- ақпараттық тәжірибе алмасу және тағы басқалар.

Тәжірибе өту ретінде қоғамдық тәртіпті сақтауға заң факультеттерінің студенттерін тарту мәселесін жоғары оқу орындарының басшыларымен шешу мақсатқа сай деп ойлаймыз. Және де студенттерін тәжірибеге қайда жіберу еліміздің көптеген жоғары оқу орындары үшін көкейкесті мәселе. Біз сұрақ қойған полиция қызметкерлерінің көбі (64 %) бұл ойды қолдайды, 32,5 % қарсы, 3,5 % жауап беруге қиналады<sup>51</sup>. Аталған мәселе ойдағыдай шешілсе, студенттерді патрульдік нарядтарға бекіту керек, онда полиция қызметкері жауапты, ал студент көмекшісі болады. Осылай бір жаяу патрульдік нарядтан (екі полиция қызметкері) студенттерді тартумен екі патрульдік

---

<sup>50</sup> Бұл да сонда.

<sup>51</sup> *Абеуов Е. Т.* Дис. ... канд. юрид. наук. — Правовые и организационные вопросы деятельности патрульной службы ОВД Республики Казахстан.

наряд ұйымдастыруға болады, бұл нарядтар санын айтарлықтай көбейтіп, полиция қызметкерлерін қосымша алуға деген қажеттілік жойылады.

Студенттерді көшелер мен қоғамдық орындарды патрульдеуге тарту, біздің ойымызша, келесідей мүмкіншіліктер мен артықшылықтарды береді:

- а) теориялық білімдерін тәжірибеде бекіту;
- б) студенттерде жауаптылық және патриотизм сезімдерін тәрбиелеу;
- в) полиция патрульдік нарядының санын көбейту;
- г) патрульдік полиция қызметкерлері мен басқаларын қысқарту есебінен мемлекеттік қаржылық қаражатты үнемдеу.

Полицияның патрульдік қызмет қызметкерлерінің азаматтардың құқықтары мен еркіндігіне қатысты көптеген құқықтық өкілеттері, бүгінгі күні тек ведомстволық реттеу тәртібі ретінде ғана қарастырылған. Таяу арада әкімшілік полиция туралы нормативтік акт қабылдау қажет. Мүмкін мұндай нақтылау арқылы заң көлемі көбейер, алайда оны әртүрлі түсіну мүмкіншілігі азаяды. Қолданыстағы Қазақстан Республикасы ІІМ ӘПК туралы ережеде комитет мәселелері ғана қозғалады, ал әкімшілік полицияның қоғамдағы және мемлекеттегі орны мен рөлі көрсетілмеген.

Полиция құзыреттілігінің айқын еместігі әкімшілік-әміршілдік жүйеден туындаған. Әкімшілік полиция мұндай жағдайда полиция беделін түсіретін түрлі күдікті жағдайларды шешу үшін қолданылуы мүмкін. Көптеген әкімдер берген нұсқауларының заңдық негіздемесіне аса берілмей, полиция қызметкерлері қай уақытта және қашан не істеу керек екендігі туралы нұсқау беруге өздерін құқылы деп санайды.

Қазіргі уақытқа дейін «полицияның патрульдік қызметі» ұғымының нақты анықтамасы жоқ және оның қызметі туралы да ештеңе анықталмаған. Полицияның патрульдік қызметі ғылыми негізделген мақсаттары мен функцияларының жоқтығы, оның міндеттерін негізсіз анықтауға әкеліп соғады.

Өкінішке орай, полицияның патрульдік қызметін көптеген азаматтар олардың өміріндегі қандай да бір даулы жағдайды шешуге қабілетті мемлекеттің әмбебап органы ретінде қабыл-

дайды. Сондықтан «полиция қайда қарап отыр» деген сұрақты әлі де естуге болды. Біздің ойымызша, қоғамға полиция неге болса да белсенділігі жеткіліксіз немесе әрекетсіздікте алдынала кінәлі болып көрінеді. Әрине, полицияға ақталу қиын, өйткені қалыптасқан пікір бойынша ол бәрін қадағалауы тиіс. Полицияның әлеуметтік рөлін осылай әдеттегідей қабылдау тұрғысында оған қалалардың тазалығын қамтамасыз ету мен көркейту тәртібін сақтауды қадағалау, бұралқы жануарларды ұстау және т. б. бойынша міндеттерді жүктеу кездейсоқ емес. Жергілікті мемлекеттік басқару органдары өздерінің міндеттерін жұртшылықпен еңбекті көп қажет ететін, шаруашылық, ұйымдастырушылық және тәрбие жұмыстары арқылы емес, бұрыннан сыналған, жеңілдеу жолы — полициялық күштеу арқылы шешеді.

Сондықтан, патрульдік қызмет туралы нормативтік акті әзірлеу барысында олардың функциялары туралы мәселені полицияның патрульдік қызметі тек не істеуі тиіс тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ не істемеуі керек тұрғысынан да қою қажет.

Бұл жерде біз Н. М. Жданов пен Ю. П. Соловьяның пікірлерімен келісеміз, олар «ПО қызметі құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесумен, қылмыстарды ашу және тұлғалардың тиісті санатын іздеумен тікелей байланысты қоғамдық қатынастар аясында ғана болуы тиіс» деп санайды<sup>52</sup>.

Патрульдік қызметінің полиция қызметкерлерінің құқықтық қорғалуы көбінесе жалпы полиция жұмысының құқықтық реттелуінің нақтылығына байланысты. Полиция қызметкерлерінің құқықтық нашар қорғалуы жергілікті мемлекеттік басқару органдары, прокуратурадан тұратын бақылау органдары полиция жұмысын бағалауға, полицияның жекелеген қызметкерлерімен қоса, жалпы ұжымдарға қатысты тиісті қорытындылау жасауға бір жақты қарау мүмкіншілігінен туындап отыр. Полицияны басқа мемлекеттік органдар және қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынастары заңмен нақты белгіленген басқа

---

<sup>52</sup> *Жданов Н. М., Соловей Ю. П.* Проблемы деятельности милиции в современных условиях // Труды Омской ВШ МВД РФ. — Омск, 1990.

құқық қорғау органдарымен (сот, ҰҚК, қаржы полициясы және т. б.) бір қатарға қою қажеттілігі туралы айтуға уақыт келді. Бұл полиция жұмысына араласуға кедергі болар еді.

Демократизациялаудың қазіргі жағдайында полиция өз құқықтарының кепілдіктері мен өкілеттіктеріне жеткілікті деңгейде қол жеткізе алмай отырғаны көрінеді. Бұдан бұрынғы жылдарда халықтың өз құқықтарын жеткілікті деңгейде қолданбауын пайдалана отырып, өз қызметін жеткіліксіз нормативтік базасыз жүзеге асыруға болар еді. Қазір азаматтардың құқықтары әлдеқайда кең. Бұл патрульдік полиция қызметкерлерінің қарапайым жағдайларды шешу кезінде орынсыз қысылуына, полиция қызметкерінің азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзушы болып көріну қорқынышына әкеліп соғады. Иә, біздің құқықтық мемлекетте патрульдік полиция қызметкерлерінің неғұрлым батыл іс-әрекеттері қажет, бірақ олар нақты заңдық негізде құрылуы тиіс. Бұл қалыптасқан жағдайда, бірінше ретте, өзінің конституциялық құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша белсендірек іс-әрекетті талап ету құқығы бар, азаматтар зардап шегеді.

Полицияның патрульдік қызметі қызметкерлерінің құқықтық қорғалу мәселесін талқылай отырып, шетелдердің оң тәжірибесін түбегейлі зерделеу қажет. Көкейкесті мәселелердің бірі — бұл жалпы полиция патрульдік қызметінің, нақтылап айтқанда оның қызметкерлерінің әлеуметтік-құқықтық мәртебесін анықтау.

Полицияның патрульдік қызметі қызметкерлерінің әлеуметтік-құқықтық мәртебесі тек өкілеттіктер, құқықтар, міндеттер жиынтығы, яғни лауазымдық тұлғаның құзыреті ғана емес, сондай-ақ патрульдік қызмет қызметкерлерінің қоғамдағы орны мен рөлін анықтайтын әлеуметтік функциялар, байланыстар мен қатынастар жүйесі деп түсіну керек<sup>53</sup>. Бұл жағдайда біз С. М. Кононовтың «әлеуметтік-құқықтық мәртебе бір жағынан құқық субъектісі ретіндегі, екінші жағынан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету

---

<sup>53</sup> *Лазарев Б. М.* Компетенция органов государственного управления. — М.: Юрид. лит., 1972.

субъектісі ретіндегі қызметкердің заңнама тәртібінде қорғалатын мүдделерінің болуын көздейді» деген пікірімен келісеміз<sup>54</sup>.

Патрульдік қызмет бөлімшелердің құрылу, қызмет, қаржыландыру, бағыныштылық ерекшеліктерін ескере отырсақ, олардың әлеуметтік-құқықтық мәртебесінің криминалдық полиция қызметкерлерінің жағдайынан қандайда бір айырмашылығы болуы мүмкін. Патрульдік қызмет полицейлеріне қатысты оның міндеттері — жергілікті мемлекеттік басқару органдарының оған бағынышты құрамына патрульдік қызмет кіретін әкімшілік полиция қызметіне қоятын талаптарында көрінетін мүмкіншіліктер. Ал құқықтар мен бостандықтар — бұл өзінің функцияларын жүзеге асыру мақсатында берілген, заңнама тәртібінде бекітілген әлеуметтік мүмкіншіліктер. Біздің ойымызша, бұл құқықтар мен міндеттердің жалпыға міндетті, кепілденген минимумын анықтау мақсатқа сай, бұл патрульдік қызмет полицейлерін жалпы ішкі істер органдары және криминалдық полиция қызметкерлерімен салыстырғанда төмен жағдайға қоймауға мүмкіншілік береді.

### **Өзін өзі тексеру тапсырмалары мен сұрақтары**

1. Құқықтық реттеудің мазмұны немен анықталады?
2. Полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің қызметкерінің әлеуметтік-құқықтық мәртебесінің ұғымын атаңыз.
3. Студенттерді бірлесіп патрульдеуге тарту қандай мүмкіншіліктер береді?
4. Құқықтық тәртіпті қорғауға қоғамның қатысуының нысандарын атаңыз.
5. Полицияның патрульдік-бекеттік қызметтің қызметінің нормативтік-құқықтық негізінің негізгі кемшіліктерін атаңыз.

---

<sup>54</sup> *Кононов С. М.* Проблемы становления местной милиции в РФ: задачи и перспективы исследования. — Саратов, 1995.

## **2.2. ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ПАТРУЛЬДІК ҚЫЗМЕТТІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ**

Мемлекет қызметінің негізгі бағыттарының бірінің маңызын қоғамдық тәртіпті қорғау секілді функция көрсетеді, ол аталған міндеттердің тәжірибелік тұрғыда жүзеге асырылуына қандай да бір дәрежеде ықпалын тигізеді. ҚТҚ-нің мәні құқық бұзушылықтардың жолын кесуде және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартуда ғана емес. М. И. Еропки мен Л. Л. Попованың пікірінше, «қоғамдық тәртіпті қорғау, ең алдымен, құқық бұзушылықтардың алдын алуды; белгілі бір тұлғалардың әрекеттері немесе әрекетсіздіктері негізінде азаматтардың өздерінің субъективті құқықтарын іске асыру барысында, олардың заңнамада белгіленген міндеттерін орындау барысында, олардың мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыру барысында кедергілер қалыптаспас үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етуге; адамдардың тыныш еңбегі мен демалысы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған»<sup>55</sup>.

Бұған қоса ҚТҚ және ҚҚҚЕ және олардың құқықтық тұрғыда қорғалу түсініктері тек ілімдік мағынаға ғана ие емес, сонымен бірге жаңа тұжырымдамаларды, осы мәселелерді шешудің тәсілдерін өңдеу, ең алдымен, елімізде ҚТҚ және ҚҚҚЕ функциялары жүктелген Қазақстан Республикасының басқару органдарының қызметін жетілдіру қажеттілігімен көрінген тәжірибенің қажеттіліктеріне негізделген.

Жоғарыда атап өткендей, біздің мемлекетіміздің функцияларының бірін қоғамдық тәртіпті қорғау құрайды. Осыған байланысты мемлекет құқықтық нормаларды қалыптастырады, осы нормаларды іске асыратын арнайы органдарды құрады, мемлекет мүдделерін қорғайды, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғайды.

Еліміздегі құқық тәртібін бір қалыпта ұстап тұру үшін құқық нормалары қажет, оларды қабылдау өкімет билігі органда-

---

<sup>55</sup> *Попов Л. Л., Еропкин М. И.* Административно-правовая охрана общественного порядка. — Л.: Лениздат, 1973. — С. 18.

рының құзыретінде. Осы мақсаттарда мемлекет қажет болған жағдайда құқықтық аталған нормаларын іске асыру барысында мәжбүрлеу шараларын қолдануға құзырлы органдардың толықтай жүйесін құрады. Қоғамдық тәртіпті қорғау аясындағы құзіреттіліктің ең ауқымды бөлігі полицияның патрульдік қызметіне тиесілі. Нақ сол республикамыздағы қоғамдық тәртіптің жағдайына мемлекет алдында жауапты болып табылады. Қоғамдық тәртіпті қорғау — полицияның патрульдік қызметінің ең басты мақсаттарының бірі.

ҚТҚ бойынша қызмет атқарушы-өкімдік сипатқа ие, себебі қоғамдық тәртіпті реттейтін заң және заңға тәуелді актілерді іске асыруды, олардың азаматтармен және лауазымды тұлғалармен қатаң және мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етеді. Осыдан келе, полицияның патрульдік-бекеттік қызметі жүктелген міндеттерді орындау мақсатында мемлекет тарапынан бірқатар атқарушы-өкімдік құзыреттіліктерге ие.

Қазіргі уақытта барлық қалаларда және еліміздің ірі поселкелерінде қоғамдық тәртіпті қорғау негізінен полицияның патрульдік қызметінің бөлімшелерімен жүзеге асырылуда. Олар республикамызда құқық тәртібін қамтамасыз ету бойынша және ПО әкімшілік қызметін жүзеге асыру бойынша көп санды және шынайы күш болып саналады.

ПО барлық қызметтері мен бөлімшелері арасында полицияның патрульдік қызметінің тікелей міндеті қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады. Алайда бұл өздерінің негізгі міндеттерімен қатар ҚТҚ-ге қатысатын басқа да полиция бөлімшелерінің рөлін төмендетпейді. Патрульдік қызметтің бөлімшелері қоғамдық тәртіпті қорғау барысында заңмен берілген функцияларды жүзеге асырады, яғни әкімшілік-құқықтық нысандарды және құралдарды пайдалана отырып, азаматтардың құқықтары мен қанды мүдделерін қорғау.

Полицияның әкімшілік қызметінің екі бағыты бар, М. И. Еропкин оларды «ішкі» және «сыртқы» деп атап көрсетеді<sup>56</sup>. Әкімшілік қызметтің «сыртқы» бағытының негізгі ны-

---

<sup>56</sup> *Еропкин М. И.* Көрестілген жұм. — 85 б.

сандары: профилактикалық сипаттағы іс-шараларды жүргізу, әкімшілік қадағалау, әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану.

«Ішкінің» құрамына жататындар: кадрларды іріктеу және орналастыру, полицияның барлық қызметтері мен бөлімшелерінің қызметін жетілдіру бойынша жұмыс, алдыңғы қатарлы тәжірибені тарату, қызметкерлерді аттестаттау, шешімдер қабылдау, орындалуын бақылау және тексеру, жұмысты жоспарлау, марапаттау және тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану, күнделікті басшылықты жүзеге асыру және т.б. жоғарыда аталған элементтер полицияның ішкі ұйымдастырушылық қызметін құрайды, оның ішінде, патрульдік қызмет бөлімшелерінің. Ол ҚТҚ және ҚҚҚЕ бойынша полицияның патрульдік қызметінің жұмысын жақсартуға бағытталған. Әкімшілік қызметтің жоғарыда аталған бағыттары өзара байланысты және олардың өзара әрекеттестігі полицияның патрульдік қызметінің жұмысына оң әсерін тигізеді. «Сыртқы» әкімшілік қызмет арқылы полицияның патрульдік қызметі өзінің негізгі функциясын атқарады — ҚТҚ және ҚҚҚЕ — бұл «ішкі» әкімшілік қызметтің қалай ұйымдастырылуына байланысты: негізгі міндетінің орындалуына жақсы жақтарынан ықпал ететін қызметтің оңтайлы ұйымдастырушылық құрылымы анықталды ма; оларды басқару қалайша екен; полицейлердің жұмысы ынталандырылады ма; полицияның патрульдік қызметінің жеке құрамының саны өздеріне жүктелген міндеттерді тиісті деңгейде орындай алатындай деңгейге сәйкес келеді ме.

Барлық әкімшілік полициясындағыдай патрульдік қызмет жұмысының негізгі бағыттарының бірі құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады. Профилактика осы құқық бұзушылықтарды жасауға септігін тигізген себептер мен жағдайларды түбегейлі зерделеуден тұрады, бұл оған белгілі бір мақсатқа бағытталған сипатты береді. Әрине, құқық бұзушылықтың жасалуына ықпал еткен жедел жағдайды, себептер мен жағдайларын және патрульдік учаскедегі қоғамдық тәртіптің жағдайын талдау қара бастың қамы емес. Бұл тек жалпы алғанда патрульдік қызмет пен әкімшілік полицияның профилактикалық жұмысты табысты жүргізуі үшін қажетті жағдайлар болып табылады. Бүгінгі күнде олар қылмыстылықпен күрес-



тегі жедел жағдайдың қалыбына және нәтижелеріне әсер ететін шынайы күштерді құрайды. Осылайша 2009 жылы ашылған барлық қылмыстардың ішінен патрульдік қызметтің нарядтарымен 43299 қылмыс ашылды, ал 2010 жылы — 50035 факт, бұл өткен жылға қарағанда 15,6 % көп.

Көшедегі құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу аясындағы патрульдік нарядтардың жұмысының тиімділігі артуда. 2009 жылдың өзінде олар әртүрлі әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған 2745807 тұлға ұсталды, ал 2010 жылы – 2432909 азамат<sup>57</sup>.

Полицияның патрульдік қызметінің күштері ҚТҚ және ҚҚКЕ бойынша қызметті жүзеге асырады, құқық бұзушылықтардың алдын алады, жолын кеседі және анықтайды; «көше» қылмыстарын ашу бойынша шаралар қолданады т. с. с. олардың қызметінің мәні қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті реттейтін заңдар мен заңға тәуелді актілерді күнделікті іске асыру, орындау болып табылады. Аталған қызметтің қызметкерлері түрлі ұйымдық-құқықтық нысандарда алдын алу жұмыстарын жүргізеді; заңдардың қағидалары аясында республикамыздың қоғамдық орындарындағы адамдардың тәртібін реттейді; азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайды; түрлі қоғамдық тәртіпті бұзушылықтардың алдын алады, анықтайды, жолын кеседі; азаматтардың еңбегі мен демалысы үшін қажетті жағдайларды жасайды және т.б.

Құрамында әкімшілік полиция бар ішкі істер органдары мемлекеттік басқарудың арнайы органдарына жатады. Олардың бірінші ерекшелігі патрульдік қызметтің күштерімен және құралдарымен қоғамдық тәртіпті қорғауды және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыруы және де оларды іске де асыруы болып табылады.

Екінші ерекшелігі полицияның патрульдік қызметінің кең көлемді әкімшілік қадағалау функцияларына ие екендігімен көрінеді. Қоғамдық тәртіпті бір қалыпта ұстау адамдардың

---

<sup>57</sup> 2010 жылға ҚР Бас Прокуратурасының АЕ және ҚСҚ сатистикалық мәліметтер жиынтығы. — Астана, 2010.

қоғамдық орындардағы тәртіптің; жарылғыш және қатты әсер ететін заттарды тасымалдау тәртібінің, төлқұжаттық тәртіптің және т.с.с. сақталуын үнемі қадағалауды талап етеді.

Патрульдік қызметтің үшінші ерекшелігін мемлекеттік қызметтің арнайы жақтары құрайды: қызметке қабылдану кезіндегі жоғары талаптар (мінсіз өткен өмірі, денсаулығының күшті жағдайда болуы және т.б.), әскери қызметтің, біліктілігін көрсететін арнаулы атақтардың, білімдердің, ерекше қызметтік тәртіп және тағы басқалар.

Сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қорғау патрульдік қызметтің барлық бөлімшелерінің реттелген, нақты, жылдам және жедел жұмысын, олардың ұйымдасқан өзара қызметін, ПО басқа қызметтерімен байланысын, бұйрыққа сөзсіз бағынуын талап етеді. Бұл ПО толық жүйесінің ішкі ұйымдастырылуын қамтиды, оның негізінде әскериге ұқсас тәртіп жатыр; ол тәртіптік жарғымен реттеледі. Полицияның патрульдік қызметіндегі қызметкерлердің лауазымдық жағдайын, біліктілігін, өкілеттілік ететін шектерін және қызметтің еңбек өтілін көрсететін арнаулы атақтары бар. Осының барлығы тәртіптің нығаюына, басшы құрамның беделінің артуына және т.б. ықпал етеді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, патрульдік бөлімшелердегі және жалпы ПО-дағы қызмет республикамыздағы мемлекеттік қызметтің қағидаларына сәйкес келеді деген қорытынды жасауға болады<sup>58</sup>.

Басқару ісі — белгілі бір мақсатқа бағытталған қызмет, яғни басқарушы субъект объектіге ықпал ете отырып, басқарушылық шешімде бекітілген мақсаттарға жетуге ұмтылады<sup>59</sup>. Басқа сөзбен айтқанда, басқару ісінің мазмұны «белгілі бір мақсаттарға жету үшін адамдардың бірлескен қызметін келістіру бойынша жетекшінің және басқару аппаратының белгілі бір

---

<sup>58</sup> Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы. // Егемен Қазақстан 1999 25 шілде.

<sup>59</sup> Научная организация управления ОВД: Учеб. пос. — М.: Академия МВД СССР, 1984.

мақсатқа бағытталған әрекетінің жиынтығы» деген ұғымды білдіреді<sup>60</sup>

Полицияның патрульдік қызметінің бөлімшелерін және нарядтарын басқару — бұл көп адамды қамтитын және белгілі бір мақсаттарға жету және нақты міндеттерді шешу мақсатында басқару субъектілері жағынан бағыныштыларға үздіксіз ықпал етумен көрінетін көп қырлы, күрделі және динамикалық процесс. Мұндай басқару патрульдік қызметтің күштері мен құралдарын мақсатқа сай орналастыруды, олардың қоғамдық орындардағы қылмыстардың алдын алудағы және жолын кесудегі ептілігін, жылдамдығын және белсенділігін құруға және оларды оңтайлы пайдалана білуге көмектесуі керек.

Полицияның патрульдік қызметінің нарядтарын және бөлімшелерін басқаратын субъектілер — бұл аталған қызметке жетекшілік ету бойынша белгілі бір міндеттерді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар. Олардың басқару процесіне қатыстылығының деңгейі әртүрлі және басып отырған лауазымдарына байланысты. Патрульдік қызметтің лауазымды тұлғаларының функциялары ІО ведомстволық нормативтік актілерімен анықталған. Патрульдік қызметтің лауазымды тұлғалары тек өз жұмысын ғана біліп қоймай, сонымен қатар қарамағындағылардың жұмысын реттей білулері де қажет — бұдан басқару субъектісі жағдайының ерекшелігі көрінеді.

Басқарудың кез-келген ісі «басқару қызметінің технологиясын» білдіретін бірізді элементтердің (сатылардың) қатарынан тұрады<sup>61</sup>. Полицияның патрульдік қызметтерін басқару ісі оның мазмұнын құрайтын бірнеше элементтерден (сатылардан) тұрады. Істің элементтерге бөлінуі — бұл басқаруды зерделеуге көмектесетін, оны құрайтын компоненттердің құрылымын анықтауға көмектесетін, және де жалпы басқару жүйесінің қызмет етуінің тиімділігін арттыратын жолдарды табуға

---

<sup>60</sup> Теория управления социалистическим производством / Под ред. **О. В. Козловой**. — М.: Экономика, 1983. — 205 с.

<sup>61</sup> **Ипакян А. П.** Аналитическая работа. Основы научной организации управления и труда в ОВД. — М.: МВШ МВД СССР, 1973.

көмектесетін сызба ғана (қазіргі жағдайда — патрульдік қызметтің күштерімен).

Басқару теориясына және басқару ісінің элементтерін (сатыларын) қарастыруға заң әдебиеттерінде жеткілікті көңіл бөлінген, тіпті авторлар осы сатылардың жалпы түсінігі және де олардың атаулары туралы да түрлі пікірлер білдірген<sup>62</sup>.

Осылайша, элеуметтік басқарудың функцияларына Б. М. Лазарев ақпаратты (жинау, талдау, беру және сақтау), болжау, жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу, жетекшілік ету, үйлестіру, тіркеу және бақылауды жатқызады<sup>63</sup>.

В. Г. Афанасьев «Басқару циклінің ауыспалы сатыларына сәйкес келетін басқару субъектісінің операциялары, әрекеттері басқару функциясын құрайды, ал сол функциялардың жиынтығы — басқару процесінің мазмұны. Ондай функцияларға: ұйымдастыру, реттеу, басқару шешімдерін өңдеу және қабылдау; есепке алу және бақылау жатады. Басқарудың аталған функцияларының жүзеге асырылуы ақпараттық процесстермен байланысты»<sup>64</sup>.

В. С. Осовиннің пікірінше, басқару функциялары — бұл «басқару субъектілерінің оның барлық звенолары мен жүйелеріне бағыныштыларға әсер ететін, әсіресе, белгілі бір жүйеге немесе басқарудың тиісті түріне тән, басқару субъектілері әрекеттерінің анағұрлым жалпы түсінігі»<sup>65</sup>.

Басқару циклі сатыларының мәні туралы түрлі пікірлерді терең талдау біздің міндетімізге кірмейді. Сондықтан тек барлық авторлардың басқару процесі деп бірқатар элементтерден (сатылардан) тұратын басқару звеносы алдына қойылған міндеттерді орындау бойынша ұйымдастыру қызметін атап өтетіндігін белгілеп өтеміз.

---

<sup>62</sup> *Лазарев Б. М.* Көрсетілген еңбек.

<sup>63</sup> *Афанасьев В. Г.* Научное управление обществом: опыт системного исследования. — М.: Политиздат, 1973. — С. 27.

<sup>64</sup> *Афанасьев В. Г.* Көрсетілген еңбек.

<sup>65</sup> *Осовин В. С.* Основы науки социального управления. — Воронеж, 1971. — 58-б.

Нақ осы позициялардан біз басқару ісін қоғамдық тәртіпті қорғау кезіндегі полицияның патрульдік қызметінің күштерімен және құралдарымен қарастыруға, осы процестің патрульдік қызметтің алдында тұрған міндеттерді сапалы орындау үшін жаңаша жақсартудың қажет ететін басқа жақтарын анықтауға талпынып отырмыз. Аталған істі қарастырудың қолайлылығы үшін, басқару ісінің кезеңдерін екі топқа бөлген қажет.

Бірінші топқа патрульдік нарядтармен басқару ісінің барлық мазмұнының маңызын құрайтын кезеңдерді жатқызуға болады:

- полицияның патрульдік қызметінің күштері мен құралдарын орналастыру бойынша басқару шешімін дайындау және қабылдау;
- бөлімшелер мен нарядтарға нұсқамалық жүргізу;
- нарядтармен үздіксіз байланыста болу, олар арасында ақпаратпен алмасу;
- полицияның күштері мен құралдарының маневрі;
- патрульдік қызмет жұмысында өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету;
- полицияның патрульдік нарядтарының қызмет өткеруін бақылау<sup>66</sup>.

Екінші топты басқарудың барлық процесінен өтетін бір-біріне қатысты белгілі бір реттілігі жоқ кезеңдер құрайды және кезекті міндеттер мен кезеңдердің жалпы жағдайларын жасайды. Оларға: ақпарат, жоспарлау, болжау, реттеу, іріктеу, орналастыру және кадрларды тәрбиелеу жатады.

Басқару элементтерінің аталған топтарынан бірінші топты басқару циклі құрайды. Біз соған аса көңіл бөлеміз және диплом тақырыбына орай жан-жақты қарастырамыз.

Полицияның патрульдік қызметінің күштері мен құралдарын орналастыру туралы басқару шешімін дайындау және қабылдау. Шешімді дайындау және қабылдау – басқару процесінің негізгі элементтерінің бірі, оларды назардан тыс қалдыруға болмайды.

---

<sup>66</sup> *Бородин С. С.* Патрульно-постовая служба милиции: Учеб. пос. — Л.: ВПУ МВД СССР, 1983.

Аталған жүйедегі басқару шешімдерінің негізгі нысандары болып табылады:

- басқару актілері (бұйрықтар, нұсқаулықтар, жарғылар, ережелер және ұйғарымдар);
- күштер мен құралдарды кешенді пайдалану жоспарлары (бірыңғай дислокация);
- жұмыс жоспарлары<sup>67</sup>.

Тәжірибеде белгілі бір мәселеге қатысты қабылданған шешім бір уақытта бірнеше нысандарда көрінуі мүмкін. Мысалға, бұйрықта, күштер мен құралдарды көшіру, жоспар тармағында.

Қызмет көрсетілетін аумақтарда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету қорғау үшін патрульдік қызметті ұйымдастыру туралы басқару шешімдерінің үш негізгі түрі әзірленеді:

- қоғамдық тәртіпті қорғауда полицияның күштерін кешенді пайдалану жоспары;
- келесі тәуліктерге патрульдік қызметті ұйымдастыру туралы шешім;
- нақты міндеттерді орындау бойынша патрульдік қызметті ұйымдастыру туралы шешім.

Патрульдік-бекеттік қызметті ұйымдастыру туралы шешім келесідей қабылданады және ресімделеді:

- бір жылға — қоғамдық тәртіпті қорғауға полицияның күштері мен құралдарын кешенді пайдалану жоспары, қажет болған жағдайда түзетулер енгізіледі;
- айға (он күндікке) — ІӨ үшін қызметте жеке құрамды пайдалану жоспары;
- алдағы тәуліктерге — бекеттік ведомость;
- нақты міндеттерді орындау үшін — жазбаша түрдегі бұйрық, арнайы жоспар.

ПБ, АПБ бастықтарының шешімдері жедел жағдайды жан-жақты талдау және бағалау негізінде қабылданады:

---

<sup>67</sup> Организация деятельности строевых частей и подразделений патрульно-постовой службы милиции: Учеб. пос. — М.: Академия МВД СССР, 1986.

– қаланың, ауданның, транспорттық учаскенің географиялық, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері, халықтың көшіп-қонуы және басқа да демографиялық өзгерістер;

– жалпы тәртіптің және қылмыстылықтың жағдайы.

Патрульдік қызметті ұйымдастыру туралы шешімде төмендегілер қарастырылады:

– қалыптасқан жағдайға байланысты қалалық, аудандық органның жалпы міндеті;

– жеке құрамды орналастырудың және техникалық құралдарды бөлудің міндетті нормалары;

– патрульдік нарядтарды орналастыру;

– нарядтардың міндеттері;

– нарядтардың қызмет өткеру тәртібі және ерекшеліктері, олардың өзара және ПО басқа да қызметкерлерімен өзара әрекеттесуін ұйымдастыру;

– жағдайдың өзгеруі кезінде күштер мен құралдарды реттеу мүмкіндігі;

– нарядтармен байланыс жүйесі, ақпараттарды ұсыну мерзімі, белгілер мен шартты белгілер;

– патрульдік қызметті өткеруді бақылау тәртібі;

– ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша шаралар.

Шешім қабылдайтын органның немесе жетекшінің негізгі міндеті күштер мен құралдарды есепке ала отырып, оны анағұрлым жоғары деңгейде оңтайландыру болып табылады. Бұған көбінесе жүйелі тәсіл ықпал етеді. Жедел жағдайдың жайкүйі қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша басқару шешімін өңдей және қабылдау барысында маңызды рөлге ие. Сонымен қатар жедел жағдайды ескере отырып, қызмет көрсетілетін учаскеде күштер мен құралдарды орналастыруда сараланған тәсіл қалыптастырылады.

Басқару процесі кезеңдерінің бірінің элементі патрульдік нарядтарға нұсқамалық жүргізу болып табылады. Нұсқамалықтан полицияның патрульдік нарядтарының қызмет өткеруі басталады. Ол Ішкі істер министрлігінің ведомстволық актілері негізінде жүргізіледі. Қалалық, аудандық ішкі істер органдарында нұсқамалық және тексеріс жүргізу кестелері құрылады,

оған түрлі деңгейдегі қызмет жетекшілері қосылады. Нұсқамалықтарда аудан бойынша, қала бойынша және толығымен тәулік бойынша жедел жағдайға баға беріледі, алдағы ауысымдардың патрульдік нарядтардың жұмысы қысқаша бағаланады, құқықтар мен міндеттер, қару-жарақ пен арнайы құралдарды қолдану тәртібі ескертіледі, патрульдік қызметтің нарядтары жеке құрамының сыртқы тұлғалары тексеріледі. Сауатты жүргізілген нұсқамалық басқа да шаралармен қатар полицияның патрульдік нарядының қызмет өткеру сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Үлгі ретінде осы жұмыстың Қарағанды қаласының ПБ-де ұйымдастырылуын атап өтуге болады. Полицей нарядтарына нұсқамалық жүргізетін ПО бастықтары және басқа да жұмысшылар оған жан-жақты дайындалады, яғни жедел жағдайды терең талдайды, полицейлердің қиын жағдайлардағы әрекеттерін әзірлеу үшін нақты көрсетілген талаптар мен кіріспе міндеттері бар қажетті жазбалары болады.

Сұрау нәтижелері полицейлердің 63,5 % бөлімшелерінде жүргізілетін нұсқамалықтардың толық көлемді және сапалы орындалады деп көрсетсе, 35 % бұл пікірмен келіспейді және 1,5 % жауап беруден қиналды<sup>68</sup>. ПО бастықтары, біздің ойымызша, нұсқамалықтарды әкімшілік полиция қызметкерлерінің ПО басқа да қызметтерімен бірлесе отырып, жедел жағдайды және басқа маңызды факторларды талдау негізінде әрбір патрульдік нарядтың табысты қызмет өткеруі үшін қажетті мәліметтер жеткізіле отырып нұсқамалықты көрнекі түрде жүргізуі қажет.

Бұған қоса полицейлерді үлкен көлемді мәліметтермен жүктемеу қажет. нұсқамалықтың ұзақтығы 30 минуттан аспауы тиіс. Қызмет өткеру орнын ескере отырып, ақпараттарды таңдау арқылы жеткізіп отыру мақсатқа сай болмақ. Сонымен қатар қылмыстарды ашумен және қылмыскерлерді ұстаумен байланысты бағдарлауды тоқтату туралы да хабарлап отыру

---

<sup>68</sup> *Абеуов Е. Т.* Дис. ... канд. юрид. наук. — Правовые и организационные вопросы деятельности патрульной службы ОВД Республики Казахстан.



қажет. Егер нұсқамалық арнайы жабдықталған сыныптарда, қабырға газеттерін, карта-сызбаларды, макеттерді, проекциялық аппаратураларды пайдаланумен жүргізілсе, нұсқамалықтың тиімділігі едәуір артпақ. Мұндай жағдайларда жүргізілген нұсқамалық аз уақыт ішінде полицейлерге тек ашылмаған қылмыстар мен іздестірудегі тұлғалардың заты туралы ғана хабарлап қоймай, сондай-ақ бірқатар мәселелерді шешуге, ұсынғандар жасауға және жасалған қателіктерді жоюға да мүмкіндік береді.

Нұсқамалық сонымен қатар бір уақытта қызметкерлерді оқыту және де олардың қызметті өткеруге дайындығын тексеру нысаны болып табылады. Сондықтан да тек нұсқамалық жүргізу кестесін құрып қана қоймай, сондай-ақ олардың тиісті деңгейде жүргізілуін де бақылау қажет. Нұсқаулықтан ПО күштері мен құралдарының қоғамдық тәртіпті қорғауда және қылмыстылықпен күресуде өзара әрекеттесуін іске асырудың шынайы процесі басталады. Нұсқаулықты қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша қызметке кірісу туралы бұйрықты салтанатты түрде берумен аяқтау қажет.

Полицияның патрульдік нарядын тиімді басқарудың қажетті шарты үздіксіздік болып табылады. Ол ПО кезекші бөлімінің полицияның барлық нарядтарымен үздіксіз байланыста болумен, жедел жағдайды білумен, нарядтар арасындағы өзара әрекеттестікпен, қосымша міндеттерді уақытында қоюмен жүзеге асырылады. Сондықтан ПО бастықтары патрульдік нарядтарды басқару үшін қажетті кезекші бөлімдердің жұмысына, олардың техникалық тұрғыда жабдыкталуына, сонымен қатар құжаттамаларды жүргізудің сапалылығына ерекше көңіл бөлуі қажет (бірыңғай дислокация, бекеттік ведомосттар, байланыс сызбалары және т.б.).

Қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша қызметтің тиімділігін қамтамасыз етуде полицияның патрульдік нарядтарына кімнің және қалай тікелей басшылықты іске асыру фактісі үлкен маңызға ие. ПО кезекші бөлімдері қоғамдық тәртіпті күзетуде және қылмыстылықпен күресте патрульдік нарядтардың тәулік бойы пайдаланылуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар оларға тікелей функциялық міндеттеріне қарамастан, қалалық, аудан-

дық ішкі істер органдарының барлық нарядтарын орталықтандырылған жедел басқару міндеттері жүктелген (Қазақстан Республикасы ІІМ МКҚБ, ІІО арнайы мекемелері және жол полициясының патрульдік экипаждары).

Жедел басқару кезекші бөлімдер, бөлімшелер және нарядтар арасындағы тұрақты ақпараттың алмасуынсыз болмайды. Тіпті ең жақсы басқару шешімі егер уақытында оның барысы және нәтижелері туралы ақпарат алынбаса, қойылған мақсаттың нәтижелерін салыстырусыз, орындалған жоқ деп танылуы мүмкін.

Барлық жағдайларда ақпарат уақытында алынуы тиіс. В. Г. Афанасьев атап көрсеткендей, «басқару тәжірибесінде жағдаяттар орын алған, яғни қолда бар ақпарат тікелей қайнар көз және шешім қабылдау үшін негіз болып табылады. Алайда мұндай байланыс тек шешім тікелей ақпараттан алынса, тікелей ақпаратпен оқылса ғана орын алмақ»<sup>69</sup>. Мұндай ақпарат «кезекші бөлім — бөлімшелер мен патрульдік нарядтар» каналы бойынша жиі жүреді.

### **Өзін тексеру тапсырмалары мен сұрақтары**

1. Басқару ісінің түсінігін беріңіз.
2. Полицияның патрульдік нарядтарымен басқару ісінің мазмұнының мәнісін құрастырушы сатыларды атаңыз.
3. Басқарушылық шешімдердің негізгі нысандарын атаңыз.
4. Патрульдік-бекеттік қызметті ұйымдастыру туралы басқарушылық шешімнің түрлері.
5. Патрульдік қызметті ұйымдастыру туралы шешімде не қарастырылады.

---

<sup>69</sup> *Афанасьев В. Г.* Социальная информация и управление обществом. — М.: Полит. издат, 1975. — С. 56.

### **2.3. Кейбір ІІО озық тәжірибесі және патрульдік полицейлердің халықпен қарым-қатынасының ерекшеліктері**

Өткен бөлімде біз Қазақстан Республикасы ІІО қарастырылып отырған құрылымын жетілдірудің кей жолдарына тоқтай кету үшін патрульдік қызметтердің мазмұнын аштық.

Айтып өткеніміздей, біздің қоғамда ең маңызды болып азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, сонымен қатар қоғамдық орындарда құқықтық тәртіпті нығайту болып келді және болып қала береді. Бұл әсіресе әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өтпелі, яғни жұмыссыз азаматтардың саны ұлғайып, маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік сияқты теріс әрекеттер кең таралып, халықтың көшіп-қонуы көбейген кезеңдегі ел үшін өте өзекті. Қоғамдық қатынастарды реттеудегі басты рөл Қазақстан Республикасының ІІО-на тиесілі.

Қоғамдық қатынастар саласымен мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі саласы тығыз байланысты, оған мемлекеттің дамуы кезінде үлкен мән беріледі. Осылайша, «Қазақстан-2030» даму стратегиясында алғашқы ұзақ мерзімді басымдылық болып ұлттық қауіпсіздік анықталды<sup>70</sup>. Ол ішкі, сондай-ақ сыртқы қарым-қатынастар саласын қамтиды және мемлекеттің саяси, экономикалық жүйесін, оның тәуелсіздігін, территориялық тұтастығын және Республиканың әскери қуаттылығын қорғауды мақсат етеді. Қоғамдық тәртіпті жемісті қорғау ішкі қарым-қатынастар тұрғысынан қарағанда, әдеттегі жағдайларда, сондай-ақ қоғамдық өмірдің барлық саласында жоғары ұйымдастырушылық пен үйлесімділікті талап ететін төтенше жағдайларда да, ұлттық қауіпсіздік саласындағы мәселелерді де шешуге жағдай жасайды. Қоғамдық тыныштыққа қол салатын тәртіптің кері ұйымдастырылуы мемлекеттің қоғамдық қауіпсізді-

---

<sup>70</sup> **Назарбаев Н.Ә.** Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2030. Гүлдену, қауіпсіздік және барлық қазақстандықтардың тұрмысын жақсарту». — Алматы: Заңгер 2001.

гіне қауіп-қатер тудыруы мүмкін<sup>71</sup>. Елдің ішкі қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерге қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті бұзулар және басқалар жатады. Сондықтан патрульдік полицейлердің ішкі қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлерді жою жөніндегі қызметінің негізгі бағыттарына:

- патрульдік қызмет қызметкерлерінің қоғамдық тәртіпті қорғау мен қылмыстылықпен күресу жөніндегі тікелей міндеттерін тиімді жүзеге асыру бойынша шараларды;

- жаппай тәртіпсіздіктерге әкеп соғуы мүмкін жағдайларға бірден араласуды;

- әр түрлі апаттар кезінде адамдарды құтқару қызметін жүзеге асыратын басқа да органдармен (медициналық, авариялық, құтқару қызметтері және т.с.с.) өзара әрекеттесуді жатқызуға болады.

Тұлғаның құқықтары, заңды мүдделері, бостандығы, қауіпсіздігі — өзара байланысты және мызғымас ұғымдар, және олар қоғамдық қауіпсіздіктің негізін құрайды. Қоғамдық қауіпсіздік түсінігіне Қазақстан Республикасы азаматтары өмірінің, денсаулығы мен тұрмысының, сонымен қатар қазақстандық қоғам құндылықтарының зияны тиюі мүмкін қауіп-қатерлерден саяси-құқықтық, рухани-адамгершілік және әлеуметтік қорғалуы жатады<sup>72</sup>.

Қоғамдық тәртіп — қоғамның қажеттіліктеріне негізделген қоғамдық өмірдің тыныштығын, адамдардың еңбегі мен демалысы үшін, мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметі үшін қалыпты жағдайларды қамтамасыз етуді мақсат еткен, адамдардың қатынасы

---

<sup>71</sup> *Серегин А. В.* Советский общественный порядок и административно-правовые средства его укрепления. — М.: Академия МВД СССР, 1975.

<sup>72</sup> Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы. // Егемен Қазақстан 1998 жыл 28 маусым.

кезінде қоғамдық орындарда қалыптасатын қарым-қатынастардың әлеуметтік нормаларымен реттелген жүйе<sup>73</sup>.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы ІІМ және әкімшілік полиция басшылығы республикадағы патрульдік қызметтердің жұмысын ұйымдастыруды жақсарту мақсатында аз күш жұмсап жатқан жоқ. Мысалы, талдау, жоспарлау, күштер мен құралдарды тиімді орналастыру т.с.с. мәселелерді шешуге арналған кәсіби аппараттар құрылды. Олар патрульдік нарядтар жұмысының тиімділігін арттыру және үйлестіру бойынша басқарушылық функцияларды жүзеге асырады.

Қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша мәселелерді тиімді және мақсатты шешуге; патрульдік нарядтарға әрдайым бақылау жасауға; ПО әр түрлі қызметтерімен және бөлімшелерімен нақты әрекеттесуге; келіп түсетін ақпараттарға шұғыл әрекет етуге және т.с.с. мүмкіндік беретін жедел басқару орталықтары (әрі қарай ЖБО) құрыды. Қалаларда ЖБО құруға сұралғандардың 87,5% қосылса, 12,5 % оларсыз да мәселені шешуге болады деп есептейтінін атап өткен жөн<sup>74</sup>.

ЖБО қоғамдық тәртіпті қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде көптеген мәселелерді шешуге көмектеседі. Бірақ осындай орталықтар біраз қаржылық шығындарды қажет етеді және бүгінгі күні олар еліміздің бүкіл қалаларында жұмыс істейді. Осы орталықтың басты міндеті тұтас алғандағы ПО мен оның құрылымдық бөлімшелеріндегі барлық деңгейдегі жедел басқару субъектілерін басқаруды ұйымдастыру және ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады. ЖБО функцияларына орын алған жедел жағдайға талдау жасау, басқарушылық шешімдерді қабылдау, полицияның патрульдік қызметі күштерінің патрульдік нарядтарды жедел басқаруын қамтамасыз ету жатады.

---

<sup>73</sup> *Корнев А. П.* Административная деятельность ОВД: Учеб. пос. — М., 1999.

<sup>74</sup> *Абеуов Е. Т.* Дис. ... канд. юрид. наук. — Правовые и организационные вопросы деятельности патрульной службы ОВД Республики Казахстан.

Сонымен қатар, ПО күштері мен құралдарын кешенді пайдалану тәжірибесі олардың қалалардағы жұмысын ұйымдастырудың тиімді және тұрақты нысанын жасап шығарды. Олардың бірі, әрине, қоғамдық тәртіпті сақтауды патрульдік учаскелер принципі бойынша ұйымдастыру.

Патрульдік учаскелерді енгізумен тәртіпті нығайтуға және «Алдыңғы қатардағы патрульдік учаске» атағы үшін патрульдік қызмет бөлімшелері арасында жарыстар ұйымдастыруға мүмкіндіктер ұлғая түседі.

Қазақстан Республикасында 1997 жылдан бастап «Патрульдік учаске» әдісі бойынша қоғамдық тәртіпті сақтау жүзеге асырылуда. Бұл әдістің қарсыластары және жақтастары бар. 69 % респонденттер бұл әдіс бойынша ҚТҚ ұйымдастыру оңтайлы деп санайды. 27,5% сұралушылар бұл әдіске қарсы, ал 35 % сұралушылар жауап бере алмады<sup>75</sup>. Біздің ойымызша, «Патрульдік учаске» әдісі патрульдік полиция қызметі толықтай қаржымен қамтамасыз етілгенде ғана толық көлемде жұмыс жасайды. Бүгінгі күнгі жағдай бойынша, қала, аудан органдарда әр патрульдік учаскеге жақсы дегенде бір автокөліктен келеді және полиция патрульдік қызметінің ең аз жеке құрамы тиесілі. Сонымен қатар, полицейлер демалыста, оқуда болатынын ескерген жөн, патрульдік автокөліктер жиі бұзылады, орнына басқа автокөліктер жоқ. Осының нәтижесінде патрульдеу маршруттары «ашық» болып қала береді.

Сондай-ақ, тәжірибе көрсеткендей, кейде патрульдік учаскелерді енгізу барысында кездесетін, сол немесе басқа қаланың жағдайын елемеу, жедел жағдайдың жақсаруына жағдай жасамайды, тіпті ҚТҚ қызметінің көрсеткіштеріне теріс әсерін тигізеді. ПО қоғамдық тәртібін қорғау бойынша бұл жұмыстың нысанымен жақсы нәтижеге (көрсеткішке) қол жеткізу үшін полицияның нақты күші және қаражаты болу керек. Тиісінше, патрульдік учаскеге автопатрульдің бір экипажын және патрульдік полиция полицейлерінің тиісті санын бекіту қажет. Оларға қоғамдық тәртіпті қорғау және қызмет етуші патрульдік учаскеде қылмыстылықпен күрес бойынша негізгі жұмыс

---

<sup>75</sup> Бұл да сонда.

жүктеледі. Патрульдік жасақтардың тең дәрежеде толық жұмыс жасауы үшін қоғамдық тәртіпті қорғауға жұмылдырылған барлық қызметтердің жасақтарына басшылықты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін байланыс құралдарының болуы да шарт.

Полицияның күші мен қаражатын патрульдік учаскелерге бекітуге жедел жағдайды жан-жақты талдаудың негізінде өткізілуі қажет. Талдау жұмысы полиция жасақтарының нақты орында белгілі бір уақытта болу қажеттіліктерін анықтауды мақсат етеді. «Дәстүрлі» құқық бұзушылықтар жасалатын орындардан басқа (базарлар, қоғамдық көлік тоқтайтын аялдамалар және т.б.) тауарлы-материалдық құндылықтарды сақтау объектілерінің бар болуын және орналасуын ескерген жөн. Келесі маңызды мәселе, патрульдік учаскелердің орталығын анықтау болып табылады. Мұндай орталықтарға учаскелік полиция пункттері жатады. Онда патрульдік учаске бойынша құжаттамалар сақталуы тиіс. Патрульдік учаскенің табысты жұмыс атқаруы үшін үнемі патрульдік полиция қызметкерлерінің тобы бекітілген, яғни 6-12 полиция қызметкерлерінің құрамынан құралған бөлімше. Басқа қызметтер мен бөлімшелердің нарядтары мүмкіндігінше нақты патрульдік учаскелерде тұрақты негізде бекітіледі. Тек медициналық айықтырғыштар мен тұрақты мекенжайы жоқ тұлғаларға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтарының патрульдік учаскелеріне ғана қатыссыз, себебі, олар тұтас қалаға қызмет етеді және бірнеше патрульдік учаскелерді қамтиды. Әр патрульдік учаскеге аға инспекторлар және патрульдік учаскенің инспекторлары тағайындалады. Әдетте ішкі істер органдарының тәжірибесінде патрульдік учаскенің жұмысын сол учаске орналасқан учаскелік полиция пункттерінің инспекторлары басқарады және олар аймақтың ерекшеліктерін жақсы біледі. Мұндай патрульдік учаскелердің жұмысын ұйымдастыру өзін-өзі ақтайды. Қарағанды қаласы ПБ Октябрь ПБ-де ПО патрульдік қызметін және жұмысын ұйымдастырудың өзгеше тәсілі болды. Онда полиция бөлімінің барлық күші патрульдік учаскелер бойынша және учаскелік полиция пунктіне көзделген, яғни қылмыстық іздестіру тергеушілері мен жедел уәкілдері нақты аймақтарға бекітілген. Полиция бөлімінің орталығында тек басшылық,

кезекші бөлім, кадр бөлімі, шаруашылық бөлім орналасады. Полиция күшін басқару кезекші бөлім арқылы жүзеге асырылған. Біздің көзқарасымызша барлық полиция бөлімінің мұндай қызметін ұйымдастыру сеніп тапсырылған учаскедегі қоғамдық тәртіптің жағдайына жауапкершілік сезімін арттырады деп ойлаймыз. Сонымен қатар бірқатар кемшіліктері де бар: мысалы, қылмыстылығы жоғары бір учаскедегі ПО қызметкерлері құқықбұзушылық жағдайы төменірек көрші учаске қызметкерлеріне қарағанда жұмысбасты. Бұл жағдайдан шығу қиын емес: мысалы, жұмысбастылығы азырақ учаскедегі бос қызметкерлерді қылмыстылығы жоғары ауданға ауыстыру.

Тәжірибе көрсеткендей, азаматтардың оларға қатысты қылмыс жасалғаны туралы ПО-ға әр уақытта дер кезінде жүгінбейді. ПО тарапынан тиісті ақпараттық қолдаудың, сонымен қатар халықтың жоғары құқықтық мәдениетін қалыптастыру бойынша белсенді іс-әрекетінің жоқтығы азаматтарда заңның күші мен биліктің әділеттілігіне сенімсіздік туғызады. Сондықтан олардың көпшілігі өз бетінше қылмыскерлерді іздеуге тырысады, және өзінің дәрменсіздігін түсінгеннен кейін барып полицияға жүгінеді. Біз, егер де олар ПО-ға дер кезінде жүгінсе, қылмыстардың ашылу пайызы басқаша болатынына сенімдіміз. Азаматтардың өздерінің қауіпсіздігіне деген осындай қарым-қатынасын өзгерту, азаматтық жауапкершілік сезімін ояту, бейжайлықпен және қатыгездікпен күресу — аса маңызды міндеттер, оларды шешу көп жағдайда қоғамдық орындарда қылмыстылықтың етек жаюымен тиімді күресуге мүмкіндік береді. Бұл мәселелерді шешу үшін біздің ойымызша халықпен кездесулер өткізу, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы азаматтардың назарына ұсыну, жарнаманың мүмкіндіктерін пайдалану және т.с.с. қажет. Бұл шаралар патрульдік қызмет полицейлерінің беделін көтеруге көмектесер еді, және түбінде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына деген сенімді оятар еді.

Полицияның патрульдік нарядтарының азаматтармен араласуы негізінен әкімшілік қызметті жүзеге асыру кезінде іске асырылады, атап айтқанда, ел заңнамасына, оның ішінде «Әкімшілік шаралар туралы» Қазақстан Республикасының



2000 жылғы 27-қарашадағы Заңына сәйкес әкімшілік қадағалау және әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану кезінде<sup>76</sup>. Полицей азаматтарды бақылау кезінде құқыққа қарсы әрекеттерді анықтаған жағдайда олардың алдын алады, жояды, ал қажетті жағдайларды құқық бұзушыға моральдық немесе әкімшілік ықпал ету шараларын қолданады. Қарым-қатынас кезінде полицей, ең алдымен азаматтарды «Заңның атымен» деген сөздер арқылы құқыққа қарсы әрекеттерді жасаудан сақтандырады<sup>77</sup>. Олардың теріс қылықтарын түсіндіру кезіндегі полициямен кәсіби қарым-қатынас жасау барысында азаматтардың психикалық және физикалық қол сұқпаушылығы заңмен кепілдендіріледі. Құқық бұзушының заңсыз әрекеттерін алдын алу және жою бойынша қабылданған шаралардың тиімділігі полицейлердің азаматтармен араласа білуіне байланысты.

Кәсіби араласа білу — ПО қызметкерлерінің кәсіби дайындығының қажетті бөлшегі. Онда азаматтың тұлғасында, құқық қорғау жағдайында, кәсіби араласудың құралдары мен тәсілдерінде кәсіби бағдарлану туралы білімдер жүзеге асады; дәл осы білімдер халықпен тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін дағдыларды қалыптастырады.

А. А. Бодалев араласу процесі тиімді болу үшін:

- өзге адамдарды тани білуді және олардың психологиясын дұрыс бағалауды;
- олардың тәртібі мен жағдайына саналы түрде эмоционалды көмек көрсетуді;
- әңгімелесушілердің әрқайсысына қатысты моральдық талаптардан алшақ кетпейтін, олардың жеке ерекшеліктеріне жауап беретін араласу тәсілін таңдай білуді үйренуге тиіс деп санайды<sup>78</sup>.

---

<sup>76</sup> Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңы. // Егемен Қазақстан 2000 29 қараша.

<sup>77</sup> Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы «Ішкі істер органдары туралы» Заңы. // Егемен Қазақстан 1995 жыл 27 желтоқсан.

<sup>78</sup> **Бодалев А. А.** Общение и формирование личности // Социальная психология личности. — М., 1979.

Полицейдің құқық бұзушымен араласуында жасалған құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілігінің дәрежесі анықтаушы жағдай болып табылады. Д. Д. Ильин, Л. М. Колоткин және А. П. Корнев араласудың мазмұнына, сипатына және құрылымына әсер ететін келесідей құқық бұзушылық дәрежелерін бөліп көрсетеді:

– маңызы шамалы құқық бұзушылықтар, оларды шешу немесе рәсімдеу сол орында жүзеге асырылады;

– құқық бұзушыны міндетті түрде ішкі істер бөліміне жеткізуге, сонымен қатар куәгерлерді анықтауға әкеп соғатын қоғамдық қауіпті құқық бұзушылықтар;

– қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатын құқық бұзушылықтар<sup>79</sup>.

Азаматтардың, көптеген мәселелер, оның ішінде көмек көрсету, жәрдемдесу, ауызша анықтамалар алу бойынша полицейлермен күн сайын араласуы, ПО қызметкерлерінің халықпен араласуында теріс көріністердің жоқтығын куәландырады.

Полицейлердің қылмыстар туралы хабарлаушы азаматтармен кәсіби араласуы қарым-қатынастың ерекше түрі болып табылады. С. И. Бражник олардың арасында:

– құқық қорғау нормаларының бұзылуына еш қатысы жоқ, жеке мәселелері бойынша жүгінетін азаматтардың;

– патрульдеу маршрутының ауданында тұратын, қандай да бір себептермен милицияның назарына ілігіп қалған азаматтардың;

– кәсіпорындар мен мекемелердің лауазымды тұлғаларының<sup>80</sup>;

– куәгерлер мен жәбірленушілердің;

– полицейлер құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу, жою үшін өзара әрекеттесетін азаматтарды қоса отырып, полицейлердің қарым-қатынас шеңберін кеңейте түсуге болады.

---

<sup>79</sup> *Ильин Д. Д., Колоткин Л. М., Корнев А. П.* Правовые и тактические основы охраны общественного порядка работниками милиции. — М.: МВШМ МВД СССР, 1984.

<sup>80</sup> *Бражник С. И.* Профессиональная этика милицейской службы. — Киев: КВШ МВД СССР, 1979.

А. В. Серегиннің айтуынша, ПО қызметкерлері белгілі бір құпиялылық және әлеуметтік бақылау механизмінің әлсіреуі жағдайларында қарым-қатынас жасай отырып, заңға қайшы әрекеттер жасайтын жекелеген азаматтарда бұзылған, бүлінген мұқтаждықтардың пайда болуына жағдай жасайды<sup>81</sup>. Осының салдарынан қақтығыстық жағдайлар туындайды, бұл жағдайда полиция нарядтары жағдайды дұрыс бағалап, оның қауіптілік дәрежесін анықтауға тиіс. Құқық қорғау әрекетіндегі кей жағдайларда полиция нарядтары болып жатқан қақтығыстық жағдайларға араласады, оны шешу арнайы дайындықты қажет етеді.

Сол жерде тұрған азаматтардың патрульдік полицейлердің іс-әрекеті мен қимылына білдіретін қарсы әрекеті (реакциясы) құқық бұзушыны тұтқынға алу және бөлімге жеткізу туралы шешім қабылдау кезінде өте маңызды. Егер де оқиға туындаған мезетте құқық бұзушыны қамау мүмкін болмаса, ыңғайлырақ уақытта тұтқынға алу үшін оның жеке басын анықтаумен шектелген жөн. Жекелеген жағдайларда осы кезде туындайтын қоғамдық-психологиялық қарым-қатынас ахуалы құқық қорғау міндеттерін шешуге жағдай жасаса, кейде — жедел жағдайларды күрделендіруге ықпал жасайды. Сондықтан, осындай жағдайлардағы полицейлердің іс-әрекеті (олардың қаталдығы мен табандылығы жағдайында да) айналасындағы адамдарға түсінікті, әрі әділетті болып көрінуге тиіс.

В. В. Лазаревтің пікірінше, кәсіби қарым-қатынасты сипаттайтын маңызды жағдай болып ПО қызметкері өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде кез келген жағдайда, тіпті бірін-бірі жақтырмайтын жағдайда да азаматтармен қарым-қатынасты орнатуға міндетті. Бұл кездегі құқық қолдану шаралары ішкі көңіл-күйді жоғары қаныққандығына қарамастан сырттай әділдігімен ерекшеленеді<sup>82</sup>.

---

<sup>81</sup> *Серегин А. В.* Внеколлективное поведение и общественный порядок (организационно-правовые и социально-психологические факторы). — М.: Академия МВД СССР, 1980.

<sup>82</sup> *Лазарев В. В.* Социально-психологические аспекты применения права. — Казань: Казанский ун-т, 1982.

Патрульдік қызмет полицейлерінің азаматтармен кәсіби қарым-қатынасының маңызды аспектілерін ашып көрсеттік.

Полицейдің осылайша азаматтармен араласа білуі патрульдік қызметті тиімді жүзеге асыруда үлкен маңызы бар.

Ауылдық жерлердегі қоғамдық тәртіпті қорғауды ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі бар. Әдеттегідей, ол жерде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші патрульдік қызмет бөлімшелері жоқ. Ауылдық жерлерде қоғамдық тәртіпті тек учаскелік полиция инспекторлары мен кейінгі уақыттан бері учаскелік полиция инспекторларының көмекшілері қамтамасыз етеді<sup>83</sup>. Және қазіргі кезде көптеген жерлерде құқық бұзушылықтар санының өсуі байқалады<sup>84</sup>. Халықтың құқық бұзушылықпен күресінің әлеуметтік белсенділігі тез төмендеді және бұрыннан келе жатқан полицияның халықпен жан-жақты байланысы жойылды. Ауылдық жерлерде патрульдік қызметтің арнайы күшінің жойылуын ескере отырып, ПО басшылығы мен мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары қоғамдық құрылымдарды құруға үлкен көңіл бөлуде. Осы қызметті материалдық ынталандыру барысында, көшелерді патрульдеу үшін ҚТҰ-ға қоғамдық құрылымдарды және қоғамдық күштің еркін түрдегі бастауын құруға тарту-біздің елдегі қылмыспен күрес бағдарламасының міндеттері<sup>85</sup>.

Кейбір ПБ-де ауылдық жерлерде қоғамдық күштермен қоғамдық тәртіпті қорғауды ұйымдастыру бойынша жақсы тәжірибе бар. Мысалы: Алматы облысында қоғамдық күштердің еркін сарбаздар атты отряды құрылған. Тәжірибе көрсеткендей, ауылды елді мекендерде көшелерді кезекпен патрульдеуді жүзеге асыратын учаскелік полиция инспекторына көмекке келетін қоғамдық күштер бар өңірлерде қоғамдық тәртіпті

---

<sup>83</sup> Қазақстан Республикасының ІІМ 2010 ж 23 маусымдағы № 282 «Ішкі істер органдарының учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі ережені бекіту туралы» Бұйрығы. — Астана, 2004.

<sup>84</sup> 2010 жылғы Қарағанды облысының ПД КАБ статистикалық мәліметтері.

<sup>85</sup> САПП. — 2000. — № 44-45. — С. 538.

қорғау табысты ұйымдастырылады. Бұл ауылдық округтердің халқы аз болып келеді және олар бір-бірін жақсы біледі, сондықтан олардың қатарынан шыққан жасақшылар құқық тәртібін қорғау бойынша қойылған тапсырмаларды оңай орындайды. Әдеттегідей жасақшылардың жұмысын ынталандыру үшін қаржыны бөлетін жергілікті мемлекеттік басқару органдары қоғамдық құрылымдарды ұйымдастыру бойынша үлкен көмек көрсетеді. Бүгінгі күні ІІО тәжірибесі полициямен қоғамның өзара іс-қимылының әртүрлі нысанын әзірледі, сонымен қатар:

- бірлесіп патрульдеу;
- нұсқау бері өткізу;
- бірлескен рейдтерге, операцияларға қатысу;
- ақпарат алмасу;
- құқық бұзушылықтармен күрес нысандарына және әдістеріне оқыту;
- алдын алуға, бұзушылықтардың жолын кесу мен құқық бұзушылықтарды ұстауға көмек көрсету<sup>86</sup>.

Қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етуші учаскелік полиция инспекторы осы елді мекенде қоғамдық тәртіпті қорғауды ұйымдастырудың басты фигурасы болып табылады. Алайда учаскелік полиция инспекторы тек ауылды жерлердегі патрульдеуді ұйымдастыруға ғана емес, сондай-ақ қалалардағы патрульді полиция нарядтарының мақсатқа сай жұмысын қамтамасыз етуі қажет.

Патрульдік нарядтардың қызметін жетілдіру, патрульдік учаскелерді көбейту, полиция қызметкерлері мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін, қоғамдық құрылымдарды, қызметтік жануарларды қоғамдық тәртіпті қорғауға кешенді шақыру бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен қабылданған шаралар көше қылмыстылығына қарсы күресті бірнеше қарқындатқанын атап өту қажет.

Кейбір облыстарда (Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан және т.б.) патрульдік қызмет жеке құрамының қызметтік дайындығы тиісті деңгейде ұйымдастырылмаған, оқиға болған жерлер-

---

<sup>86</sup> Организация охраны общественного порядка по системе «КВАДРАТ»: Учеб. пос. — М.: Академия МВД СССР, 1979.

де іс-әрекеттерін жеткілікті кәсіби деңгейде көрсете алмайды, стандарттан тыс жағдайларда сасқалақтап қалады, құқық бұзушылармен болған жайды талқылау барысында қате шешімдер қабылдайды. Патрульдік қызметтің әр қызметкерінің жұмысын бағалау және тиісті есебі қамтамасыз етілмейді, қоғамдық тәртіпті қорғауға ішкі істер органдарының барлық бөлімшелерінің қосатын үлесі талданбайды.

Полиция қызметкерлерінің заңдылықты бұзу және қылмыс жасауларының саны, оның ішінде патрульдік жасақтардың жұмысына ПМ, ПД, КПД, қалалық, желілік, аудандық органдардың тарапынан бақылаудың әлсіреуінің салдарынан ағымдағы жылы 15%-ға өсті. Азаматтардың өтініштерінде полиция қызметкерлерінің паракорлық пен дөрекілік, құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша шаралар қолданбау, оларға жүгінген азаматтарға көмек көрсетпеу жағдайлары жиірек көрсетілуде.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, полицияның патрульдік қызметі ПО әкімшілік полиция және мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары жүйесінде үлкен рөл атқаратынын атап өткен жөн. «Алдыңғы» сапта бола тұрып, патрульдік қызмет жасақтары құқық бұзушылармен бірінші болып беттеседі. Көптеген қылмыстарды олар «ізін суытпай» ашады, ал іс жүргізу құжаттарын сауатты толтыру тергеу және анықтау бойынша жасалатын жұмыстарды көп жеңілдетеді.

### **Өзін тексеру тапсырмалары мен сұрақтары**

1. Ішкі қауіпсіздіктің қауіп-қатерін жою бойынша полицияның
2. патрульдік бекеттік қызметінің негізгі бағыттарын атаңыз.
3. ПО жедел басқару орталықтарының негізгі функцияларын атаңыз.
4. ПО озық тәжірибесіне сипаттама беріңіз.
5. Қарым қатынастың құрылымына, сипатына және мазмұнына әсер ететін құқық бұзушылықтардың негізгі дәрежелерін атаңыз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Патрульдік қызмет жұмысының шетелдік және отандық тәжірибесін зерделеу, аталған қызметті ұйымдастырудың негізгі сипаттамаларын, оның құқықтық реттелуін талдау, қалыптасқан жағдайдың жағымды және жағымсыз жақтарын бағалай келе бірқатар қорытындылар мен ұсынымдар жасауға мүмкіндік береді. Олар осы оқу құралының тиісті бөлімдері мен бөлімшелерінде өзінің көрінісін тапты.

Қоғамдық қауіпсіздік әртүрлі жақтарынан анықталады. Осы анықтамаларды талдай келе, осы терминнің мазмұнын ашатын екі негізгі белгі бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

а) қоғамдық қауіпсіздік — құқық нормаларымен қорғалатын қоғамдық қатынастардың жиынтығы;

б) осы қатынастардың жүзеге асырылуы жоғары қауіптіліктің көздерімен негізделеді.

Қоғамдық қауіпсіздіктің негізгі белгілеріне төмендегілерді жатқызуға болады:

а) қоғамдық қауіпсіздік жоғары қауіптіліктің көздері бар міндетті звено, қоғамдық қатынастардың жүйесі болып табылады;

б) жоғары қауіптілік адаммен толықтай бақылана алмайтын табиғаттың күштері (су тасқындары, жер сілкіністері, өрттер және тағы басқалар) арқылы, сондай-ақ нақты тұлғалардың әрекеттерімен де көрінуі мүмкін. Бұл тұлғалар, тәртіп бойынша, өздерінің әрекеттері негізінде туындайтын немесе туындауы мүмкін салдардың (көліктегі апаттар, өндірістегі жазатайым оқиғалар және тағы басқалары) болуын қаламайды;

в) қоғамдық қауіпсіздік құқықтың түрлі салаларының нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастардың белгілі бір жүйесі болып табылады.

Қоғамдық қауіпсіздік ретінде құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастардың жүйесі ретінде түсіну қажет, оның мақсаты адамдардың өмірі мен бостандығына, оның құқықтары мен заңды мүдделеріне, сонымен қатар материалдық

құндылықтарына қауіп төндіретін жоғары қауіптілік көздерінің туындау мүмкіндігін жою болып табылады.

Қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу — бұл олардың себептері мен жағдайларын анықтауға және жоюға бағытталған немесе оның әрекеттерін әлсірететін және соның негізінде аталған қоғамға қарсы құбылыстармен күрес жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін; солардың жақтарынан туындайтын әлеуметке қарсы құбылыстарды болдырмау мақсатында құқық бұзушылыққа бейім тұлғаларға ескерту – алдын алу бойынша ықпал ету әрекеттерін көрсетуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралардың жүйесі.

Полицияның патрульдік қызметінің құқықтық, демократиялық мемлекетте алатын әлеуметтік рөлін анықтайтын және аталған қызметтің функциялары туралы мәселені шешу барысында жүйе құратын фактор ретінде орын алатын негізгі белгілері қызметінің жариялылығы немесе қоғамдық орындарда әрекет ету мүмкіндігі болып табылады.

Полицияның патрульдік қызметінің құқық қорғау қызметі мемлекеттің құқықтық нормалар талаптарының орындалуын қамтамасыз ету, заңдылық пен барлығының заң алдындағы теңдігі принципін мүлтіксіз іске асыру мақсатында қылмыстарға, әкімшілік құқық бұзушылықтарға, олардың себептері мен салдарына, сонымен қатар басқа да құқыққа қарсы құбылыстарға белсенді билік жүргізу қатынасының нысаны болып табылады.

Осылайша, полицияның патрульдік қызметі мәжбүрлеу шараларын қолдану құқығына ие азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің меншіктерін, мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғауға бағытталған Қазақстан Республикасы ІІО әкімшілік полициясының құрылымдық ажырамас бөлімшесі болып табылады. Ол Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әкімшілік полициясы жүйесінде тікелей бағынышты бола отырып, мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына есеп береді және бақылауында болады, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған



## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b>	<b>3</b>
<b>1. ПО ПАТРУЛЬДІК-БЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ</b>	<b>6</b>
1.1. Патрульдік-бекеттік қызметтің Қазақстан Республикасы ПО әкімшілік полициясы жүйесіндегі алатын орны және рөлі	6
1. 2. Полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің міндеттері мен функциялары	26
<b>2. ПОЛИЦИЯНЫҢ ПАТРУЛЬДІ-БЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ</b>	<b>53</b>
2. 1. Полицияның патрульдік-бекеттік қызметінің жұмысын құқықтық реттеудің мәселелері	53
2.2. Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша патрульдік қызметтің жұмысын ұйымдастырудың мазмұны	69
2.3. Кейбір ПО озық тәжірибесі және патрульдік полицейлердің халықпен қарым-қатынасының ерекшеліктері	82
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	<b>94</b>

*Е. Т.Әбеуов*  
*Е. Т. Қалықов*

# **ПОЛИЦИЯНЫҢ ПАТРУЛЬДІК-БЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ**

Оқу құралы

Редакторы *Ә. Д. Тұрғанбеков*  
Техникалық редакторы *Г. Қ. Омарова*

Теруге 20. 01. 2012 ж. берілді. Басуға 16. 02. 2012 ж. қол қойылды.

Қалыбы 60x84<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қағазы офсеттік.

Басу тәсілі ризографиялық. Шартты баспа табағы 6

Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 1531

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу және  
редакциялық-баспа жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі.

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы  
Қарағанды академиясының 2012 жылғы ведомстволық  
әдебиеттер шығару тақырыптық жоспарының № 22 позициясы.

ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының  
баспаханасында басылды.

Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124